

ОҚУ КИТАБИ

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТИҢ
4-СЫНЫБЫНА АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚ

*Ўзбекистан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен*

Төртінші басылымы

УЎК: 811.512.133(075)

КБК 81.2 Қаз-93

О-52

М. ОМАРҰЛЫ, Ә. ИСАБАЕВ,
Т. ҚАЛДЫБАЕВ, Е. АБДУВАЛИТОВ

Ассалаумағалейкум, қымбатты оқушылар!

Сендер — тәуелсіз Өзбекстан мемлекетінің азаматысыңдар. Егеменді еліміздің бақыты, болашағы да сендер болып табыласыңдар. Жақсы қасиет, білім — бәрі кітапта екенін жақсы түсінесіңдер. Қазақ тілі — біздің анамыздың тілі, әкеміздің тілі, халқымыздың тілі. Ал бұл тілді үйрену, қадірлеп, қастерлеу — сендердің де перзенттік борыштарың.

Қолдарыңдағы кітапты жырtpай, кірлетпей, сызып тастамай, көздің қарашығындай сақтаңдар.

Пікір жазғандар: педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Сафо Матчанов;

Қыбырай ауданына қарасты 38-мектептің оқытушысы **Ұлтай Райысова.**

Өзіндік (практикалық) тапсырмалар:

 — Тақырыптар

 — Сұрақтар мен тапсырмалар

**Республикалық мақсатты кітап қоры қаражаттары
есебінен жалға беру үшін басылды.**

ISBN 978-9943-01-085-7

© «O‘ZBEKISTON», 2004 ж.

© «O‘ZBEKISTON» БПШҮ, 2007, 2011, 2013

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТИК ЭНУРАНЫ

Өнін жазған МУТАЛ БУРХАНОВ
Сөзін жазған АБДУЛЛА АРИПОВ

Серқуёш, ҳур ўлкам, элга бахт, нажот,
Сен ўзинг дўстларга йўлдош меҳрибон!
Яшнагай то обод илму фан ижод,
Шухратинг порласин токи бор жаҳон!

НАҚОРАТ:

Олтин бу водийлар — жон Ўзбекистон,
Аждодлар мардона руҳи сенга ёр!
Улуғ халқ қудрати жўш урган замон,
Оламини маҳлиё айлаган диёр!

Бағри кенг ўзбекнинг ўчмас иймони,
Эркин ёш авлодлар сенга зўр қанот!
Истиқлол машъали, тинчлик посбони,
Хақсевар она юрт, мангу бўл обод!

НАҚОРАТ:

Олтин бу водийлар — жон Ўзбекистон,
Аждодлар мардона руҳи сенга ёр!
Улуғ халқ қудрати жўш урган замон,
Оламини маҳлиё айлаган диёр!

Энуранды жаттап алындар.

ДӘУЛЕТТІ ЕЛІМ – СӘУЛЕТТІ ЕЛІМ



Ақан Рахманұлы

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ

Балалар, сендер әрбір мемлекеттің өз аты болатынын жақсы білесіңдер. Ол адамның аты сияқты сол мемлекетті өзге елдерден ерекшелендіріп тұрады.

Қалыптасқан дәстүрге сәйкес мемлекеттің аты ғана емес, сонымен қатар оның өзіне ғана тән ресми белгілері, яғни рәміздері де болады. Олар: мемлекеттік ту, елтаңба (герб) және әнұран (гимн).

Мемлекетіміздің жалауы Өзбекстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 18 қарашадағы кезектен тыс VII сессиясында қабылданды. Ол үш түстен: көгілдір, ақ және жасыл түстен тұрады.

Жалаудағы көгілдір түс — көк аспан мен тұнық судың белгісі. Тіршіліктің мазмұнын бейнелейтін бұл түс жақсылықты, адалдықты, атақ-даңқ пен болашаққа сенімділікті білдіреді.

Ақ түс — бейбітшілік пен тазалықтың, пәктік пен сафтықтың белгісі. Ол жас тәуелсіз мемлекет өзінің даму жолында биік асулардан өтуі керек, сол асулы жолдар жарық та кіршіксіз болсын дегенді аңғартады.

Жасыл түс — таңғажайып табиғатымыздың бейнесі, ұлан-байтақ құнарлы егістіктерге, жасампаздық пен ауқаттылық деген ишара.

Қызыл жолақтар — әрбір тірі ағзаға өмір нәрін беретін күштің, тұла бойымызда тасқындаған құдіретті қанның рәмізі.

Жаңа туған жарты ай — Өзбекстан халқының сан ғасырлық тарихи дәстүрлерімен үндесіп тұр, ол — қол жеткізілген тәуелсіздігіміздің белгісі.

Жалауда көптеген мұсылман мемлекеттерінің жалауларындағы сияқты 12 жұлдыз да бар, олар өркендеу және даму рәмізі болып табылады.

Мемлекеттік жалау ресми кеңселердің, мекемелер мен ұйымдардың ғимараттарына, шетелдердегі елшіліктер мен консулдықтарда, кемелерде тағы басқа жерлерде ілінеді.

Мемлекеттік Елтаңба Республика Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 2 шілдеде өткен X сессиясында қабылданғанын әрбір мектеп оқушысы білуге тиіс.

«Елтаңба», яғни «герб» сөзі неміс тілінен алынған. Оның ең алғашқы үлгілері қасиетті жануарлар түрінде ертедегі адамдардың рулық, тайпалық рәміздік белгілерінде кездеседі. Бертін келе гербтер мемлекеттік эмблема ретінде жалауға, қалқанға және ақшаға түсірілген.

Еліміздің ең таңдаулы суретшілері жасаған мемлекеттік елтаңбамызда алтын шапақты күн шұғыласына бөленіп тұрған гүлденген дала бейнеленген. Ол оң жағынан—бидай масақтарынан, сол жағынан—енді ашыла бастаған мақта шанағынан өрілген көк, ақ және жасыл таспалы венкпен көмкерілген.

Елтаңбаның жоғарғы бөлігінде республика халықтары бірлігінің рәмізі—сегізбұрыш бар. Оның ортасына мұсылман әлемінің қасиетті белгісі болып саналатын жарты ай мен жұлдыз орналасқан.

Елтаңбаның қақ ортасынан аңыздық Жалынқұстың (тауыс)—бақыттың, игілік пен батырлықтың рәмізін көреміз.

Бұл рәміздердің барлығы да халқымыздың бейбітшілік, бақытты өмір, молшылық жолындағы үміт-армандарын бейнелейді.

Тәуелсіз Өзбекстан Республикасының мемлекеттік әнұраны 1992 жылғы 10 желтоқсанда бекітілді.

Өзбекстанның халық ақыны Абдулла Арипов еліміздің таңғажайып табиғаты мен жанқияр адамдары туралы өлең жазды, ал атақты сазгер Мутал Бурханов оған тамаша ән шығарды. Қос таланттың туындысы бізге сенім мен жігер беріп, болашаққа жетелейтін әнұранға, яғни гимнге айналды.

Дүние жүзінің халықтары мемлекеттік рәміздерге үлкен құрметпен қарайды. Ал бұндай рәміздерге құрметсіздік білдіру қылмысты жауапкершілік ретінде қарастырылады.

Балалар, сендер де мемлекеттік рәміздерді құрметтеңдер. Олар—біздің мақтанышымыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мемлекеттік рәміздерге нелер жатады?
2. Өзбекстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің қашан қабылданғанын дәптеріңе жазып ал.
3. Рәміздерді жеке-жеке сипаттай аласың ба?
4. Сен тұрған қаланың немесе ауылдың рәмізі немесе оның ерекшелендіріп тұратын белгісі бар ма?
5. Жергілікті бірер кәсіпорынның, зауыт-фабриканың эмблемасын тауып, суретін сал.

Мекембай Омарұлы

ОТАН ТУЫ

Тереңдікті ұқтырған
Тербелсе де көлім бір.
Төрімізде нық тұрған
Отан туы көгілдір.

Көгілдір өзен құлшынып,
Асулардан асқан ба?
Тұрса-дағы күн шығып,
Көгілдір ғой аспан да.

Аспандағы ақ құсы—
Мәрттігінің белгісі.
Ақ мақтадай ақ түсі—
Пәктігінің белгісі.

Дүние бөлеп арманға,
Қызу еңбек қайнаған.
Тау мен тас та, орман да
Жасыл түспен жайнаған.

Қызыл гүл боп құшағы,
Көкте құстар ұшады.
Жарылқап тұрған жаңа ай—
Тәуелсіздік нышаны.

Еліңді бастап ертеңге,
Көкке тұрсың тиіп те.
Бүгін-дағы, ертең де
Желбіре, туым, биікте!

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мемлекеттік тудың қандай ерекшеліктерін білесіңдер?
2. «Ақ мақтадай ақ түсі—
Пәктігінің белгісі», деген өлең жолдарынан нені
ұқтыңдар?
3. Өлеңді жаттап алыңдар.

МЕРЕЙІҢ ҮСТЕМ БОЛҒАЙ, ТУҒАН ЕЛ!

Той бүгін, той бүгін, ұлы той бүгін! 1991 жылдың 31 тамызы! Қуан, Егеменді елдің ерлері! Шаттан, шапағатты жұрттың жұртшылығы!

Бүгін—Азаттық, Бостандық, Еркіндік атты шыңдарға шыққан күн! Бүгін—Егемендіктің алтын нұры басымызға сәулесін шашқан күн! Ойна-күл, асыр сал, отандастар, дүбіріңді дүние естіп, шаттығыңды әлем тамашаласын!

Бүгін той, бүгін той, думанды той бүгін! Бүгін—адал еңбектің жемістерін көрсететін күн! Бүгін—өділет туын жоғары көтерген ұлыстың, достық қадірін аса ардақтайтын елдің, тыныштықты қас-терлеп, адал еңбекті биік бағалайтын халықтың үлкен тойы! Ойна-күл, асыр сал, отандастарым, дүбіріңді жалпы жаһан естіп, шаттығыңды дүние тамсана тамашаласын!

Тойың тойға ұласып, қуанышқа қуаныш қосылып, алтын топырағыңа құт-береке қонып, халқың бақытқа кенелсін! О, туған жер, алтын бесік—өскен елім!..

Осындай қуанышты күндерде басып өткен жолға бір қайырылып, назар салудың пайдасы көп. Өткеннің жаманынан жиреніп, жақсысынан өнеге алу, үйрену, ғибраттану да үлкен сабақ, тәлімі мол дәріс, ерекше сауапты жұмыс екені даусыз.

Тарих деген ұшы-қиыры жоқ орманға үңіле түссек, бостандық, еркіндік, азаттық деп өткен елдерді, осы жолда құрбан болған ерлерді көп

кездестіреміз. Бостандыққа қол жеткізу оңай шаруа емес екендігін пайымдаймыз. Азаттыққа қол жеткізу жолында мол шығынға ұшыраған, сансыз құрбандар беріп, «тар жол, тайғақ кешулерден» өткен, қорлық пен құлдыққа қарсы күресіп, басынан ауыр күндерді көп өткізген халықтарды көреміз. Отан, ар-намыс, азаттық үшін күресіп, шейіт кеткен ерлерді көп кездестіреміз...

Тып-типыл болған қалалар, отқа жағылған кітаптар, дария болып аққан қандар, көз жастарды ойлап, жүректер зырқырайды, өзектер өртенеді. Өте ауыр кезеңдер, тым қиын замандар, азабы көп дәуірлер көз алдымыздан өтеді. Беті аулақ ол күндердің! Ол нәубеттер енді қайталанбасын!

Өткенді, тарихты білмеу — бүгінді білмеуге, жаңаның қадірін түсінбеуге әкеп соғары табиғи хал. Басымызды тұман, көңілімізді күмән, көзімізді шел қаптағаны осы тарихты, өз тарихымызды білмеудің салдарынан болып отырғанын жұрт жақсы түсіне бастағаны анық. Басқа елдер, басқа халықтар тарихын білу өте жақсы, ал өз тарихыңды білу одан да жақсы! Егемендік сол тұманды, күмәнді сырып, көздегі шелді сылып тастады.

Егемендік! Осы қасиетті, бір ауыз сөз үшін ата-бабалар темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанша қаһармандарша күресіп, жан беріп, жан алғанына тарих парақтары куәлік берері анық-ақ.

Тарих қойнауларынан Спитамен, Шырақ, Мұқанна, Махмұт Тараби (Тараби), Жәләлиддин Мәңгіберді, Темір Мәлік, Әмір Темірлер қатар түзеп өткеніне

жанарыңыз ауады. Осы көрініске назарыңыз түскенде, көкіректе мақтаныш сезімі оянып, осындай қаһармандар жеткізген алтын топыраққа еріксіз бас иесің.

Егемендік үлкен табыстарға қол жеткізіп отыр. Мұны: «Көрмеген көздер көр, есітпеген құлақтар керең, сезбеген жүректер жансыз», — деп айтуға әбден болады. Өнеркәсіп дамып, ауыл шаруашылығы өркендей түсуде. Ірі құрылыстар әлі-ақ жемісін берері анық, алды жемісін берді де.

Ана мен балаға, зейнеткерлерге, денсаулықты сақтау, жалпы бұқараға көрсетіліп отырған қамқорлық — егеменділіктің шарапаты, бостандықтың игілігі, азаттықтың жемісі.

Елімізде не көп, той көп. Бұл нені көрсетеді? Бұл тоқтықтың белгісі, бұл байлықтың, бұл жомарттықтың, бұл баянды тыныштықтың белгісі! Бірлік-берекенің рәмізі!

Әмір Темір, Әлішер Науаи секілді ұлы тұлғалардан өрнек алып, ел басқаратын азаматтары мен тыныштық, денсаулық, бірлік сұрайтын қариялары бар жұрт, әдепті де ибалы қыз-келіншектері бар ұлыс, қажырлы да қайратты жастары бар өлке, адал еңбек етуден жалықпайтын еңбекші бұқарасы бар аймақ, мейір-шапағат, қайырымды халқы бар мемлекет бай, құдіретті, күшті, абыройлы, мәртебесі биік болары хақ.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тәуелсіздік алған күніміз қай күн?
2. Тәуелсіздік алған күні халық неге кенелді?

3. Егемендік тарих қойнауынан қандай ұлы тұлғаларды елге қайта әкелді?
4. Еліміз кімдерге қамқорлық көрсете бастады?
5. Тәуелсіздік, егемендік жайлы қысқа шығарма жазыңдар.
6. Елімізде Тәуелсіздік күніне арналған қандай мәдени шаралар өтеді? Сол байқаулардың жеңімпазы мен жүлдегерлерін білесіңдер ме?

Мекембай Омарұлы

ОТАН

Айналайын халық дейтін таңымнан,
Ұлылығы Тәңіртау боп танылған.
Бірі Науаи, бірі Абай болғанмен,
Жолы-қолы бірдей мұның таңылған.

Қаңсыратып Аралымды, Есілді,
Шын арманың, шынарларың кесілді.
Отан үшін от кешкен соң ұл-қызың,
Уақыт бізге өзі айтты шешімді.

Ашық ауыз не демейді сыртыңнан,
Отанымсың жүрегінде сыр тұнған.
Қызғалдақтай қыр үстінде құлпырған
Шаттық сыйлап келе жатыр нұр тұлғаң.

Бойларыңды, ойларыңды дүр ет те,
Санаңды мың сілкісе де, дір етпе.
Тәуелсіздік, Егемендік — қос тұлпар
Шапқылайтын тілек пенен жүректе.

Өзені де бұрды енді арнаны,
Тәуелсіздік— ата-баба арманы.
Қара бастан қара бұлттар көшті ғой,
Елің ел боп, Тәуелсіздік алғалы.

Отаныңа қай жүрек бар бағынбас,
Отаныңда бақытың мен бағыңды аш.
Мың мәртебе кең болғанмен дүние,
Сендей әзіз Отан бізге табылмас.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңнің әрбір шумағының мазмұнын айтыңдар.
2. «Жолы, қолы бірдей мұның таңылған» деп ақын нені айтып отыр?
3. «Отанымсың жүрегіңде сыр тұнған» деген жолдарда не туралы айтылған?
4. Осы өлеңнің мазмұны бойынша шығарма жазыңдар.
5. Өлеңнің қалаған екі шумағын жаттап алыңдар.

ТАҢҒАЖАЙЫП АЛТЫН КҮЗ



Жәнібек Кәрбозин

ҚЫРКҮЙЕКТИҢ ТАҢЫ АТТЫ

Қыркүйектің таңы атты,
Дала тегіс оянды.
Күз — суретші алапты
Нұр-шапаққа бояды.

Сары алтындай жапырақ,
Мөлдірейді күміс шық.
Көлдер жатыр жалтырап,
Желсіз күні тыныс қып.

Мектеп маңы көк шалғын,
Сыңғырлайды қоңырау.

Келе жатыр көп балғын
Гүлге толған омырау.

Қырманда болды олар,
Қызу еңбек басында.
Жорықтарда қонды олар
Алаулардың қасында.

Өзен, көлге шомылды,
Күнге күйіп шынықты.
Доп қақпаға соғылды...
Ойнады да, тынықты.

Алуан гүлді жиыпты,
Үйренді көп жаңа әнді.
Мектебіне сүйікті
Олар солай оралды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңді оқып шығып, түсінгендеріңді айтыңдар.
2. «Күз-суретші» деп ақын күзді кімге балап отыр?
3. Қыркүйекке дейін балалар қандай шаруамен айналысқан?
4. **Қызу еңбек, күміс шық, желсіз күн** сөздері қалай байланысқан?
5. Өлеңнің мазмұны бойынша сурет салыңдар.

Жансыз нәрсені адам кейпінде суреттеуді кейіптеу дейміз.

Қыркүйектің таңы атты,
Дала тегіс оянды.

Күз — суретші алапты
Нұр-шапаққа бояды.

Осы өлең жолдарында күз адам кейпінде, яғни суретші кейпінде суреттеліп тұр.

Табиғат көріністерін суреттеуді пейзаж дейміз.

Сары алтындай жапырақ,
Мөлдірейді күміс шық.
Көлдер жатыр жалтырап,
Желсіз күні тыныс қып.

Ақын табиғаттың күзгі мезгілін осылайша суреттеу арқылы оқушылардың ой-сезіміне әсер етіп отыр.

Тайыр Жароков

АУЫЛ КҮЗІ

Көтеріле аспандай,
Көкте сұрша бұлт көшіп.
Жерге інжу шашқандай
Күміс моншақ шық түсіп.

Қайың, терек басынан
Сарғылт тартып жапырақ.
Жерге түсіп шашылған
Жел үрсе тек қалтырап.

Бұтақты бүге балбырап,
Көз тартады көріңіз.

Алма піскен албырап,
Маужырап барқыт қоңыр күз.

Беті қызыл алмадай
Балалары ойнаған.
Анасындай аймалай,
Мектеп тұр қол бұлғаған.

Майға бөгіп мамырлап,
Мал қаптаған даланы.
Қызған еңбек дабылдап,
Қырманның тегіс алабы.

Кемедей көшіп комбайн,
Алтын дария егінді.
Сүзіп жүр маржан бидайын,
Күзіміз неткен көңілді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жаздағы аспан көрінісі мен күздегі аспан көрінісін салыстырыңдар (Жазда аспан көкпеңбек, таза, мөлдір, күзде қоңыр тартқан, т.с.с.).

2. «Жерге інжу шашқандай» деген өлең жолынан нені ұқтыңдар?

3. Қайың, терек басынан (жапырақтарынан) қай мезгілдің белгісін көруге болады?

4. Бұтақтарды бүге балбыратқан не? Алмаларды албыратып пісірген жылдың қай мезгілі?

5. «Күз» деген тақырыппен шағын әңгіме жазыңдар.

МАҚАЛ

Туған жердің қадірін шетке шыққанда білесің.

ЖОЛЫ БОЛСЫН!

Мектеп жайлы жырдың үні
Үйден үйге жүгірді.
Қыркүйектің нұрлы күні,
Көкке көкшіл ту ілді.

Бақыт жырын шертеді күн,
Көктен бұлттар қуылды.
Ерте оянып Ерке бүгін,
Беті, қолын жуынды.

Күндегіден тұрып ерте,
Арман мінді ақ атқа.
Әжесіне еріп Ерке,
Бара жатыр сабаққа.

Әсемін-ай сары күздің,
Жоталарға гүл өскен.
Жолы болсын Еркеміздің,
Әжесіне ілескен.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ненің үні үйден үйге естілді?
2. Ерке бүгін не істеді?
3. Арман атқа мінді ме?
4. Ерке кімге еріп, қайда барады?
5. Жоталарға гүл өскен бұл қай мезгіл?
6. Өлеңді қара сөзбен баяндап беріңдер.

КҮЗ КӨРІНІСТЕРІ

Егістік

Күні-түн бір тынбай,
Тербеліп толқындай,
Диқанға бас иіп
Тұрған жоқ мол бидай.
Өзге енді бай дала:
Қырда да, ойда да.
Сары бала шашындай
Қырқылған айнала!

Бұлт

— Түбіттей түтпеген
Желкілдеп, сұрланып,
Қайда ұшып кеткен ең,
Бұйра бұлт, зыр қағып?
— Қит етсе жылатып,
Болды Күз басынып.
Қарт—Қысқа соны айтып,
Барамын асығып.

Қарлығаш

Әкемнің мұртындай
Қарлығаш қанаты,
Ауаны бір тынбай
Қайшылап барады.

Жол шалғай, нетеді,
Жастан ол шыңдалған.
Теңізден өтеді,
Асады шыңдардан.
Кетті ол түстікке,
Жетіп күз күндері.
Бұзбаймыз біз тіпті,
Ұясын үйдегі.
Көктемде пүліштей
Баулар гүл тағынған,
Қайтады ол туристей
Отанын сағынған.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлең неге «*Күз көріністері*» деп аталған?
2. «Сары бала шашындай
«*Қырқылған айнала*» деген өлең жолдарының мағынасын түсіндіріңдер.
3. Отанын сағынған туристтей қайтатын қай құс?
4. *Қарлығаш* сияқты киелі, қасиетті құстарға аса зор мейіріммен қараңдар.
5. Күз туралы оқыған *әңгіме, өлеңдерің* болса, онда достарыңа айтып беріңдер.

ЖҰМБАҚ

Аспанның төрінде жарқ етер,
Дүниені шуаққа қарқ етер.



МАҚАЛ

Не ексең, соны орасың.

ОҚЫМЫСТЫ ШАЛ

Жақан төртінші сыныпта оқитын. «Жаңалық» ауылындағы бір қабатты мектеп. Қоңырау соғылып, сабақ аяқталысымен, Жақан басқа балалардың айқай-шуына қосылып, үйге қарай жүгірді. Үйіне жақындағанда қызылша егістігі жақтан түскі шайға оралған Ақық атасын көріп, қалт тоқтады. Атасының ойлы жүзі мұның үнемі назарын аудартатын. Ағаштан ойылып жасалған көне шанақ домбырасын алып, ыңылдап ән айтатыны да бар. Бірде атасы былай деп жыр айтқан:

Айтқан екен біреу кеп,
Диқан жайын бұларға,
Өңкей елдің кедейі
Егін салдық Шұбарға.

Ақылдастық қыс бойы,
Жаз тіршілік қыларға.
Қызыл қарын жас бала,
Тарысыз, нансыз шыдар ма?!

—Ата, бұл нендей өлең?—деп сұрағанда, ақсақал өңі шырайлана жауап берген:

—Анау—менің бөлімім, қызылша егіп жүрген жерді білесің бе?

—Білем.

—Тап сол жерге өткен заманда егін еккен, осы маңда өткен ақын Бақтыбай Жолбарысұлының өлеңі.

Жұрт малдың соңынан көшіп-қонып жүргенде, ол кісі отырықшылыққа, диқаншылыққа шақырған. Осы Шұбар мен Жаңалықтың орныққан жерінде ол егін суарып жүріп, талай ақындармен айтысқан. Байлар айдаған малымен мақтанса, ол кісі еккен егінімен мақтанған...

Жақан жаз айларында қызылша сиретуге шешесіне болысып жүрді. Сол кезде Ақық атасының ойлы жүзін жиі көретін. Атасы сушы жігітпен танаптарды бойлап әрі-бері жүреді де, оған бірдеме дейді. Бірде Жақан ол екеуінің мынадай сөзін естіп қалды. Сушы:

—Ақсақал, тап осы танаптан бұдан артық өнім ала алмаймыз. Жері тозған ба, қайдам?

—«Жері тозған, ала алмаймыз» деп отыра береміз бе? Жері тозған ештемесі жоқ. Біресе жоңышқа, біресе бидай, енді, міне, қызылша — бәрін ауыстырып егіп жүр емеспін бе? Әңгіме мына суды жеткізуде.

Сушы оған қарсы болды.

—Судан кенде болып жүрген жоқ.

Судан кенделікте емес. Су көп болса да жаман. Сен айтшы, өткен жылы суды қанша мөлшерде бердің?

Сушы сәл ойланып тұрып, шынын айтты:

—Құлақты ашып, су жіберемін. Танапқа тегіс су жетті-ау деген кезде, оның орта беліне барып, әрі-бері жүріп көремін. Сол тұста малтығып жүре алмағанша ұстаймын. Сонан соң құлақты бекітіп, басқа танапқа ауысамын.

—Тоқта!— деді Ақық, оның сөзін бөліп. — Сен осы мөлшерді кемітші. Былай істе. Танапқа суды жібер де, ең аяғына енді жетті дегенде, құлақты бекіте ғой. Сөйтіп те көрейік.

—Онда су аздық етпес пе екен?

—Жоқ, байқайық.

Жақан осы әңгімеден соң сол танапты есіне сақтады да, одан алынатын өнім қалай боларына үнемі құлақ тігіп жүрді. Сол кезде шешесі тап осы танапта қызылша аршып, әр түп қызылшаның тура самауырындай екенін айтып келді.

Бірде, жексенбі күні, шешесіне болысуға, жұмысқа Жақан да барды. Қызылша аршыған әйелдердің көңілдері көтеріңкі еді. Себебі қызылша неғұрлым ірі болса, еңбек те өнімді, табыста, қуаныш та мол. Бөлім жетекшісі Ақық атай көңілді екен.

Күздің бір жарқыраған күнінде төсінде қос алтын жұлдызы бар ұжымшар төрағасы кеп, самауырындай қызылшаларды көріп, Ақыққа:

—Ақсақал, осы танаптың берері аз деуші едіңіз, биылғысы жақсы көрінеді ғой,— деді.

—«Берері аз» деп, біз қол қусырып отырамыз ба? Оның жайын біліп, өңдеу, еңбек ету керек қой.

—Сіз оқымысты адамға ұқсайсыз ғой?!

Бұл адамдардың әрбір танаптан мол өнім алу үшін қаншама еңбек, ой, жігер сарп етіп жүргенін Жақан кейін ұқты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жақан неге қалт тоқтады?
2. Кім оған жыр айтты?
3. Жақан кімге қарасып жүрді?
4. «Құлақ» дегенде нені түсіндіңдер?
5. Мол өнім алуға не жеткізді?
6. Еңбек туралы мақалдар жина.

СӨЗДІК

Танап — жердің бір бөлек кесіндісі, участок.


ҚАУЫН



Жайылып жерге сабағы,
Ып-ырғып түйін салады.
Күнгейлеу жерде діңкип,
Піскен соң үзіп алады.

Қауынды жесең, тісте еріп,
Кетеді бойды күш керіп.
Кептіріп алып шопағын,
Шағып та жүрміз пісте ғып.

ҚАРБЫЗ



Жанып тұрса күн кейде,
Сап-сары боп гүлдей ме?
Содан кейін жатады
Домаланып күнгейде.

Қалықтайтын құс қана
Жаз дегенің қысқа да.
Тілімдеп ап жеп жүрер
Қарбыз піссе қыста да!..

Сұрақтар мен тапсырма

1. Өлеңдерде не туралы айтылған?
2. Қауын мен қарбыздың қандай пайдасы бар?
3. Қауын, қарбыз қандай жерде өседі?
4. Қауыннан не жасайды? Оның аты не?
5. «Қауын» деген шағын әңгіме жазыңдар.

Серік Үсенұлы

НАҒЫЗ БАЙЛЫҚ

Ертеде бір әйел есіктерінің алдында отырған үш қарт кісіні көреді. Әлгі қарттар әңгімелесіп ұзақ отырады. Түс ауады. Сол кезде олардың қарны ашқан шығар деп ойлаған әйел сыртқа шығып, қарияларды үйге кіріп, тамақ ішуге шақырады.

— Біз үшеуіміз бірдей кіре алмаймыз, — дейді үш шал қатар тіл қатып.

— Неге? — дейді әйел таңданып.

— Мына кісі — Байлық, мынау қол жеткізбес — Табыс, ал мен болсам — Сүйіспеншілікпін, — дейді шетте отырған біреуі тәптіштей түсіндіріп. — Қайсымыз кіреміз?.. Оны отағасымен ақылдасып өздерің шешесіңдер.

Әйел үйге кіріп, болған жағдайды отағасыға баяндап береді.

— Жақсы екен... — дейді отағасы аз ойланып отырған соң, — онда үйге Байлық кірсін. Отбасымыз мол байлыққа кенелсін. Бұған әйелі қосылмайды.

— Меніңше, Табыстың кіргені дұрыс, — дейді өзі ойын ашық білдіріп.

Дәл сол кезде қастарына анадай жердей ойнап отырған ұлдары келеді.

— Ең жақсысы, Сүйіспеншілікті шақырғанымыз дұрыс. Ол келсе, үйіміз махаббат-мейірімге толады, — дейді ұл өз тілегін білдіріп.

— «Бала — періште» деген ғой, осының айтқаны-ақ болсын, — дейді отағасы.

Сонымен, әйел қайта сыртқа шығып:

— Қайсыңыз — Сүйіспеншіліксіз? Біздің құтты босағамызға бас сұғып, қонақ болыңыз, — дейді өтініп.

Сүйіспеншілік орнынан тұрып есікке қарай беттейді. Бір қызығы, қалған екеуі де отырған жерлерінде қалмай, әлгі кісінің соңынан ереді.

Бұны түсінбей қалған әйел:

— Бұларыңыз қалай, жаңа: «Бәріміз бірге кіре алмаймыз» дедіңіздер ғой? — деп сұрайды олардан.

— Дұрыс. Кіре алмаймыз. Бірақ бұл Байлық не Табыс екеуіміздің біріміз шақырылғандағы жағдай. Біз қазіргі адамдардың ойы бойынша осы екі есімнің біреуі аталатын шығар деп тұспалдап едік. Болжамымыз дұрыс шықпады. Сіз күтпеген жерден Сүйіспеншілікті шақырдыңыз. Ал сүйіспеншілік бар жерде — байлықтың да, табыстың да болатынын өзіңіз білесіз. Сондықтан қосыла ердік, — дейді артқы екеуінің бірі.

Мұны естіген әйелдің қуаныштан көзіне жас толып, бір сәт қыбырсыз тұрып қалып барып, сәлден соң өзіне келіп, жүгіріп барып есік ашады.

Үш қарт үйге кіреді. Береке ере кіреді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бір әйел кімдерді тамақ ішуге шақырды?
2. Үш шал не істеді?
3. Осы шалдардың орнында болғандарыңда сендер қайтер едіңдер?

СӨЗДІК

1. *Береке* — құт, молшылық, бақыт.
2. *Сүйіспеншілік* — Отанға, елге, табиғатқа деген махаббат.
3. *Табыс* — кіріс, пайда өнім, еңбекақы.

Мекембай Омарұлы

ЖОЛБАРЫС ПЕН ҚАСҚЫР ЖӘНЕ ТҮЛКІ

(Халық ертегісі бойынша)

Дегендей: «Сұлу ырғақ тап!»
Толқыны Сырдың бұлғақтап,
Қара бұлт ауа бастады
Шыршыққа қарай сырғақтап.

Тұрса да төнге жаз ұнап,
Соқты бір суық азынап.
Жолбарыс-екең содан ба,
Ауырып қалды азырақ.

Тартқандай бұдан таңдар мұң,
Түйсігі барлар аңдар мың.
Жолбарыстан хал сұрап
Кеп кетті бәрі аңдардың.

Сіңірген бұған еңбегі
Жолбарыстың кем бе еді?
Күн өте жайлы болса да,
Бірақ та түлкі келмеді.

Сұм қасқыр: «Ешкі айдаған
Кілең қырт, аға, айналаң!
Алуға келсе, ат қойып,
Салғаны қызық байбалам.

Айдауға сірә көнбеді,
Ісі де жүдә өнбеді.
Шаптырмай бетке, жұлынын
Жұмырып қойған жөн бе еді?

Қу түлкі Сізден шеттепті,
Шектен де шығып, шет кетті,
Сол үшін мойнын алмадай
Үзбесең болмас!» — деп кетті.

Қабығы әрең аршылар
Тербелді сол сәт әр шынар.
Өйткені, қасқыр сөзінде
Бір шындық тегі бар шығар.

Десе де: «Жұртқа қарайла!»,
Көңілге түлкі қарай ма?
Ауызын айға білетпей,
Әкелу керек қалайда.

Тік шығып, інге тік кірген
Жан-жаққа құлақ тіктірген.

Түлкіні қасқыр жеткізді
Түтіні түзу түкпірден.

Шапаққа бөлеп тарапты,
Арайлы тағы таң атты.
Жәукемдейтіндей түлкіге
Жолбарыс бетін қаратты:

— «Аяғы желді ер!» дедім,
Қабыспай қарның, ерледің.
Хал сұрап жұрт кеп жатқанда,
Сен бірақ неге келмедің?!

Бір пікір айтып байламды,
Асырам деме айлаңды.
Қас тұтқан мені бұл «ісің»
Жүрекке кек боп байланды!

Бөледен ешкім құтқармай,
Кеп еді бойда құт қалмай.
Алдағы аңның патшасын
Түлкі дәл бауыр тұтқандай:

— Айта алмайтын адам сын
Адалдан, аға, адалсың.
Айыңды төмен түсірсем,
Қарныма пышақ қадалсын!

Сөз бергем сізге рас тауда,
Аяқты шалыс баспауға.
Басыма жаман күн туып,
Кетіп ем алыс бастауға.

Бұлаққа сол бір кеткелі
Сізде-тін көңіл кептері.
Әйткенмен, сіздің бұл жайдан
Құлағдар ешкім етпеді.

Өмірде емес есті кем,
Екі дай болғыш ешкіден
Жүрегің сыздап қалғанын,
Бай-еке, түнде естігем.

Мойында біздің қарыз көп,
«Жақсылық жасау — парыз» деп.
Түстім де келген ізіме,
Кеттім ғой Сізге дәрі іздеп...

— Қайтейін өзге сенбесе,
Құрметің артық мен десе.
Әлгінде айтқан дәріні
Келдің бе тауып ендеше?

— Арқасы желіп-шапқанның...
Дәріні дереу тапқанмын.
Сырқаты кетер жазылып
Дәмінен оның татқанның.

Ақ сүйек, сіздей тым текті
Асылдың қамын кім жепті!
Дәріні кешке қалдырмай,
Тезірек жейтін күн жетті?

— Тәңірім істі оңғармай,
Жұмысың болмас оңғандай.

Мазамды алмай, айтсаңшы,
Дәрі-тін өзі ол қандай?

— Білмейтін оның несі бар,
Ешкідей ақыл-есі бар
Қасқырдың артқы аяғын
Жұлып ал әлде кесіп ал.

Ластамай көлдің жиегін,
Майын же,
Шағып сүйегін.
Жазылып онсыз кетем деп
Жүрмесін қышып иегің.

Орманның жасы, көрісі,
Одан да білер әрісі.
Қасқырдың артқы аяғын
Асып жеу — сырқат дәрісі!..

Имешек иіп қалды ма,
Келгенде қасқыр алдына,
Шығарып көздің сорасын,
Бір санын жұлып алды да.

«Сөзімді қайбір кектепті?!»
Қасқырдың кегі кеп кетті.
«Жолбарыс аты құрысын,
Баз кештім одан!» — деп кетті.

Ұмытып түнгі жорықты,
Қасекең қатты зорықты.
Көп уақыт өтпей арадан
Бұлаңдап түлкі жолықты:

—У дейтін шындап шекерді,
Көрмеп ем сендей «шеберді».
Жамандап едің мені кеп,
Жолбарыс саған не берді?!

Көңілде ыза оятқан
Жалған сөз жаман таяқтан.
Түкеңді нақақ ғайбаттап,
Айрылдың сап-сау аяқтан.

Тыңдап ап сөзге жетікті,
Жетеге әбден жетіпті.
Қыртқан ол іске ұялып,
Жөніне қасқыр кетіпті.

Құлағы түрік досым-ай,
Айта жүр сен де досыңа-ай.
Жамандық істің аяғы
Бітеді дейді осылай.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жолбарысқа не болды?
2. Қасқыр жолбарысқа қандай сөздерді айтты?
3. Түлкі жолбарысқа не деп жауап берді?
4. Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқыңдар.
5. Мәтіннің мазмұны бойынша сурет сал.
6. Әдепсіз қасиеттерден арыл.

МАҚАЛДАР

Татулық — табылмас бақыт.

Бірлік болмай, тірлік болмас.

НАН

Қатып қалған қара нанды
Бір жас әйел лақтырды.
Жаным менің жараланды,
Жан жүрегім жылап тұрды.
Адам, адам, бәрі адам ғой,
Жас шіркінге жоқ-ты кінә.
Өзек болған қара нан ғой —
Шаттығыңа, тоқтығыңа.
Жетімдер мен жесірлердің
Қанды жасы сорғалаған.
О, жылдардың несін көрдің,
Мұндай бақыт орнамаған?
Зар етті де қара нанға,
Шал-кемпірді саудыратты.
Жылы ұшырай қарағанға
Жанарларды жаудыратты.
Жақсылыққа құлақ түріп
Жүрдік үлкен, кішіміз де.
Оянғанда жылап тұрдық
Көрген нанға түсімізде.
Соғыс билеп жер мен көкті
Жалмап өтер жалындай боп,
Бір үзім нан! Кезінде сен
Көздерімнен бір-бір ұштың.
Сезінбес ем, езілмес ем —
Сен арқылы нұрды құштым.
Ей, жас ұрпақ! Қиырларда

Қинап жанды қамшылаған,
Түйір дөнде, түйір нанда—
Маңдай тер бар тамшылаған,
Салмақ салар әр адамға
Тойынғанда, масыққандар.
Қасиетті Қара нанда
Ең ақырғы қасық қан бар!
Кешулердің көп сыры бар,
Кектің улы оқтары бар,
Жетімдердің өксуі бар,
Жесірлердің жоқтауы бар.
Аналардың тілегі бар,
Арулардың жүрегі бар.
Өмір гүлдеп барады әлі...
Гүл—өмірге жоқ-ты кінә.
Қасиеттеп Қара нанды,
Шүкірлік ет тоқтығыңа!
Өмірдің әр өткелінде
Шерт әкенің күйін бірге.
Сүйін сырлы көктеміңе,
Сүйін, сүйін, сүйін гүлге.
Қызыл қырман қиырлардан
Жүректерге құятын нәр,
Түйір дән мен түйір нанда:
Ар-намысың, ұятың бар?
Ей, жас ұрпақ! Асыл арна,
Біледі ел табысыңды.
Шайқатылып, шашып алма
Ар-ұят пен намысыңды!

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңде нан туралы қандай ойлар айтылған?
2. Ақынның

«Түйір дәнде, түйір нанда
Маңдай тер бар тамшылаған»,

— деген өлең жолдарын қалай түсінесіңдер?

3. Өлеңнің қай жолдарында нанның қасиеттері суреттеліп отыр?

4. Өлеңнің соңғы 28 жолын жаттап алыңдар.

Асқар Тоқмағамбетов

ТӨРТ ТҮЛІК ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Болат Маратты
Өзіне қаратты,
Сөйтіп онан
Мынаны сұрапты:
— Қойдың неше түрі бар? —
Дегенде:
— Оның да тілі бар,
Қойдың өзі бар,
Сонан соң **қозы** бар,
Қозының құлағы,
Көретін көзі бар... — деді де
жөнелді,
Марат қандай сөзуар.
Болаттың оған:
— **Тоқты** ше? Тоқты? —
Деген сұрағы
Қиынырақ соқты.
Ол туғалы тоқтыны

Естіген жоқ-ты.
— **Тұсағы** ше? —
Дегенде:
— Тұсағы?
Ол қойдың ұсағы?.. —
Деді де қуланып,
Бір көзін қысады,
Долбарлап айтса да,
Дәл тапқанға ұқсады.
Әсіресе, саулықты
Түсіндіріп болғанша,
Болаттың даусы қарлықты.
Бұлар осы жөнінде
Көпке дейін даурықты.

2

Қызық талас кешке болды,
Ендігі әңгіме ешкі болды.
Онда да түрлі сұрақ болды,
Сұрақтың оңайы **лақ** болды.
Ал **серке** мен **текенің**
Айырмасы не екенін
Болат та білмеді,
Оған Марат та күлмеді:
— Әкеден сұрайық,
Соған жүр! — деді.

3

Ертеңіне Марат,
Болатқа қарап:

— Не нәрсе, — деді, — тайынша?
Тайынша...
Болаттың ойынша,
Жобалауы бойынша:
Бұзаудан әрі,
Сиырдан бері
Болуы керек! — деді.
Ол **торпақ** пен **баспақты**
Бұларға қоспапты,
Шығарып тастапты.
Сөйтіп, әңгімені Марат
Тайыншадан бастапты.
Дөнежін мен **құнажын**
Уақыттың біразын
Сол екеуі жұтты.
Бүгінгі талас
Сонымен бітті.

4

Бұларға тағы Мұрат қосылды,
Сұраққа сұрақ қосылды:
— Әлгі, осы **жабағы**
Қандай жылқы дегенде,
Мұраттың тамағы
Бір-екі рет бүлк етті.
— Жабағы деген жүн ғой, — деп,
Марат та күңк етті.
Құнан мен **тайды**
Үстірт қана жуып-шайды.
Дөнен мен **бестіге**
Әңгіме көшті де,

Сөзі түйықталды,
Әрі жүрмей тұрып қалды.

Болат пен Марат,
Жаңа қосылған Мұрат —
Ойласа келіп үшеуі,
Бар сұрақты құрап,
Бірі әкесін күтті,
Бірі шешесіне жетті,
Түлік туралы сабақ
Осылай басталып кетті!

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Болат Мараттан не жайлы сұрады?
2. Төрт түлік атауларын сөздік дәптерлеріңе жазып алыңдар.
3. Өлең не үшін «Төрт түлік туралы сабақ» деп аталған?

ҚАНАТТЫ СӨЗ

Малды теппе, басына ұрма.

ЖҰМБАҚ

Жүретұғын арқайын
Жануар мұндай қайда бар?
Ішкен суын әрдайым
Ақ сүт қылып қайтарар.



ТУФАН ЖЕР АЯСЫНДА



Мекембай Омарұлы

АЛТЫН ҰРПАҚ

Өзбекстан Республикасында өзбек халқымен қатар өз мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарына ие болған 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады. Соның ішінде қазақ ұлтының өкілдері 1,5 миллионды құрайды. Тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен бастап-ақ елімізде ұлтаралық татулықты сақтап қалу және оны нығайта түсуге ерекше көңіл бөлініп отыр.

Республикамыздың әлеуметтік өміріндегі маңызды оқиғалар, салтанаттар және бүкіл халықтық мейрамдарға елімізде өмір сүріп отырған барлық ұлттардың өкілдері белсене қатысып келеді. Тарихымызда өшпес із қалдырған ұлы тұлғалардың мерейтойларына байланысты мәдени шараларды да бірге өткізіп, халықтар арасындағы достық пен ынтымақты арттыра түсуде.

Күн шұғылалы еліміздегі бейбіт өмір әр халықтың алаңсыз өмір сүруіне, еңбек етуіне, оқу мен демалуына мол мүмкіндік беріп отыр.

— Сен кімсің?

— Адаммын.

— Анықтап айт. Аты-жөнің кім?

— Атым — Азамат. Жөнім — Халықұлы...

— О, жақсы екен. Азамат, сені жарық дүниеге әкелген кім, білесің бе?

— Ата-анам.

— Әке-шешең қайда туылған?

— Әкем Ташкентте.

— Шешең ше?

— Мұрынтауда.

Нағашыларың бар ма?

— Он нағашым бар.

— Олар қайда?

— Олар да Мұрынтауда.

— О-о-ай, онда нағашыларың жаннат жерде тұрады екен ғой.

«Не дер екен?», — деп үлкен кісінің әдеппен берген сұрағына анық та айқын етіп жауап берген баланың бұл жауаптарына риза болмауға мүмкін емес. Езу тартып, жымыып, үлкен кісінің де соңғы сөздеріне қалай ғана ықылас бермейсің: «О-о-ай, онда нағашыларың жаннат жерде тұрады екен ғой!»

Әлгі сары баланың көзі жайнап сала берді.

Жақсы сөз — жақсы да.

Әркімнің туған жері — өзіне жаннат, қадірлі де қасиетті. Туған жерді сүю — ардың ісі. Әр азамат

өз ұятының, намысының алдында жауап беруге тиіс.

Өзіміз тіршілік ететін миллиондардың отаны— Өзбекстан—алтын ордамызда «Азамат десе, Азамат!» деп өзгелерге үлгі тұтатын азаматтар өсіп келе жатыр. Егеменді еліміздің еркіндігі мен егеменділігін сақтап, бір мақсат жолында тізе ажыратпай, бірге адал қызмет ететін де—осы алтын ұрпақ.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өзбекстан Республикасында неше ұлт өкілдері жасайды?

2. «Ұлтаралық татулық, достық» дегенді қалай түсінесіңдер?

3. «Бейбіт өмір» деген сөз тіркесінен қандай қорытынды шығаруға болады?

4. Азамат кім?

5. Мәтінде қандай туыстық атаулар бар?

6. *Ташкент, Мұрынтау, Гүлстан* деген қалалар еліміздің қай облыстарында орналасқан?

7. Еліміздің *еркіндігі* мен *егемендігін* кімдер қорғайды?

Өмірзақ Қожамұратов

ТУҒАН ЖЕР

«Маған Мекке, Мәдине, Венеция, Париж не?
Туған жердің шөліндей ыстық емес, әрине.
Жан анамдай қадірлі менің туған байтағым,
Жердің жәннат-жұмағы Қызылқұм деп айтамын!
Осы аймақтың тұзы емес пе алғаш рет татқаным,

Осы аймақтың қызы емес пе алғашқы тіл қатқаным.
Осы аймақта қалды балғын, шырын, шәрбат шақтарым,
Шапағатым, Махаббатым, Аппағым!

Туған жерім — тәңірім.
Өзіңмен бір соғады қан тамырым.
Аттап өтіп кете алмаймын ешқашан
Ата жұрттың қабірін.

Сенсің мәңгі қар шалмайтын жоталым,
Сенің зарың сияқтанар боздағаны ботаның.
Сенен ғана басталады мына әлем тіршілік,
Сенен ғана басталады менің шексіз Отаным.

Көтерісіп тұрсың ұлы тірлікті,
Сенде ұлы тірлік құтты,
Бірлік құтты,
Жыр құтты.
Жұмыр жерге жүрек болып от беріп,
Қуанышын, қайғысын да тұрсың бастан өткеріп.

От, дауылын,
Қар, боранын,
таң нұрын
Жұттың бірге, жұттың жұпар жаңбырын.
Жұмыр жермен бірге сенің,
Менің-дағы тағдырым.

Ей, туған жер!
Бір пұшпағы құрлықтың,
Мен кішкентай болғаныммен,
Менен ұлы жыр күттің.

Сені ойласам, өлген бабам тіріліп,
Саған қарай жол бастайды бұрылып.
Еш жерде жоқ саған біткен ірілік,
Еш жерде жоқ саған біткен ұлылық!

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңде республикамыздың қай аймағы суреттелген?
2. Қызылқұм туралы не білесіңдер?
3. Отан қайдан басталады?
4. «Сенде ұлы тірлік құтты, Бірлік құтты, Жыр құтты» дейтін өлең жолын қалай түсінесіңдер?
5. Отанға деген махаббат сезімін өлеңнің тағы да қай жолдарынан табуға болады?

Осы өлеңнің соңғы төрт жолын — бір шумақты буынға бөліп шығайық:

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12
Се-ні ой-ла-сам өл-ген ба-бам ті-рі-ліп,

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11
Са-ған қа-рай жол бас-тай-ды бұ-ры-лып.

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11
Еш жер-де жоқ са-ған біт-кен і-рі-лік,

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11
Еш жер-де жоқ са-ған біт-кен ұ-лы-лық.

Буын мен бунаққа және ұйқасқа негізделген шығарманы өлең дейміз. Өлеңнің төрт жолы бір шумақты құрайды.

ТӘУЕЛСІЗДІК БАЛАЛАРЫ

...Ташкент қаласы. Көше бойларымен қаншама автокөліктер сырғып барады. Ары-бері қозғалған адамдар легі де толастар емес. Мұнаралы үлкен сағаттың жанындағы аялдамаға келе бере, кілт тоқтай қалған автобустан Мұрат та түсті. Ол жан-жағындағы көрініске бағдарлай қарады. Енді бір сәтте қиылысқан көшелердің арғы жағынан Әмір Темір гүлзары көзіне шалынды.

«Міне, осы тұста болуы керек...»—деп ойлады.

Гүлзарды аралағанда байқады: іші тап-таза, зәулім ағашты, салқын саялы, орындықтары да баршылық екен. Ол жүрген сайын алып тұлғалы мүсінге жақындай берді. Асау арғымаққа мінген, басында дулығасы, қолында жалтылдаған қайқы қылышы бар, сайыпқыран әлдебір жақтарға қарай жорықты бастағандай болып, дәл қарсы алдында қасқайып тұр.

«Ойпырым-ай, кім болса да, қалайша нағыз табиғи дарындылықпен мүсіндеп, даңқты бабамыздың келбетін келістірген, ә!? Енді өзін көргендей болдым-ау. Әмір Темір баба, ассалаумағалейкум!..»—дегендей ишара білдірді. Дәл осы сәтте оның қасына өзіндей бір бала келіп, ол да Әмір Темір бабаның ескерткішіне қарап тұрған еді.

Ойда жоқта екі бала кәдімгі ескі таныстардай сәлемдесе кетті. Жөн-жоба да сұрасып жатыр.

- Есімің кім?
- Мұрат.
- Қай жақтан келдің?
- Ауылдан.
- Ол алыста шығар?
- Солай...

Ақ көйлек, қара шалбары, бастарындағы киіп алған тақиялары да тұла бойларына жараса қалыпты.

— Онда, қане, таныс болайық. Менің есімім — Расул. Осы қалада Алай базарының жанына таяу жерде тұрамын.

— Мен тұрмысқа шыққан әпшемнің үйіне қыдырып келдім. Үйі «Жібек жолы» метросының қасында.

- Жалғызсың ба?
- Иә...

Расул мен Мұрат достасудың нышанын жасап, қол алысты. Тіпті, егде тартқан кісілер секілденіп төс те түйістірді.

Күн жексенбі болатын.

Тосыннан кездескен екеуінің сөздері де, мінез-құлықтары да үйлесім тауып, бірге серуендеуге уәделесті. Әдепкіде Тәуелсіздік жылдары салынған, өзіне тән жаңа үлгідегі жобасымен көз тартып тұрған Әмір Темір мұражайын тамашалап, көптеген құнды құжаттармен және маңызды тарихи деректермен танысты.

Сәлден соң жол-жөнекей тәттілігі тіл үйірген балмұздақ жеп, ашық-жарқын әңгімелесіп, Тәуелсіздік алаңына қарай жай аяңдап бара жатты.

— Сен білесің бе? — деді Мұрат.

— Нені?

— Мына мен Өзбекстан Республикасы Тәуелсіздік алған 1991 жылы қыркүйек айында туылғанмын.

— Оһо, екеүміз жасты екенбіз ғой. Егер де, шамалайтын болсам, мен де, сен де бесінші сыныпта оқимыз. Солай ма?

— Иә!..

Бір-біріне жымия қарасты.

Кері қайтқан соң «Мустақиллик» метросының жанындағы аялдамадан 38-автобуска мінді. Расулдың айтуы бойынша, «Қазақстан» кинотеатрына барып, қызықты бір фильм көрмекші.

— Достым, несін айтасың. Ташкент қаласы жылдан-жылға жаңарып, жасарып барады. Қаншама құрылыстар бой көтерді. Өзім Тәуелсіздік күнінен бір ай кейін туылғанмын. Әкем университетте профессор, дәріс береді, — деді Расул.

— Ал менің әкем — фермер. Он шақты гектар жеріміз бар. Биыл да бау-бақшамызда өнім мол болды. Келешекте агроном болмақшымын. Айтпақшы, әр түрлі гүлдердің тұқымын сататын жерді көрсетіп қойшы. Үйіме ала кетуім керек, — деді Мұрат.

— Ана Алай базарында «Гүлдер» павильоны бар. Театрдан шыққан соң соған ертіп барамын. Кейін, біздің үйімізде қонақ болып кетсең деймін.

— Тым кештетіп жүріп алмаймын ба? Әпкем мені күте-күте уайымдап, әбігерленіп қалмас па екен деп, ойланып тұрмын.

— Әпкеңнің үйінде телефон бар ма? Нөмірін айтсаң болды, қоңырау соғып, ескертіп қоямыз. Әкем-анам тағы басқалармен танысқаннан кейін «Мустақиллик» метросына дейін өзім шығарып саламын. Көңіліңе ешқандай секем алма. Жарай ма?

— Мақұл.

— Онда келістік!

— Әйтпесе, кеттік!

...Түнгі Ташкент қаласы. Қандай әсем еді, шіркін! Күндізгіден де ажарланып кеткен бе, қалай, жымың-жымың қағып, жалт-жұлт еткен электр шамдары самаладай жарқырайды. Сансыз алып үйлердің арасында «Жар», «Жүнісабат» спорт кешендері бой түзеп тұр. «Жүнісабат» спорт кешеніне таяу жерде 1937 жылдың қанды нәубетіне ұшыраған бабаларымыздың құрметіне арналған «Шейіттер ескерткіші» гүлзары да алыстан көз тартады. Аспан төрінде бір шөкім бұлт жоқ. Бірақ Бостандық жақтан салқын самал есіп қоя берді.

Қала дегеніңіз ауыл сияқты қызық екен. Оның ғажайып көріністерін дамылсыз тамашалап, жүре бергің келеді-ақ. Бірақ оған уақыт қайда?

Осыдан он жыл бұрын туылған, енді ержетіп қалған, ал, бүгін болса, жаңадан танысқан достар—Расул мен Мұрат та көпшіліктің кіріп шығып жатқан жері—«Мустақиллик» метросының алдына келді. Бір сәт екеуі үнсіз қалды да, бір-біріне тігіле қарасты.

— Енді қоштасамыз. Бағана мекен-жайымды жазып бердім. Мырзашөлге барған соң хат жаз.

— Ертең автобуспен қайтамын. Әке-шешеме көрген-білгендерімді әсіресе, өзіңдей жаңа дос тапқанымды мадақтап айтып беремін. Біздің ауылға келуді де ойластырып қой.

— Иә, Мұрат, оған әкем келісім беретін шығар.

— Ал, Расул, ендеше сау болып тұрғайсың.

Алғашқыда екеуі қалайша төс түйістіріп табысса, айырылысар сәтте де солайша қоштасып, кете барды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мұрат гүлзарда кімнің ескерткішін көрді?
2. Ол не деп күбір етті?
3. Жаңа табысқан екі дос нені тамашалады?
4. «Төс түйістіріп» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
5. Ташкент қаласының көркі суреттелген тұсты тауып оқыңдар.
6. Екі адамның сөйлескен сөздерін табыңдар.

Қ. Мырза Әли

ТУФАН ЖЕР

Бұл — бақ, хайуанаттар бағы, өте үлкен. Онда сонау Үнді Пілінен бастап Бетпақдаланың Батбатына шейін бар. Батбат дегеніміз — кәдімгі кесірткенің бір түрі. Кесіртке демекші, бала кездері есіне түсіп, көңілі құлазыған бір сәтте ол:

— Қайран, Қызылқұмым-ай! — деді. — Бұл дүниеде саған жететін жұмақ бар ма екен?

— Пәлі! — деді оның сөзін естір-естіместен Көлбақа.

— Сен Бетпағыңды, мен батпағымды мақтаймын.

— Қайдағы Бетпақ, қайдағы Батпақ?! Ауыздарыңа Арктика мен Антарктида неге түспейді?! Бұл екеуі тұрғанда басқа жер де жер, басқа ел де ел болып па?! Қойыңдаршы, тәйірі! — деді әбден терлеп-тепшіген Пингвин байғұс...

— Әрқайсысы әр ауылды атап, бірін-бірі жоққа шығарғанмен, үшеуінің де сөзі дұрыс. Өйткені барлығының айтып отырғаны бір нәрсе. Ол — Туған жер.

Құл-Керім Елемес

ӘКЕ АҚЫЛЫ

Ерте заманда бір жақсы әке болыпты. Оның жалғыз баласы бар еді. Баласын еңбекшіл етіп тәрбиелепті. Күндердің бірінде баласын «ел аралап, жер көріп, өнер үйренсін» деп, кіре тарта-тын бір саудагерге қосып жіберіпті. Баласына жүрерде:

— Балам, мен үшін ештеңе іздеп өуре болма. Мыналардың көргенін көр, істегенін істеме, әліңе қарай бақ, көрпеңе қарай көсіл. Жалғыз-ақ жүрген жеріңде нанның қоқымын тастамай ала жүр. Келгенде маған бір қап нан қоқымын ала кел, — деп тапсырыпты.

Бала әкесінің ақылын ойында берік сақтайды. Көргендерді көңіліне түйеді. Сапарда шымшым-

дап, уыстап дегендей, нан қоқымын жияды. Сонымен қоқымға қабын толтырып, еліне қайтады.

Қайтқан жолында саудагердің ат-көлігі арықтайды. Мөлшерлеп алып шыққан астығы таусылады. Сонымен бәрінің күні әлгі баланың қоқымнанына түсіп, қорек етіп, ел шетіне аштық көрмей ілігіпті.

Бала сөйтіп үйіне келіпті. Әке баласының жай-күйін ұғып, ісін жақсы орындап келгеніне разы болыпты. Тамағын беріп жайғастырыпты. Сонан соң баласы отырып:

Әке, айтқаныңды орындап едім, жолда ашығып қалып, көбін жеп, азын әкелдім, ренжімегейсіз, — деп бір уыс нанның қоқымын әкесіне беріпті. Сонда әкесі:

— Е, балам, Аллаһқа шүкір, нансыз емеспіз ғой, маған оның керегі не, оны мен сен үшін айтқан едім, Жолда азығың таусылып, өзің көргендей жағдайлар болып қалуы мүкін, сондықтан нан қадірін біл, «Ас қадірін білмесең аш қаласың» деген сөз есіңде болсын дегенім еді, — депті.

Бала, аңғарлы әкесінің ақылына разы болыпты.

Сұрақтар мен тапсырма

1. Әке деген кім?
2. Әкелер туралы не білесіңдер?
3. Әке баласын қалай тәрбиелепті?
4. Баласына әке не деп ақыл айтты?
5. Бала неліктен әкесіне риза болды?
6. Әкенің айтқан мақалын тауып оқыңдар.

ЖЕР

Жер — тірлік, жер — алып нан... өмірім де,
Бел будым еңбегіммен көрінуге.
Кең өлке көкірегіне нұр құймасам,
Хақым жоқ қалтарыста семіруге.

Тартысам бір ғана оның бөлшегі үшін,
Көтерем күн көзіне келсе күшім.
Жер — өмір, жер — асыл, нан... — тіршілікте
Адамдық ар-ұятқа өлшеуішім!

Жотамнан сор шығарып бала — денем,
Мен оның тәтті ырысын ала берем.
Қызғанып қара ниет сұқ көздерден
Жерді ылғи көкірегіммен жаба берем!..

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңді оқып шығып, онда не әңгімеленіп тұрғанын айтыңдар:

- а) жер — тірлік;
- ә) жер — алып нан;
- б) жер — өмір.

Жерге тиісті айтылған бұл үш сөз тіркесінің мәнін өз сөздеріңмен түсіндіріңдер. Жердің әр бөлшегі үшін, әрбір аймағын гүлдендіру үшін күресу керек екенін есте сақтаңдар.

2. «Жерді ылғи көкірегіммен жаба берем» дегенде, туған жерді көкірегімен жапқан батырлар көз алдыңа келе ме?

ЕҢБЕК ТҮБІ — БЕРЕКЕ

Несіпбек Айтөв

ЕҢБЕКТИҢ БӘРІ — МАМАНДЫҚ

Мамандық алғың келе ме?
Мамандық өзі немене?
Айналаң толған мамандық,
Айналаң толған өнеге.

Тыңдайық, көне, ойлайық,
Білімге терең бойлайық.
Оқыған маман — шын маман,
Мамандық алмай қоймайық.

Үйренем десең жалықпа,
Мамандық сырын анықта.
Қолыңнан жұмыс келмесе,
Тие ме пайдаң халыққа?

Еңбектің бәрі — мамандық,
Жер-көктің бәрі — мамандық.
Білуге бәрін талаптан,
Танытып нағыз адамдық.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мамандық туралы не білесіңдер?
2. Ата-анаң, ағаң, әкең кім болып істейді?
3. «Оқыған маман — шын маман» деген өлең жолын қалай түсінесіңдер?

4. «Жер — көктің бәрі — мамандық» дегенді қалай түсіндіңдер?

СӨЗДІК

1. *Маман* — бір сала бойынша кәсіп етуге шұғылданған қызметкер.

2. *Мамандық* — еңбек қызметіндегі негізгі кәсіп түрі.

3. *Еңбек* — жұмыс, қызмет, іс.

Балтабай Әділ

ЕҢБЕК ЖЕМІСІ

Әкесі алты гектар жер алған. Сол-ақ екен, қауырт жұмыс басталды да кетті. Таңертең Асан ұйқысын қимай әрең тұрады.

— Тұр, балам, — дейді әкесі. — Көктемнің әр күні жылға азық. Содан үй іші болып жердің басына келді. Әкесі, шешесі, өзі, екі інісі. Жұмыс қызу басталып кетті. Екпегендері жоқ. Сәбіз, картоп, пияз, жүгері, орамжапырақ, қауын-қарбыз. Асан жазғы демалысын атыз басында өткізді. Екі інісімен сонда қонады. Әкесі шартақ соғып берген. Екіншіде оқитын Досан — шай дайындаудың шебері.

— Биыл өнім жаман болмас, — дейді әкесі жайқалған көкөністерге көз салып қойып. — Еңбек етсең, Жер-Ана да иіп сала береді.

Әкесінің айтқаны келді де тұрды. Егін мол өнім берді. Әсіресе қауын-қарбыздар теңкиіп көздің жауын алады. Сауда бақшада-ақ қызды. Бейтаныс ағалар көлікпен келіп, өздері тиеп әкеліп жатты. Әкесі мәз, мұртынан күледі. Оқудан

келісімен, Асан атызға асығады. Әке-шешесіне көмек беруі керек. Әлі де атызда қалған-құтқан өнім көп. Қызанақтар жерге түсіп, ағып жатыр. Өткенде ауыл балалары масақ теруге келді. Өзімен төртіншіде бірге оқитын Айкүміс те бар. Екеуі бірге отырып қауын жеді.

— Қауының не деген тәтті? — деді Айкүміс. Асан біраз марқайып қалды. Әсіресе «Қауының» деп айтқанына.

— Тойып жеп ал, — деді. — Кешке бес-алты қауын ала кет. Әйтпесе, үйіңе өзім апарып тастаймын. Ауыр ғой.

Айкүміс үндемеді. Әдемі жымыып қойды. Бұған өте риза болғаны.

Әкесі бүгін өте көңілді екен.

— Ертең менімен бірге жүріңдер, — деді үш ұлына. — Базарға апарып, не керек болса, соны алып берем...

Сол күні үй іші мәре-сәре болды. Асан мен Хасен су жаңа кәстөм-шалбарды қайта-қайта киіп көріп әлек. Ал ең кішкентей Досан болса, жаңа велосипедтің дөңгелегіне жел беріп әлек. Насспен мұрны да пыс-пыс етеді.

— Жаз бойғы еңбектерінің өтеуі ғой, — деді әкесі әдетінше мұртынан күліп.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Асанды ұйқысынан оятқан кім?
2. Олар қайда келді? Не екті?
3. Өнім қалай болды?
4. Әкесі неге күлді?
5. Әңгіме неліктен «Еңбек жемісі» деп аталды?

БОТИНКА, ШҰЖЫҚ, БАЛҚАЙМАҚ

Ботинка,
Шұжық,
Балқаймақ
Дүкенде тұрып ұрысты.
Ботинка шықты айғайлап:
— Айту керек дұрысты!
Сен екеуің кімсіңдер,
Мені айтыңдар мүлік деп,
Құр мақтанып жүрсіңдер,
Жұртқа сырттан күліп көп.
Шұжық, сені тепкілеп,
Жарайын ба ішіңді?
Төгіп тастап, Балқаймақ,
Көрейін бе күшіңді?!
Білмейсіңдер, өмірге
Кім пайдалы, кім мықты.

Кәне, екеуің жеңіл де,
Мойындаңдар шындықты.
Шықты Шұжық шыртыып,
Білеуленді бүйрегі.
Балқаймақ та быртыып,
Сөзбен қатты түйреді,
Таласты олар ұзақ түн,
Кежілместі, көнбеді,
Кетті айтыс ұзап тым.
Бір бітімге келмеді...
Бақтан оянды әнші құс,

Ай да қалғып барады.
Шымқай тартты күншығыс,
Алтын арай тарады.
Ботинка,
Шұжық,
Балқаймақ —
Жатыр әлі айғайлап...
Бірін бірі мінеді,
Керкілдесті, керісті.
— Жүгінетін біреуді
Табалық, — деп, келісті.
Дауларын кім шешеді?
Олар ұзақ жол кешті.
Келе жатып үшеуі,
Көк төбетке кездесті:
— Әй, көк төбет, көк төбет!
Білетіні көп төбет.
Әділдігі мол төбет,
Арамдығы жоқ деп ед,
Ақыл-ойға байсыңыз,
Айтыңызшы шындықты,
Ардақтымыз қайсымыз?
Кім қадірлі, кім мықты?
Сілекейі шұбырып,
Сөйлейді ит былай деп:
— Көзіме сен көрінбей,
Ей, Ботинка, былай кет!
Күшік емен ойнайтын,
Ботинка, өзің қаттысың.
Қанша жесең тоймайтын,
Шіркін, Шұжық, тәттісің...

Сонда ғана төбеттің
Арам ойын сезіпті...
Келе жатып үшеуі,
Мысыққа енді кезікті:
—Ала мысық, әй, мысық,
Аузы, мұрты май мысық,
Алпамсадай тай мысық,
Ақыл-ойға бай мысық,
Бізге, көне, айтыңыз
Әділетті, шындықты.
Пайдалымыз қайсымыз?
Кім қадірлі, кім мықты?
Сонда мысық—қу қырсық,
Сыр бермеуге тырысып,
Көзін ашып, бір қысып,
Сөйлеп кетті білгірсіп:
—Шұжық, досым, сор қайнап,
Жақпай қапсың ішіме.
Соңғы түндер, Балқаймақ,
Еніп қапсың түсіме,
Сен боласың ойымда,
Күндіз, ерте, кеште де...
Ал Ботинка жайында
Айтпай қойды ештеме.
Сонда олар мысықтың,
Арам ойын сезіпті...
Келе жатып үшеуі,
Тышқанға енді кезікті:
—Тышқан, тышқан, сұр тышқан,
Мойныңды бұр, тышқан.
Әділдігі мол тышқан.

Қәне, өзіңіз айтыңыз
Әділетті, шындықты.
Пайдалымыз қайсымыз?
Кім қадірлі, кім мықты?
— Рас, мұндай тартыста
Керек ара түсуім.
Кеміргенде тісімнің
Қандырасың қышуын, —
Деді-дағы сұр тышқан,
Ботинкаға таянды.
Ашылғандай араны,
Ежірейе қарады.
Сонда олар тышқанның,
Арам ойын сезіпті.
Келе жатып үшеуі
Сиырға енді кезікті:
— Ақ сиыр-ау, ақ сиыр,
Ақиқатқа жақ сиыр
Біз айтысып кеп тұрмыз,
Бір ақылды тап, сиыр.
Ақыл-ойға басыңыз,
Айтыңызшы шындықты,
Пайдалымыз қайсымыз?
Кім қадірлі, кім мықты?
Сиыр сөйлей жөнелді
Бір төңкеріп көздерін:
— Мына менен, әуелі,
Шыққансыңдар өздерің.
Шытынама, Балқаймақ,
Сені сүттен беріп ем.
Ал Ботинка, айқайлақ,

Жасалғансың теріден.
Сен де, Шұжық, безілдек,
Шығасың ғой етімнен.
Енді өзім, өзім! — деп
Екіленбе бетіңмен.
Сөйте тұра өзімді,
Мақтамаймын, таспаймын.
Әрқашанда сөзімді,
Бақташыдан бастаймын.
Шалқытып ел табысын.
Жайлауда жүр малшылар.
Қыс-боранмен алысып,
Жаз жаңбырға малшынар.
Айтсам егер шындықты,
Сол қадірлі, сол мықты!
Көргің келсе бұларды,
Қазір бәрің ер маған! —
Олар асып қырларды,
Бір-ақ шықты фермадан.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Дүкенде нелер ұрысты? Неліктен жағаласты?
2. *Мысық, тышқан, күшік-үшеуі* неге таласты? Олар бір шешімге келе алды ма?
3. Олар шындық іздеп неге жүгінді?
4. Ал сиыр *ең жақсы, ең мықты* деп нені атады?
5. Ненің аналық ақ пейілі аңғарылады?
6. *Шықты Шөжық шыртыып,
Білеуленді бүйрегі.
Балқаймақ та быртыып,
Сөзбен қатты түйреді*
деген өлең шумағындағы бейнелі сөздерді атаңдар.

ЖАЛБЫЗДЫНЫҢ ЖАҒАСЫНДА

Шілде түсе біздің ауылда бие байлайтын үйлер Жалбыздының жағасына көшеді. Қырдың шөбі сарғайып, күн ысып кетеді. Өзен жағасы салқын. Біздің үй ауылдың ең шетінде. Жалбызды өзенінің бойында. Биенің сүтін үйге тасуға да жақын. Атам биені сауған сайын саумалды үйге беріп жібереді. Тез барып келе қоямыз. Ойынның қызығына түсіп кеткенімізді көрсе, өзі-ақ апара салады. Біздің жағдайымызды да түсінеді, кейімейді. Біз де айтқанын екі етпей орындаймыз.

Мен ауылда тұрамын. Жәлел қалада. Ауылдан көшіп кеткеніне көп болған жоқ. Сондықтан жазғы демалысты түп-түгел ауылда өткізеді. Екеуіміз де — атамның немересіміз.

Бүгін күн таңертеңнен-ақ ысып кетті. Жалбыздының жағасындағы талдар да қыбырсыз. Қамыс, қоға, жалбыз да селт етпейді. Қапырық. Тек өзеннің сылдыры ғана естіледі. Суға еңкейсең, жеңіл леп келеді.

Жәлел екеуіміз шомылып болған соң, бие жаққа жақындап едік, басын ақ орамалмен шандып алған атам қолын бұлғады. Оң қолында шелегі. Шелектің бетінде ақ орамал, үстіне жалбыз жауып қойыпты.

— Мына қаланың баласын су сорып тастапты ғой, — деді. — Ауылдың баласы мықты-ы-ы! Үйге барып ыстық сорпа ішіңдер. Мына саумалды ала

кетiңдер. Қайтарда шелекті ала келуді ұмытпаңдар.

Екеуіміз ақ есекке мiнгестiк.

Мен алдамын. Артымда Жәлел шелекті ұстап отыр. Шелекті есектің денесіне тигізбей ұстау керек. Қолың қатты талады. Жәлелдің қолы нәп-нәзік. Бірақ қиналғанын сездірмейді. Шыдамды-ақ!

— Анау қарбызды көрдің бе, теңкейіп жатыр? — деді Жәлел. Шынында да ұжымшардың қарбызы түйіндегелі біраз болған. Күнге бүйірлері жылтырап, әдемі көрінеді.

Жалбыздының жағасынан кері қайтарда тізгінді Жәлел ұстады. Ақ есектің жүрісі манағыдай емес, ширақ.

— Анау қарбыздан ала кетейік, — деді Жәлел. Үйге келе жатып көргенбіз, үлкен!

— Әлі көк қой, — дедім. — Әрі көріп қойса, ұят болады.

— Көрмейді.

— Өзенбай атай осылай қарап тұр ғой.

— Жақындағанда белгі беремін. Түсіріп алған болып, шелекті тастап жібер. Сонан соң жерге түсесің де, қарбызды шелекке салып, әпере қоясың...

— Көк болса ше? — деймін. Жәлелдің тапқырлығына қайран қалдым. Қалай ойлап таба қойды?! Лажсыз келістім. Қонақты ренжітуге болмайды. Атам солай деген.

Жәлел белгі берді. Мен шелекті тастап жібердім. Қалтырап есектен түсе алмадым. Жәлелдің өзі секіріп түсіп, қарбызды әп-сәтте шелекке салды да, маған әперді. Ештеңе болмағандай, тіз-

гінді қайта ұстады. Бақша күзетшісі Өзенбай атай қолын көлегейлеп қарап тұрған. Көрген жоқ шығар, байқаса, дауыстар еді ғой.

Қалың талдың ішіне кіріп, қарбызды жардық. Көкпеңбек, піспеген екен. Мен Жәлелге ренжи қарадым. Ол езуі жайылып күлді. Сөйтті де, көк қарбызды қарбыта екі-үш рет асады. Қалғанын өзенге лақтырды.

— Көңілсіз қайтыпсыңдар ғой? — деді атам.

— Күн ысып кетті, — деді Жәлел жып етіп.

Ендігі ойынымыздың қызығы болмады. Қайта-қайта жалбыздарға қараймын, бастарын шайқайтын сияқты. Жәлелге бұрылсам, төмен қарайды.

...Демалыс аяқталуға тақады. Жәлел екеуіміз соңғы рет бірге шомылып келе жаттық. Жолда Өзенбай атай тоқтатты.

— Екеуің жаздай саумал тасыдыңдар. Қымбат апаларыңның қымызын іштік. Ризамын сендерге. Мынаны екеуің бөліп жеңдер, — деп, үлкен ала қарбызды алдымызға тосты.

Біз жерге кірердей ұялдық. Қайтарда екеуімізге үлкен-үлкен екі қарбызды тағы ұстатты. Баяғы «жиендігімізді» білді ме, жоқ па? Әй, біледі-ау, біледі ғой...

Қалаға қайтарда Жәлел: «Кешір» деді. Мен түсіндім.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Біздің үй қайда?
2. Жәлел қайда жасайды?
3. Шал не істеді?
4. Олардың қылықтары сендерге ұнай ма?
5. Олар неге ұялды. Себебі не?

БІР УЫС МАҚТА

Сол күні төртінші сыныптың жетекшісі Әбді ағай тәрбие сағатын еңбек тақырыбына арнап өткізіп, сөзінің соңында былай деді:

— Біздің сыныптағы озат оқушы Мәлім өзінің Мамадияр, Сейділлә, Нұрыдін секілді достарымен бірге ақ мақтаның шығын болмауына үлестерін қоса білді. Ел байлығы жанашыр балалардың әрекет етуінің нәтижесінде бейберекет шашылған жоқ...

Бұл сөздің астарында басқаша сыр бар еді.

Мәлімнің үйі орталық көше бойында. Шаруашылықтың бір шетіндегі елді мекеннің ортан белінен кесіп өтетін тас жолмен күн сайын машиналар мен тракторлар ары-бері ызғып жатады. Ол соларға қызықтап қарап отыруды жақсы көреді.

Түстен кейін көше қапталында отырған. Үй ауласының алдындағы ұзынша орындықтан тұра бергені сол еді, тіркеме сүйреткен трактор алдынан зуылдап өте шықты.

Әлгі трактор едәуір жерге дейін ұзап та кетті. Сонда ғана байқады, артынан бірнеше уыс мақта түсіп қалыпты. Жүгірген бойы апыл-ғұпыл теріп алды да, трактордың соңынан қуа жөнелді. Жете алмады.

«Тракторшы ағай сезген жоқ қой. Әйтпесе, тоқтатар еді-ау...» — деп кілт кідірді де, кері қайтты.

Сәлден кейін тағы сондай трактор жылжып өте берді. Мәлім оны қол бұлғап тоқтатты.

— Ағатай, мына жерге — төгілген мақтаны қабылдайтын орынға ала кетіңізші!.. — деді.

Трактордың кабинасынан басын шығарып, Мәлімге күлімсірей қараған тракторшы:

— Жақсы «жігіт» екенсің. Өнім молшылығы — ақ ұлпаға жаныңның ашитындығы білініп-ақ тұр. Мақтаны тіркеменің үстіне сал, — деді.

Осы сәтте тракторшы лып етіп жерге түсті де, ризашылығының белгісі ретінде Мәлімнің арқасынан қақты.

Тіркеменің жан-жағын тексеріп көрді де, тракторшы ағай өз жөнімен жүріп кетті.

Ертеңіне болған оқиғаны Мәлім сыныптас достары Мамадияр, Сейділлә, Нұрыдінге айтты. Содан соң, әңгімелесе келе, ортақ келісім жасады.

Олар кеш түсердің алдында жол жиегіндегі мақтаны жинап алып, қораның ішіне апарып қойды. Күн сайын осылайша ұйымдаса қимылдайды. Бір күні байқап қалды ма, әлде, естіген шығар, Мәлімнің фермер ағасы:

— Жолдан терген мақталарыңды маған беріңдер. Қанша қап болды? — деді.

— Әрқайсымыздікі бір-бір қаптан...

— Нақты ақшасын төлеймін.

Мәлім және оның достары қуанып кетті. Еңбек ақылары нақтылай қолдарына тиген соң, ата-аналарына апарып берді. Олардың да ризашылығын алды.

Балалар сонда өздерінше ойға берілді: «Құр босқа қарап жүргенше, еңбек еткен жақсы екен ғой. Бәрінен де маңдай тердің ақысына не жетсін!»

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Төртінші сынып жетекшісі не айтты?
2. Тіркемелі трактор қайтті?
3. Тракторшы ағай Мәлімнің арқасынан неге қақты?
4. Балалар қандай ойға келіп, не істеді?
5. «Еңбек етсең ерінбей» деген тақырыпта шығарма жазыңдар.

ЖАСАНДЫ ЖЕРСЕРІГІ

Жер шарын айналып ұшып жүрген жасанды аспан денелерінің бәрі әдетте жасанды жерсерігі деп аталады. Жерсерігінің адамзат баласы үшін атқарар қызметі өте көп. Олардың міндеті — орталық аппараттан сымсыз радио дабылын және түрлі электро-магнит толқындарын дер кезінде қажетті жеріне жеткізу. Жерсерігі өте қашықта орналасқандықтан радио толқындарын қабылдауда және жер-жаһанды жіті бақылап, тың мәліметтерге қол жеткізуде ешбір тосқауылға ұшырамайды. Сондықтан да ол бейнелі түрде «сезгір құлақ» аталған. Ол ақпарат тарату қызметінде ғана емес, әуедегі ұшақтарға, теңіздегі кемелерге, сол сияқты жапандағы кен барлау қызметкерлеріне жол нұсқау, бағдар сілтеу, соған қоса байланыс (телефон, ұялы телефон, интернет) жүйелерін, қатынас-тасымал желілеріндегі көлік қозғалысын реттеу, мұхиттағы, құрлықтағы апатты жағдайлардан алдын ала хабар алу, қиыншылықта қалғандарға қол ұшын беру, мал шаруашылығымен қатар «Қызыл кітапқа» енген жабайы хайуанаттарды қорғау, сондай-ақ басқарылмалы зымыранды және ядролық жарылыстарды қадағалау істерінде де кең қолданылады.

Жерсерігі — адамзат ақыл-парасатының жемісі, озық ғылым-техниканың зор жетістігі. Құрылысы күрделі, алыстан басқарылатын алып машина. Ол аспанға көтерілген соң, алдын ала есептелген қозғалыс сызығының орбитасына еніп, сол шеңберде жер шарын айналып ұшады.

Жасанды жерсерігінің атқаратын қызметіне қарай түрлері де көп. Мысалы: *ауа райын бақылаушы, жер байлығын барлаушы, жер қойнауын тексеруші, қоршаған ортаны күзетуші және құпия әскери нысандарды қадағалаушы, жасырын суретке түсіруші серік* дегендей...

Мұнда ауа райын бақылаушы серікке арнайы тоқтала кеткен орынды. Себебі, ауа райының күрт өзгерісінен болатын апаттардың көбінен адам баласы осы серік ғарышқа ұшырылған соң ғана сақтануға мүмкіндік алды. Бейнелі тілде «алыстағы көз» аталып кеткен жерсерігі, оның ішінде осы ауа райын бақылаушы серік күн райының өзгерісін дәл мерзімде байқап, жинаған мәліметтерін кешіктірмей жер бетіндегі қабылдау орталығына жіберіп отырады. Ал мұның алдын ала қам жасап, сақтық шараларын жасауға тапсырмас ақпарат көзі екені айтпаса да белгілі.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. *Жерсерігі* деген не?
2. Ол нені айналып ұшып жүр еді?
3. *Жерсерік* — ненің, кімнің жемісі?
4. *Жерсерігінің* қандай түрлері бар?
5. Олар қандай мақсатпен ұшырылады?
6. Ауа райының өзгерісін білуге не арқылы мүмкіндік алдық?

ӘЛЕМГЕ МӘШҲҮР БАБАЛАР



ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ

(870— 950 жылдар)

Әбу Насыр әл-Фараби — дүниежүзілік мәдениет пен ілімнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы, арабша: «Муаллими соний» атанған данышпан, философ, сан қырлы ғалым, әдебиетші, ақын.

Ол Арыс өзенінің Сырдарияға құя беріс сағасындағы ежелгі Отырар қаласында туылған. Ежелгі түркілердің орталық қаласы, мәдениет орталығы болған Отырарда әр түрлі тайпалар мекен еткен. Бұл шаһарды арабтар «Фараб» деп кеткен. Әл-Фарабидің толық аты-жөні: Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Ұзлық Тархани.

Әл-Фараби алғашқы білімді туылған жері Отырарда алады. Одан соң Бағдад, Қорасан, Дамаск,

Каир қалаларында оқып, ең көрнекті ғалымдардан тәлім-тәрбие алады.

Фарабидің «Ақылдың мәні туралы трактат», «Данышпандықтың інжу-маржаны», «Ғылымдардың шығуы», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» сияқты 200-дей зерттеу еңбектері оның есімін әлемге танытты.

Фараби Дамаск қаласына жерленген.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әбу Насыр әл-Фараби кім?
2. Ол қайда туылған? Ол қала бүгінде не деп аталады?
3. Әбу Насыр не себептен «әл-Фараби» атанды?
4. Ол қай жерлерде білім алды?
5. Оның неше зерттеу еңбектері бар?

ДАНАЛЫҚ

Әл-Фараби Димашықта (Дамаск) болғанда, сол шаһардың әміршісі Сәйф әд-Дәулә әл-Хамадани сарайына кіріпті. Әмірші ғұламалардың ортасында мәжіліс жүргізіп Дәуләнің алдына келеді. Әмірші: «Отыр», — десе, әл-Фараби оған: «Қай жерге отырайын? Өзім тұрған жерге ме, әлде сіз отырған орынға ма?» — деп сұрапты. Сонда Сәйф әд-Дәулә: «Сол тұрған орныңа», — деген екен, әл-Фараби бұл сөзге құлақ аспай, жиналып отырғандарға қарамай, әмірші отырған жұмсақ төсекке барып отырыпты.

Сарай ішінде Сәйф әд-Дәуләнің мәмлүктері болыпты. Әмірші оларға: «Алдарыңдағы шейх әдептен озып, өз білгенін істеді, қазір оның

білімін байқаймын, егер сынақтан өте алмаса өкетіп өлтіріңдер», — деп құлдарына өз тілінде бұйрық беріпті. Сонда әл-Фараби де сол тілде сөйлеп, әміршіні таң қалдырып: «Әмірші, сабыр етіп, істің соңын бағыңыз», — деген екен. «Бұл тілді қайдан білесің?» — деп таңданады Сәйф әд-Дәулә. «Мен жетпіс тілде сөйлей аламын», — дейді әл-Фараби. Сөйтіп, отырған ғұламалармен ғылымның әр түрлі саласы бойынша сөз таластыра бастайды. Келген адамның білімі күшті екенін байқағаннан кейін, жиналғандар үндемей отырып қалады. Ал әл-Фараби болса, тоқтаусыз әңгімесін жалғастыра береді. Отырғандар қағаз-қаламдарын оңтайлап, ғалымның аузынан шыққан сөзді жаза бастайды. Сәйф әд-Дәулә әл-Хамадани өзінің негізсіз ашуланғанын түсініп, келген адамның ғылымға терең бойлағанын байқағаннан кейін, ол туралы әлі де көбірек білгісі келеді.

Мәжілісті тарқатып, отырғандар кете бастайды. Әл-Фараби де орнынан түрегеле бергенде, әмірші оны тоқтатып, кідіре тұруын өтінеді. Шығып кеткендердің шуы басылғаннан кейін әл-Фарабиден: «Тамақ ішесіз бе? Шарап ішесіз бе?» — деп сұрайды? «Жоқ», — деген жауап алғаннан кейін: «Ән тыңдайсыз ба?», — деп сұрайды. «Иә», — деп жауап қайырады. Сәйф әд-Дәулә әнші жігіттер мен қыздарды, әуеншілерді алдырады. Сәйф әд-Дәулә мен әл-Фараби тізерлесе қатар отырады. Жан-жақтарынан әншілер мен әуеншілер қоршап алады. Бәрі өнерлерін көрсетеді. Бірі сазды шығарма тартса, екіншісі ән

салады. Әл-Фараби оларға сын айтып, кемшіліктері мен қателерін баян етіп отырады. Сонда Сәйф әд-Дәулә: «Сіз бұл өнерді де жақсы түсінеді екенсіз», — дейді. Әл-Фараби: «Иә», — деп жауап береді.

Әл-Фараби дорбасының ішінен ағаштан істелген аспабын алады. Оның күйін келтіріп, ойнай бастайды. Орындалған шығарма көңілді болып, отырғандардың барлығы күледі. Енді музыкалық аспаптың күйін басқаша келтіріп ойнайды. Сонда жиналғандар түгелімен жылайды. Әл-Фараби үшінші рет аспабының күйін келтіреді. Ғажап әуенді шығарма ойналғанда Сәйф әд-Дәулә және жиналғандар ұйықтап кетеді. Есік аузындағы күзетшісіне дейін ұйықтатып, әл-Фараби сарайдан шығып жүре береді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әл-Фараби кімнің сарайына барды?
2. Әмірші Сәйф әд-Дәулә оған не деді?
3. Фарабидің білімін қалай байқады?
4. Фараби неше тіл білген?
5. Фараби кімдерге сын айтып отырды?
6. Жиналғандар неге түгелімен жылады?

МАХМҰД ҚАШҚАРИ

Махмұд Қашқари — он бірінші ғасырда өмір сүріп, еңбек еткен ұлы тілші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған, зерттеуші ғалым, белгілі саяхатшы. Ол «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбек

жазып, өз заманындағы түркі тілдерінің ғылыми грамматикасын жасады.

Махмұд ибн-ул Хұсайын ибн Мұхаммаділ Қашқари орта ғасырдағы мәдениет орталықтарының бірі болған — Баласағұн қаласында туылған. Балалық шағы осы маңайдағы Үбіл және Әзін деп аталатын қыстақтарда өткен. Ұлы ғалымның «Қашқари» деп аталуының себебі сол, оның бабасы Баласағұн бір кезде Қашқардан көшіп келген.

Болашақ ғалым Баласағұн, Қашқар, Самарқан, Бұхара, Нишапур, Мерв және Бағдад шаһарларында оқыған.

«Диуани лұғат ат-түрк» жинағынан үзінділер:

1. Ұлық болсаң, кішік бол.
2. Құс қанатымен,
Ер атымен.
3. Көрікті тоның өзіңе болсын.
Шырын асың өзгеге болсын.
4. Кісі аласы ішінде,
Жылқы аласы сыртында.
5. Арыстан қартайса, тышқан інін күзетер.
6. Күздің келетіні жаздан-ақ белгілі.
7. Әдептің басы — тіл.
8. Бақыт белгісі — ақыл мен білім.
9. Кеңеспен істеген іс келісе береді,
Кеңессіз істегендер керісе береді.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН

Жүсіп Хас Хажиб Баласағұн—XI ғасырдың аса көрнекті ақыны. Оның есімі шығыс елдеріне кеңінен танымал болған. Ол—данышпан-ойшыл, ғалым, белгілі қоғам қайраткері.

Жүсіп Баласағұн—табиғаттану, математика, астрономия, тарих, тіл білімі, одан да басқа толып жатқан ғылым салаларын жете меңгерген ғұлама ғалым.

1069 жылы он сегіз айдың ішінде Жүсіп бабамыз «Құтты білім» атты дастанын жазып аяқтады. Бұл дастан—қазіргі түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы тарихы, қоғамдық-саяси өмірі, ғылымы, әдебиеті мен мәдениеті, салт-санасы туралы мол деректер беретін көркем туынды.

«Құтты білім» дастанынан үзінділер

1. Ақыл—шырақ, қара түнді ашатын,
Білім—жарық нұрын саған шашатын.
2. Кісілік қымбат емес, кішілік қымбат.
3. Әдептің басы—тіл.
4. Ақыл көркі—тіл,
Тілдің көркі—сөз,
Адам көркі—жүз,
Жүздің көркі—көз.
5. Әдепті ақылдыдан үйренесің.
6. Біліп айтқан сөз—білікті саналар,
Біліксіз сөз басыңды жеп, табалар.
8. Наданға төрден орын тисе, қор етеді,
Данышпанға босағадан орын тисе, төр етеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жүсіп Хас Хажиб Баласағұн қай ғасырда туылған?
2. Ол қандай дастан жазды?
3. «Құтты білім» дастанының ерекшелігі неде?
4. «Әдептің басы—тіл» деген сөзді қалай түсіндіңдер?

Мекембай Омарұлы

МІР ӘЛІШЕР ФИЁСИДДИНҰЛЫ НАУАИ

Өзбек халқының ғана емес, төрткүл дүниенің ұлы ақыны әрі ойшылы Мір Әлішер Фиёсиддинұлы Науаи 1441 жылдың 9 ақпан күні Қыратта туылды.

Әкесі Фиёсиддин темурилер сарайының шенді адамы, ал әжесі шах бұлдіршіндерінің тәрбиешісі еді. Әлішер Темір ұрпақтарымен бірге тәрбиеленеді. 4 жасында оны оқуға береді.

Қорасан сол кездегі ірі орталықтардың бірі еді. Бірақ мұнда шенді адамдар арасында бақталастықтың күшейіп тұрған кезі болатын. Сондықтан да 1449 жылы Науаидың отбасы Ирақтың Тафт қаласына көшіп барды. Содан 1452 жылы Қырат қаласына қайтып оралды.

Әлішер өзінің туған қаласы Қыратта оқуын қайта жалғастырып, әдебиет пен тарихты, пәлсапа мен мантиқты (логиканы) зейін қойып үйренеді. Сондай-ақ, ол сурет, ән-күй, көркем жазумен де шұғылданды. Сол кездегі ақындарға тән бір қасиет—қос тілділік. Әлішер де қос тілде—түркі мен парсы тілдерінде шығармашылықпен шұғыл-

данып, талантты ақын ретінде Қыратта үлкен абыройға ие болды. Кейінірек Әлішер түркі тіліндегі шығармаларына «Науаи», ал парсы тілінде жазылған шығармаларына «Фони» деген бүркеншік есім (псевдоним)мен қол қойды.

Небары 15 жастағы Әлішер 1456 жылы Қорасанның әкімі Әбілқасым Бабурдың сарайына жұмысқа кірді. Сол жылдың өзінде-ақ Қорасанның болашақ әкімі Сұлтан Құсайын да, Әлішер де Әбілқасым Бабурмен бірге Машқат қаласына сапар шегеді. Бұл жылдардың ішінде Әлішер үзбей ізденеді. Ерінбей оқиды. Атақты Бабурдың өлімінен соң да (1457 жылы) Машқатта қалып, оқуын одан ары жалғастырады. Сонда жүріп біраз туындыларын жазды. Оған көп жылдардан соң ғана сүйікті Қыратқа қайта оралу сәті түседі. Әдеби, мәдени, ғылыми орталық болған Қыраттың басында бұл кезде қара бұлт айналып жүреді. Айтса айтқандай-ақ, жаңа патша Абу Саид Мырза еліне елеулі, халқына қалаулы дәрежеге жетіп, көзге көрініп қалған Науаиды жер аударады. Ол мұсылман елінің сол кездегі тағы да бір ірі орталығы Самарқанға келеді. Самарқанға келген соң, Әлішер мұнда өз заманасының ірі ғұлама ақыны Әбдірахман Жәмиден үйренеді. Әбдірахман Жәми — поэзия әлеміндегі жарқын жеті жұлдыздың бірі. Оны жас Әлішер өзіне ұстаз тұтады. Ол Самарқанның Фазлуллох Абуллаис медресесінде дәріс алады. Көзі көзге түсіп, мейірі артып, самарқандық ғалымдармен таныса жүріп, шығармашылық жұмыспен шұғылданады.

Сөйтіп, бұл жылдар да Әлішер Науаи үшін босқа өткен жоқ.

1469 жылдың бас жағында мерт болған Абу Саид Мырзаның орнына таққа Науаидың медреселесі Хұсайын Байқара отырады. Хұсайын Байқара мемлекет басшысы, ірі қайраткер болумен қатар поэзияны жан-тәнімен сүйетін, өзі де талай поэзиялық шығармалар жазған ақын еді. Ел басшысы екендігіне қарамай, өз дәуірінің білікті де білімді ақындарын қатты қадірлейтін. Сондықтан да ол алыста жүрген Науаиды өз сарайына шақырып, жауапты қызметке (1469 ж.) тағайындайды. Ал ұйымдастыру жұмыстарында, жалпы істің ақ-қарасын жақсы танитын Науаиды 1472 жылы бас әмір етіп тағайындайды.

Тек ақындық жолын ғана ойламай, елдің жарқын болашағын да ойлаған ұлы ақын ең алдымен елдің көркеюіне үлес қосты. Оқу-ағарту, өнер мен әдебиетке де көп көңіл бөлді. Қырат қаласының да көркеюіне үлес қосты. Осындағы құрылыстарға басшылық жасады. Бірақ оның бұл игілікті істерін көре алмай, біраз беделді кісілер іштарлық жасады. Нәтижеде қарсы топтың қарсылығына душар болған ақын бұл жұмысын—әмірлігін тастап, баяғы өзінің сүйікті ісі—шығармашылық жұмыстарына құлшына кірісіп кетеді. Әлішер Науаидың ендігі тағы да бір мақсаты—өзінің түркі тілінің беделін қайтсе де арттыру еді. Атақты ақын бұл мақсатын да орындады. Өзбек тілінің, өзбек әдебиетінің—түркі жырының беделін арттырды. 120 мың жолдан астам жыр жазды.

Науаи енді алыстан тау секілді биік болып көрінетін болды. Өзіне өзі таудай етіп, жырдан ескерткіш соқты.

Ел арасында оның ықпалы мен беделі де баяғыдай арта түсті. Дұшпандары екі араға от жақпақшы да болды. Бірақ бәрібір байсалды Хұсайын Байқара Науаиды 1487 жылы Астрабадқа әкім етіп тағайындайды. Әлішер Науаи ел басқаруды да, ел басқара жүріп жыр-маржан теруді де ұлы іс деп білді.

Баяғыда Қыратта жүргенде ел ішінде тәртіп орнатып, көгалдандыруға, оқу-ағартуға көбірек көңіл бөлген-ді. Астрабадта да сол баяғы игілікті істерін қайта жалғастырды. Бір қатар шараларды жүзеге асырып, 1489 жылы Қыратқа оралды.

Өзінің ата жұрты, туған өлкесінде ақылы толысып, кемеліне келген ақын ойға толы өлеңдер мен прозалық шығармаларын жазды. Бұл шығармалар—оның өмірінің жалғасы.

Әлішер Науаи 1501 жылдың 3 қаңтар күні қайтыс болды. Туған халқы оны ақ жуып, арулап Қырат қаласына жерлейді.

Содан бері де біраз ғасыр өтті. Өмірге өмір жалғасып келе жатыр. Ұлы ақынның да мәңгілік өмірі Өзбекстандай тәуелсіз елі барда, халқы барда жұмыр жер беті мен жүректерде жалғаса береді...

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әлішер Науаи қайда туылды?
2. Ол кімдермен бірге тәрбиеленді?

3. Әлішер қандай пәндерді сүйіп оқыды?
4. Әлішер шығармаларын қай тілдерде жазды?
5. Ол кімнің алдына жұмысқа кірді?
6. Науаи не үшін жер аударылды?
7. Самарқанда кімнен білім алады?
8. Хұсайын Байқара кім? Ол кімдерді қадірлейтін?
9. Науаи қай жылы әмір етіп сайланды?
10. Науаи әкім болған соң неге көп көңіл бөлді?
11. Ол қай тілдің беделін арттыруға көп күш жұмсады?
12. 2002 жылы Мәскеуде Ә.Науаиға ескерткіш орнатылғанын ескеріңдер.

Әлішер Науаи

КӨҢІЛДЕРДІҢ СҮЙГЕНІ

Қай көңіл ауыр сөзден жаралы болса, ащы тіл оған найза сынды болып көрінеді. Көңілге шаншылған тіл қанжарының жарасы бітпейді, өйткені, бұл жарақатқа ешнәрсе де бұласыр, орнына жарамайды. Әрбір көңіл тіл қанжарынан жараланса, жұмсақ сөз бен шырын тіл оған ем болады және рахат бағыштайды. Жылы сөз көз байлаушы секілді жыланды інінен шығарса, жақсы мәлім жауыздарды да досқа айналдырады...

* * *

Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады. Сөз парқына бармай, әйтеуір ойына келгенді былшылдай беретіндер қара кештен таң атқанға дейін үретін итке ұқсайды. Шайпауыз жан халық көңілін жараласа, өз басына да опат келтіреді. Наданның былжырау үшін тамағын қыр-

науы — есектің орынсыз ақырғанымен тең. Тілі бал татитындар сөзін жай және қиыннан қиыстырып айтады. Көңілдің көкжиегінде көрінбек болған жүз қайғыңыз да оның бір ауыз сөзінен ыдырап кетеді. Мүмкіншілігі бар әрбір жақсылық — сөзден.

* * *

Қорқынышты хабарды шындық деп дереу дос құлағына «алтын сырға» етіп тақпа. Және біреудің айыбы көрініп тұрса, бетіне оны салық етпе.

* * *

Жақсыға жамандар да, жақсылар да көз тігеді. Жақсы кісі жамандарға да жақсылық істеуді ұмытпайды. Жақсылық істей алмасаң, жамандықта істеме. Жақсылықты жамандықтан абзал санамасаң, жаман деп те ұқпа. Жақсылықты білмесең, жақсыларға қосыл. Жақсылықтың айналасында айнала алмасаң, онда жақсылардың төңірегінде шыр айнал.

* * *

Бір жәбір тартқанның ауырын жеңілдетіп, қиыншылықтардан құтқарып қалу — жақсылық. Егер жомарт адам қолын жоқшылық байлап, ауыртпалықтарға душар болғанда, оның гүлдерінің тікен арасынан жарып шығып, жайқалуына қосқан үлесіңді тілге тиек етіп, міндет қылма, бетіне шыжғыртып басушы да болма.

* * *

Залымдар тыныштығыңды бұзса-дағы, езілгенде шапағат жаса. Күштілердің иектеуіне кезіксең де, қолы қысқаларға қол ұшын беруден қаймықпа. Ақыл-есті азамат келісімнің есіктерін ашып, өзі-ақ жармасудан аяқ тартады. Аралардың уілінен көз алдында найза көлбеңдесе, оның балынан тәтті тәбетің ашылады.

* * *

Көңіл—жан дүниенің патшасы. Көңілдің амандығы—жандүниеңнің де амандығы. Көңілге тиген жамандық—жандүниеңе де тиген жамандық. Тәннің бұрысы мен дұрысы көңілдің бұрыс немесе дұрыс ниетіне байланысты. Дүниенің жайқалуы мен шайқалуы шаһтың әділеттілігі мен қайырымдылығына байланысты. Патша—мүлік дүниесінің жаны, көңіл—жандүниеңнің сұлтаны.

Аударған М. Омарұлы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Көңіл неден қалуы мүмкін?
2. Көңілге не ем болады?
3. Жақсы кісі жамандарға да жақсылық істей ме?
4. **«Тіл тас жарады»** дегенді қалай түсінесің?
5. **«Біреудің көңілін қалдыру бір шаһарды талқандаған-мен тең»** дегенді естідіңдер ме? Ол сөз нені аңғартады?
6. Мәтіннен **қайырымдылық, шапағат** туралы айтылған сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

ӘЙ-ӘЙ, БӨПЕМ

Ауылым көшіп барады Алмалыға,
Кім көнбейді тағдырдың салғанына.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Ата-анамның хабарын алмағалы.
Әй-әй, бөпем,
Кейін қалған елімді
Көрер ме екем?!

Туған жердің сағынып топырағын,
Көз алдыма келеді сол тұрағым.
Ата-анамды аяулы аңсағанда,
Ақ бөпемді аялап отырамын.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.
2. Өлең кімнің атынан айтылып отыр?
3. Кейіпкердің ата-анаға, туған жерге деген перзенттік сағынышын өлеңнің қай жолдарынан көруге болады?
4. Өлеңнің ішіндегі ұйқасқан сөздерді айтыңдар.
5. «Алмалыға, топырағын, ата-анамның, ауылым» деген сөздер қай септік жалғауларында тұр?
6. Өлеңді жаттап алыңдар.

БЕСІККЕ БӨЛЕУ

Мойнымдағы тұмарым,
Тарқамайтын құмарым.
Тағдыр берген алсын деп,
Ақ бесікке салсын деп.

Мойнымдағы маржаным,
Қорадағы мал-жаным,
Бесігіңе жата ғой,
Тәтті ұйқыға бата ғой!
Балам жатсын бесікке,
Пәлесі қасын есікте.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Тұмар» деген не?
2. «Маржан» не?
3. Перзентін сүйгеннен ана оны «қорадағы мал-жаным» деп отыр ма әлде басқа себебі бар ма?
4. Бесіктің дәрігерлік тұрғыдан алғанда, денсаулыққа өте пайдалы екенін ұғындар.

ТІЛЕК

Ала биең құлындап,
Алатауға сыймасын!
Қара биең құлындап,
Қаратауға сыймасын!

Үйіңнің алды ой болсын,
Қораң толы қой болсын!
Қазаныңда қайнаған
Кілкілдеген май болсын!

Айың тусын оңыңнан,
Күнің тусын солыңнан
Мал менен басың тең өсіп,
Кетпесін дәулет қолыңнан!..

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Балаға үлкендер не айтады?
2. «Алатауға, Қаратауға сыймасын» дегені не дегені?
3. Өлеңнің соңғы жолдары қандай тілек білдіріп тұр?
4. «Дәулет» дегенді қалай түсінесіңдер?
5. Алатау, Қаратау қайдағы таулар?

АЙНАЛАЙЫН БАЛАДАН

(диалог түрінде жырланады)

— Айналайын баладан,
Тауып алдық даладан.
— Далада бала жата ма?
— Түсіп қапты шанадан.
— ...* Біздің бала қайда екен?
— Қыздарменен тойда екен.
— Тойда неғып жүр екен?
— Алма теріп жүр екен.
— Алмасынан қанеки?
— Жаңа теріп жүр екен.
— Жаңасынан қанеки?
— Қабы толмай жүр екен.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Диалог дегеніміз не? (қазақ тілінен өткенбіз).
2. Өлеңді кезектесіп оқыңдар.

Ұйқассыз өлең болмайды. Ұйқас — өлең сөздің кесімі. Ақындар өлеңді ұйқаспен жазады.

Әр тармақтың соңғы бунақтарының аз ғана айырмашылықпен естілуін, жазылуын өлеңнің ұйқасы дейміз.

— Айналайын / **баладан,**
Тауып алдық / **даладан.**
— Далада бала / жата ма?
— Түсіп қапты / **шанадан.**

Бұл өлең 4 тармақтан құралған. 3-тармағы ғана ұйқаспаған. Ұйқасып тұрған сөздер **баладан, даладан, шанадан.** Соңғы бунақтар 3 бұйыннан құралып тұр. **1-жол 2-жолмен, 2-жол 4-жолмен ұйқасатын өлең түрін қара өлең ұйқасы дейміз.** 3-жол ұйқаспайды.

Өлеңдерді оқып көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазыңдар.

Сендерсің мәртебемді ...
Жеткізіп егделікке ...
Кел, көктем!
Кел, кел, көктем, айналайын,
Ағаң боп қалайыншы ...

Тиісті сөздер: сүйіп беттен, сүйікті еткен, биіктеткен.

KIM KҮШТІ?

Ерте, ерте, ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен.
Қырғауылы қызыл екен,
Құйрық жүні ұзын екен.
Қырғауылы қарқылдап,
Жалтыр мұзға сартылдап,
Алшая келіп қоныпты.
Шаты айрылып қалыпты.
Қисая жатып қырғауыл
Сонда мұздан сұрапты:
— Мұз, мұз, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Бауырымды жаңбырға тестіремес едім.
— Жаңбыр, жаңбыр сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Жерге жұтқызар ма едім?
— Жер, жер, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Көк шөпке бауырымды жардырмас едім.
— Көк шөп, көк шөп, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Көк тоқты мойнымнан жұлқымас еді.
— Көк тоқты, көк тоқты, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Көк шұнаққа құйрығымды жұлқытпас едім.
— Қасқыр, қасқыр, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Көк мылтыққа қоңымды ойдырмас едім.

— Көк мылтық, көк мылтық, сен неден күшті болдың?

— Мен күшті болсам,
Қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім.

— Тышқан, тышқан, сен неден күшті болдың?

— Мен күшті болсам,
Құмырсқаға ен салдырмас едім.

— Құмырсқа, құмырсқа, сен неден күшті болдың?

— Алты батпан ауырды
Арқалаған күштімін.
Жеті батпан ауырды
Желкелеген күштімін.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақ ертегілері кейде осы өлеңнің бірінші шумағы арқылы басталатынын ескеріңдер.

2. **Мұз, жаңбыр, көк шөп, көк тоқты, қасқыр, көк мылтық, тышқан** күшті ме, жоқ па? Айтқан уәждері орынды ма?

3. Құмырсқа не үшін күшті болып тұр?

4. Осы өлеңнің өлшем бірлігін табыңдар.

ЖЫЛ ҚҰСЫН КӨРГЕНДЕ

Самалық, самалық!
Көк құс көзін ашты ма?
Аяғын жерге басты ма?
Самалық, самалық!
Самарқанның көк тасы
Жібіді ме, көрдің бе?

Қап тауының көк құсы
Жүгірді ме, көрдің бе?
Самалық, самалық!



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жыл құстары қай кезде оралады?
2. «Самарқанның көк тасы» деп нені айтып отыр?
3. Қап тауы қайда орналасқан?
4. Өлеңді жаттап алыңдар.

ЖЫҒЫЛҒАНДА

Түйеден жығылсаң,
Түйе шудасын төсейді.
Аттан жығылсаң,
Ат жалын төсейді.
Сиырдан жығылсаң,
Сиыр мүйізін төсейді
Қойдан жығылсаң,
Қой жабағысын төсейді.
Ешкіден жығылсаң,
Ешкі мүйізін төсейді.
Есектен жығылсаң,
Есек тұяғын төсейді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Түйе қандай жануар?
2. «Шуда, жал, мүйіз, жабағы, тұяқ» деген сөздердің мағынасын білесіңдер ме?
3. Жығылғанда ең қатты бататындары қайсылар?
4. Түйенің, жылқы, сиыр, қой, ешкінің пірлері кімдер?
5. Өлеңнің мазмұнын айтыңдар.

ӘР НӘРСЕНІҢ ПІРІ БАР, ҚОЛДАУШЫСЫН БІЛІП АЛ

Диқанның пірі — Баба Диқан.

Бақыттың пірі — Қыдыр Ілияс (Сайрамда).

Ақынның пірі — Асан Қайғы (Ұлытауда).

Құстың пірі — Бидайық.

Иттің пірі — Құмайық.

Судың пірі — Сүлеймен.

Қойдың пірі — Шопан ата (Ташкенттің Шыланзар ауданында).

Сиырдың пірі — Зеңгі ата — (Зеңгі ата ауданында).

Жылқының пірі — Қамбар ата.

Түйенің пірі — Ойсыл ата (Піскент ауданында).

Ешкінің пірі — Сексек ата.

Баланың пірі — Ұмай ана.

Жігіттің пірі — Шаймерден (Сарыағаш ауданында).

Ұстаның пірі — Ер Дәуіт (Сарыағаш ауданында).

Тәуіптің пірі — Лұқман.

Киіктің пірі — Файып Ерен, Қырық Шілтен (Арыста).

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бұл адамдардың бәрі де киелі адам екенін біліп, оған көңіл бөліңдер.

2. Аты аталған әулиелер иманы төгіліп тұрған ғажайып кішіпейіл адамдар, құдіретті ұлы рух иелері екенін ескеріңдер.

3. Ата-аналарыңның осы пірлерді айтып отырғанын естігенсіңдер ме?

МАҚАЛДАР

ТУҒАН ЖЕР — ОТАН ТУРАЛЫ

- Туған жерге туың тік.
- Ер — елінде, гүл — жерінде.
- Өз елім — өлең төсегім.
- Әркімнің өз жері — Мысыр шаһары.
- Ел іші — алтын бесік.
- Отан оттан да ыстық.

ӨНЕР-БІЛІМ ТУРАЛЫ

- Өнерлі өрге жүзеді.
- Өнерді үйрен де, жирен.
- Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.
- Ата көрген оқ жонар,
Ана көрген тон пішер.
- Өнерлінің өрісі ұзақ.
- Жеті рет піш, бір рет кес.
- Ақыл көпке жеткізер,
Өнер көкке жеткізер.

ЕҢБЕК ТУРАЛЫ

- Еңбек етсең, емерсің.
- Кәсіп, кәсіп түбі — нәсіп.
- Еңбегі аздың өнбегі аз.
- Ердің атын еңбек шығарады.
- Сыпырғы келсе, шаң қашар.

- Еңбек ерлікке жеткізер,
Ерлік елдікке жеткізер.
- Көз — қорқақ, қол — батыр.

ЫНТЫМАҚ-БЕРЕКЕ ТУРАЛЫ

- Ырыс алды — ынтымақ.
- Ынтымақ түбі — бірлік.
- Бір жеңнен қол шығар,
Бір жағадан бас шығар.
- Алтау ала болса,
Ауыздағы кетеді.
Төртеу түгел болса,
Төбедегі келеді.

ЖАҚСЫЛЫҚ ТУРАЛЫ

Жақсыменен сөйлессең, ашыларсың,
Жаманменен сөйлессең, басыларсың.

Жақсыменен жүрсең — жетерсің мұратқа,
Жаманменен жүрсең — қаларсың ұятқа.

Жақсылыққа жақсылық — әр кісінің ісі еді,
Жамандыққа жақсылық — ер кісінің ісі еді.

Жақсыменен жанастыр,
Жамандардан адастыр.

Көп тұрғаннан сұрама,
Көпті көргеннен сұра.

Күйездің іске қолы жетпес,
Нәзіктің ісі бітпес.

Қазанға жақын жүрсең, күйесі жұғар,
Ақымаққа жақын жүрсең, бөлесі жұғар.

Қара арғымақ арыса,
Қарға адым жер мұң болар.

Қорқақты көп қусаң, батыл болады.

Нағыз жомарт бергенін айтпас,
Батыр айтқанынан қайтпас.

Өз бетін аямаған,
Кісі бетін шиедей қылады.

Өлімнен ұят күшті.

Су басынан лайланады.

БАТЫРЛЫҚ-ЕРЛІК ТУРАЛЫ

- Ерді намыс өлтірер.
- Ер қанаты — ат.
- Балuanға оң, терісі бірдей.
- Ер айтпас, айтса, қайтпас.
- Талапты ерге нұр жауар.
- Ердің малы — елдің малы.
- Айлалы батыр алдырмас.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мақалдардың тақырыбы мен мағынасына назар аударып, олардың мәнін анықтаңдар.
2. Мақалдарда қандай ойлар қорытылады?

3. Мақалдардың шығуына белгілі бір оқиғалар себеп болуы мүмкін бе?

4. Мақалдардың бұдан басқа қандай түрлерін білесіңдер (төрт түлік мал, егіншілік, жақсылық, жамандық, достық)?

5. Ауыл арасынан мақал жинаңдар.

Аз сөзге көп мағына сыйдырған ақыл сөзді мақал дейміз.

Біздің елімізде ең көп мақал жинаған азаматтар—профессор Қыдырәлі Саттаров пен Жолдасбек Бұғыбаев.

НАҚЫЛ СӨЗДЕР

Ел аузында **өткір сөз, бос сөз, қаңқу сөз** деген сөздермен қатар **ақыл сөз** дейтін қасиетті сөз де бар. Халқымыздың тұрмысы мен тіршілігіне, еңбегіне байланысты туған ел ішінде көптеген **нақыл сөздер** де бар.

Аттың аттан несі артық:
Аттап басқан ізі артық.
Қойдан қойдың несі артық:
Бір асымдық еті артық.
Қыздан қыздың несі артық?
Екі қызыл беті артық.
Ерден ердің несі артық?
Баптап айтқан сөзі артық.

* * *

Уайым түбі—тұңғиық,
Түсерсің де кетерсің.

Тәуекел түбі — жел қайық,
Мінерсің де өтерсің.

* * *

Екі мақұл дауласса,
Сөздері асқар таудай болар.
Бір тентек, бір мақұл дауласса,
Атысқан жаудай болар.

* * *

Ашу — дұшпан, ақыл — дос,
Ақылыңа ақыл қос.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Ашу — дұшпан, ақыл — дос,
Ақылыңа ақыл қос» деген сөз нақыл сөз түрінде айтылғанын байқаңдар. Бұл сөзден қандай қорытынды шығаруға болады.
2. «Дұшпан, дос» деген сөздердің мағынасын түсіндір.

ЖҰМБАҚТАР

Жол үстінде қу қазық,
Мергеншіге жол азық.

(нво\)

Аузы бар, тілі жоқ
Терісі бар, жүні жоқ.
Жүрегі бар, ізі жоқ
Қанаты бар ұшпайды,
Су астында қыстайды.

(жягяг)

Дегендей ешкім тимесін,
Алыпты қадам инесін.
(шұңқ)

Тарпаң-тарпаң тарбиған,
Түрі жаман жарбиған.
(бақа)

Жас кезінде қара орман,
Жыл озған сайын ағарған.
(таш)

Бірі үлкен, бірі кіші,
Туысқан бірге бес кісі.
(Бес сауақ)

Балдан тәтті.
(тұқ)

Ти десем тимейді,
Тиме десем, тиеді.
(Ері)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. 2-жұмбақта ненің сырт көрінісі, сыртқы белгілері сипатталып, жұмбақ етілген?
2. Жұмбақ айту халықтық дәстүрімізге кіре ме? Үйіңде кім көбірек жұмбақ жасырады?
3. Сендердің зейінділігің мен жүйріктіктеріңді достарың, ата-аналарың не арқылы сынап көреді?

Жасырылған нәрсені сыртқы белгілері, көріністері арқылы табуды жұмбақ дейміз.

Жұмбақтың мағынасы — шешуі.

ЖАҢЫЛТПАШТАР

Шалабай шыли шалағай,
Шалағай шыли Шалабай.
Шақша басы шарадай,
Шаладай шала Шалабай.

* * *

Суда сең келеді,
Сегіз серке тең келеді.
Суға сақалын мала, сілкі,
Суға сақалын мала, сілкі.

* * *

Қара майлы қарағайды
Кесейін бе, кеспейін бе?
Қазықтағы қара тайды
Шешейін бе, шешпейін бе?

* * *

Қабат-қабат үй салдық,
Үйлер толы күй сандық.
Күй сандықтан үй салдық,
Күй сандыққа күй салдық.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жаңылтпаш неге жаттықтырады?
2. **1-жаңылтпаш** қай дауыссыз дыбыстан басталған?
3. Сөздердегі дауысты дыбыстар **бірыңғай жуан дауысты дыбыстар** ма, **бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстар** ма?

ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ ҚЫС АЙЫ



Өмірзақ Қожамұратов

ҚЫС

Көрі қыс шатақ екен, тыңдамапты,
Күзді де қырдан әрі сырғанатты.
Орай сап төңіректі ақ қарымен,
Ол мені пәктігіне бір қаратты.

Ал, аяз көрсетпек боп зәрлі күйін,
Ауылдың аралап жүр барлық үйін.
Шаңқобыз—селеу тартса зарлы күйін,
Қағып ап кетіп жатыр қарлы құйын.

Шулайды, ызыңдайды, шыңғырады,
Түнгі аяз темірді де сындырады.
Таң ғана әкелді бір тыныштықты,
Қызарып шықты қырдан күн құлағы.

Жол жатты жалт-жұлт етіп, күміс қырлы,
Түнгі шу көрінбей бір тыныс құрлы.
Бұл дала жайып тастап ақ парағын,
Мен үшін—жазбаған жыр, тың іс тұрды.

Жігіт—қыс, төбеге мұз—шылбыр сапты.
Осылай ойлаған ем бұл бір сәтті,
Қалыпты бұталар да ауыр тартып,
Қондырып аш денеге мұз бұршақты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Күзден кейінгі мерзім қай мерзім?
2. Түнгі аяз нені де сындырады?
3. Өлеңді жаттап алыңдар.

Табиғат құбылыстарына жан бітіріп, адам кейпінде суреттелген мезгіл-жігіт — қыс. Бұл — кейіптеу.

С. Шаймерденов

ҚАР

Тұрар есікті жауып қойды да, терезе алдына келді. Үлкен терезеден күңгірт аспанның бір бөлігі ғана көрінеді. Қалың қар жауып тұр. Үлкен қар ұлпалары жерге түсерде қызық. Баяу қалқып келеді де, сәл орала беріп, құсша қонады. Жел жоқ, дыбыс жоқ. Күңгірт аспанға бойлап тұрған қыраулы биік ағаштардың басы қыбыр етпейді. Алма ағаштарының қалың бұтақтары бір-біріне айқаса иіріліп, неше түрлі өрнек жасаған.

Қар жапалақтары жұлдыз сияқты ұзын кірпікті. Олар әлсін-әлсін терезе көздеріне жабысады. Кенет еріп, төмен қарай су болып сырғанап жөнеледі.

Жер-дүниенің бәрі аппақ. Тек терезе тұсындағы бір түп қарақат бұтасының астыңғы жағы ғана қарауытып көрінеді. Шарбақ қадалары қардан басына қоқырайта қалпақ кие бастаған. Осының бәрі Тұрарға әлдебір қиял, кинокартинадай болып көрінеді.

Тұрар терезе жақтауына шығып алып, желдеткішті ашып қойды. Жылы қыс таңының жұмсақ лебі соқты. Есік алдынан өтетін тар жолдың арғы бетін бойлап ағатын тау өзенінің шуы естілді. Тұрар терезеден басын қылқитты. Қар жапалақтары басына қона бастады. Дыбысы жоқ, салмағы жоқ болса да, денені түршіктірер зәрі бар. Тұрар түшкіріп салды. Содан кейін шешесінің суық тиіп қалады дейтіні есіне түсті. Ол күндегіше жылы киінді де, далаға шықты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бұл қай мезгіл?
2. Қыстың басқа жыл мезгілдерінен айырмашылығы неде?
3. Жауып тұрған қар мәтінде қалай бейнеленген? Сол сөйлемдерді табыңдар.
4. Қарақат бұталары неліктен қыста қарауытады?
5. **Қоқырайта, қылқитты, күңгірт** сөздерінің мағынасын мұғалімнен сұраңдар.
6. Осы мәтіннің негізінде мазмұндама жазыңдар.

ҚЫС

Қандай суық қыс деген?
Қалтырайды құс деген.
Құлақшынды кимесең,
Құлағыңды тістеген.

Қандай қызық қыс деген?
Бәрін шебер істеген:
Бақша-бауды, тауды да
Бояған ақ түспенен.

Қыс дегенің аймақта
Қатып қалған қаймақ па?
Құлдырайды шанамен
Қыр басынан сай жаққа.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңнің мазмұнын айтыңдар.
2. **«Қыс дегенің аймақта
Қатып қалған қаймақ па?»**
— деген өлең жолдарын қалай түсінесіңдер?
3. Өлеңнің бірінші шумағы мен төртінші шумағы бірыңғай қай дыбыстардан басталған?
4. Өлеңді жаттап алыңдар.

М. Әуезов

БОРАН

...Суық қатайғаннан болса керек, аспаннан түскен қар алғашқыдай ұсақ емес, жабысқан үгінді қар емес, жұмырланған ұсақ, қатты, қиыршық бо-

лып жиілеп ұра бастады. Маңдайды желге қарсы беріп жүру әсіресе қиындады. Аз ғана уақыт ішінде атты құлағына шейін, Абайдың селдір сақал-мұрты мен кірпігіне шейін қырау басып қалды.

Абайдың түлкі тымағының екі самайынан қалалып ұрған жел шекесін шаныштыра бастады. Еңкейіп келе жатып, бетін бұрып, ықтап шабайын десе, желкелігінен ұрып, мойнына қарды тықпалай береді. Қайта бұрылғанда, аязды боран бетін, мұрнын жалап, ығын кетіре бастады. Енді қолыменен бетін жиі-жиі уқалап, үсінуден сақтанды. Қос қолы қатты тоңып, саусақтарының ұштары шаншып, тізгін мен қамшы ұстауға ебін кетірді. Қарып, мұздатып барады. Сол күйдің үстіне әсіресе екі самайынан тымақ ішін кеулей ұрған жел шыдатарлық емес.

Ығы кетіп, ер үстінде аз жүрісте оңға, солға да бұрылды. Еңкейіп, ат жалында да бүгіле түсіп шапқан Абайдың мазасы кетті. Құр мазасыздық емес, енді беті-қолдың үсіну қаупі бар. Самайдан өткен жел одан да қатер. Тоңу ығын кетіре күшейген сайын енді Абай етегіне де ие бола алмады. Қайта-қайта қымтаған етегін, сәл қозғалса, жел ақтармалап, жұлып ашып, қайырып жібереді. Басында өзге жолдастарынан бұрын суыққа сыр бермеспін десе де, енді шыдап болмады.

...Қанша екені белгісіз, ұзақ бір шыдамға тістеніп бекініп алғандай болған жолаушылар көп заман толассыз, тынымсыз қатты жүрістен аумай келеді. Көптеген құлаққа беймаза боп ысқыра

шулап соққан жел кейде ерекше бір ызамен ышқынып кетіп, екпіндетеді. Күні бойы үзілместен шу-шу еткен жалғыз үн құлақ тұндырғандай. Сарылған суық сазынан жаңылған жоқ. Кейде ақ боран, қатты аяз ұлып та кетеді. Көп бөрінің боранды далада құтырған дауыс ішінде баспана іздеп, жас қан іздеп, қосылып ұлығанындай азан салады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Абай кім?
2. Абайдың неліктен мазасы кетті?
3. Ол не істеуге бекінді?
4. Әңгіме не үшін «**Боран**» деп аталады?

Нұрқасым Қазыбеков

СЕҢ

Менің әжем әңгімешіл кісі еді. Ертеде Жанбай деген атаң Әулиеата жақтағы туыстарын іздеп, жолға шығыпты дейтін. Жарықтық өзі жалғыз көк байталға мініп, біреуге қонып, біреуге түстеніп келе жатады. Мезгіл—қыстың басы екен. Ол кезде Шу өзенінде көпір болмапты. Әлі су бетін тұтас ұстай қоймаған кесек-кесек мұз, жентектелген қар бірін-бірі бөгеп, қызыл су қаптап жатыпты.

Өзенді жағалап, жоғары-төмен көп жүреді. Байқап қараса, бір жерінің суы астына түсіп, бетіне қаймақшып мұз іліне бастаған екен. «Әлі бекімеген мұз көтере ме, жоқ па?»,—деп ойланып

тұрғанда, арт жағынан бес-алты салт аттының келе жатқанын байқап қалады. Ұры-қары, барымташылар болса, мазақтап жүре ме деген ой келіп: «Жанбай, Жанбай!»—деп, көк байталды борбайға бір салып, мұзға қойып кетеді. Көк байтал мұзды сықырлатып, шатқаяқтаған бойы өзеннің арғы жағына өте шығыпты. Мұны көрген әлгілер бұл жерді өткел деп ойлайды. Бірақ мұз семіз-семіз атқа мінген көп кісіні көтере алмай, олар суға кетіпті.

Осылайша өзендер мен көлдердің, теңіздердің бетінде ағатын мұз сынықтарын, бөлшектерін «Сең»,—деп атайды. Сең біздің жердің өзен-көлдерінде, теңіздерінде екі мезгілде ағады. Әуелгісі суық күзде болады. Жаңа қата бастаған мұз кесектері, суға тиіп жентектелген қар бір-бірімен тұтасып ұстасқанға дейін. Екіншісі, ерте көктемде, қыс бойы қатып жатқан мұздардың еріп, сынған кезінде.

Ендеше «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі»: «**Сең**—зат. Өзендер мен көлдерде, теңіздерде қыс бойы қатып жатқан мұздақтардың көктемде еріп сынған бөліктері, мұз ағыны»,—деген анықтаманы өстіп сәл толықтырып оқысақ, зияны жоқ.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «**Аяз**» дегенде нені көз алдыңа келтіресің?
2. «**Мұз**» дегенде ше?
3. **Шатқаяқ, жентектелген** сөздерін түсіндің бе?
4. «**Сең**» деген не екен?

ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ ҚЫС АЙЫ

Бұрындары маған қыс айы бір түрлі сұрқай, еш қызықсыз сияқты көрінетін. Көбіне қыс кезінде жылы үйде отырғанды ұнататын едім.

Осындай ызғарлы күннің бірінде даладан үйге інім кіріп келді. Екі беті нарттай қызарып кетіпті.

— Жүр, қар жауып жатыр. Аққала соғайық. Сырғанақ тебейік, — деді ол ентігіп.

Мен оның көңілін қимай далаға шықтым. Бейнебір мыңдаған, миллиондаған аппақ көбелектер жерге қонып жатқан сияқты. Мен алақанымды тосып, осы көбелектерді «аулауға» кірістім. Олар сол заматта еріп кетеді. Мен енді басқасын ұстауға тырысамын. Бұрынғыдай «Қыс қашан аяқталар екен?» деген жабырқау көңіл-күй жоқ, әпсәтте көңілденіп сала бердім. Інім екеуміз әбден құмарымыз қанғанша алысып, бір-бірімізбен қар атқыласып ойнадық. Қыс айы не деген қызық еді!

Тапсырма:

Әңгіменің жалғасын сыныпта өздерің жазыңдар.

ЕРТЕ, ЕРТЕ, ЕРТЕДЕ



Ертегілер — халқымыздың жазу-сызу өнері болмаған кездерде шығарылған туындылар. Ертегілер көркем әңгіме түрінде де, өлең түрінде де айтылады.

Халқымыздың еңбек-кәсіпшілігі, тұрмыс-тіршілігі, табиғат сыры, арман, қиялы ертегілерге алтын

арқау болып өрілген. Ертегілерден халқымыздың нені арман етіп, нені көксегенін көреміз.

Ертегілердегі ұшар кілемдер—бүгінгі ұшақтар мен тікұшақтар. Ата-бабаларымыздың арман-ойлары бүгінде шындыққа айналып, жүзеге асып отыр. Кеше, одан бұрын—мұның бәрі ертегі ғана болатын. Адам баласының аяғының айға жетуі—тағы да шындық.

Мазмұны бай, ерекшелігі мол қазақ ертегілері бірнеше түрге бөлінеді:

1. Қиял-ғажайып ертегілер.
2. Хайуанаттар жайындағы ертегілер.
3. Тұрмыс-салт ертегілері мен аңыздар.

Ертегілердің кейіпкерлері: мыстан кемпір, жезтырнақ, айдаһар, жалғыз көзді дәу, жын мен пері, арыстан, түлкі, бөдене, түйе, т.б.

Ертегілердің мазмұны бірдей болмайды. Ертегілер әңгіме, өлең түрінде айтыла да, жазыла да береді. Ертегінің оқиғасын шеберлікпен, қиыннан қиыстырып айтатын адамды ертекші дейміз.

Ыбырай Алтынсарин

ДҮНИЕДЕ ЖАМАНДЫҚ НЕДЕН?

Дүниеден безіп, тысқа шығып кеткен, бір ақжүрек шал қалың ну орманды мекендейді. Ормандағы аң мұнан қорықпайды. Аңмен сөйлесіп ұғысатын болады.

Бір ағаштың түбінде ақжүрек жатыр еді. Сол жерге түнемек болып, қарға, көк кептер, бұғы, жылан жиылды. Олар: «Дүниеде жамандық неден болады?»—деп кеңес құрды.

— Дүниеде жамандық түбі—аштық. Тамаққа әбден тойсаң, бір бұтақтан бір бұтаққа қонасың. «Қарқ-қарқ!» деп, өлеңді соғасың. Тұла бойың лақылдап толған қызық, қуаныш, не көрсең, соған қуанасың. Ал енді бірер күн аш болсаң: көзіңе көрінгеннің бәрін иттің етінен жек көресің, құдайдың күніне де қарағың келмейді. Қайда барарыңды білмейсің, бір жаққа жоғалып кеткің келеді де тұрады. Бірден ұшып, бір жерге қонасың, сенде дамыл жоқ. Ұшып көрсең, есің шығып, бұрынғыдан да жаман боласың. Не екенін аңдамай киіп кеп кетесің. Сені таспен, таяқпен жіберіп ұрады. Ит, қасқыр сүйрелеп жүрген жемтіктен айырылмайсың. Тамақ үшін аштан қанша қарға өледі. Жамандықтың бәрі аштықтан,—деп шешен қарға соқты.

— Дүниеде жамандық аштықтан емес, жамандық түбі—махаббат. Біз жалғыз-жалғыз өмір сүрсек, уайым-қайғы жоқ болар еді. Жалғыз басқа кедейлік жоқ. Біз жұптап жүреміз, жұптап өмір сүреміз. Жарыңды өзіңнен артық көресің, жарыңды ойлап сенде тыныштық жоқ. Тоқ па, аш па, суыққа тоңды ма?—деп, сорлайсың да жүресің. Бір жаққа бөлек ұшып жарың кетсе, не болды деп, ойлап әуре-сарсаң боласың. Қаршыға көзін шұқып жатыр ма, балалар ұстап алды ма деп, іздеп өзің ұша жөнелесің. Сөйтіп, қаңғып жүріп,

не қаршығаға, не тұзаққа өзің кез келесің. Жарың жоғалса, жарың өлсе, дүние де түкке тұрмай кетеді. Енді дүниеде сүйікті еш нәрсе болмайды. Түк жемей, түк ішпей іздейсің де жылайсың. Қанша көк кептер осыдан өледі. Жамандықтың бәрі аштықтан емес, махаббаттан, — деп көк кептер сөйледі.

— Жоқ, жамандық аштықтан да, махаббаттан да емес. Жамандық түбі — жаман мінез. Біз тату жүрсек, қастық ойламасақ, кекшіл болмасақ, жақсы болар еді. Бір нәрсе өзің ойлағандай болмаса, ашуланасың, дүние түк құрлы көрінбейді. Көзіңе не түссе, бәрін жек көресің. Ойлағаның — біреуден кек алмақ. Біреуді шақпақ болып ысқырып, іздеп, иіріліп жүргенде, ашуланып, өзіңді-өзің ұмытып кетесің, ешкімді аямайсың. Әке, шешең тұрса, шағасың. Өзіңді өзің жегің келіп тұрады. Өлгенге кейін ашуланасың. Дүниеде жамандықтың бәрі қара жүректіктен, — деп, жамандық иесі жылан соқты.

— Жоқ, жамандық аштықтан емес, махаббаттан да емес, жаман мінезден де емес, қорқақтықтан. Қорықпайтын болса, дүниеде жақсылық жауғандай болар еді. Аяғымыз жүргенде желмен таласады. Қуат көп, мықты жаудан қашып құтыласың, әлсізден сүзіп құтыласың. Бірақ қорықпасқа болмайды. Сырт етіп бір бұтақ сынып кетсе, бір жапырақ сылдыраса, қорқып селкілдеп кетесің. Жүрегің тас төбеңе шығады, бұтақ сынса, жау келіп қалды ғой деп, тұра жөнелесің. Дәл жаудың өзіне жүгіріп кез келесің... О бол-

маса иттен қашып жүгіріп, аңшыға соқтығысасың. Қорқып жүгіре жөнелесің. Қайда қашып бара жатқаныңызды білмейсің, құзға шығып кетіп, құлап өлесің... Ұйықтағанда да бір көзіңмен ғана ұйықтайсың, тыңдап жатасың. Бәрі қорыққанның азабы... Тыныштық бізде жоқ. Жамандық қорқақтықтан, — деп, момын бұғы сөйледі.

— Жоқ, жамандық аштықтан да емес, махаббаттан да емес, мінезден де емес, қорқақтықтан да емес, біздің көріп жүрген азабымыздың бәрі, жамандықтың бәрі — біздің тәнімізден. Аштық, махаббат, жаман мінез, қорқақтық — бәрі тәнге байлаулы. Аштық, махаббат, жаман мінез, қорқақтық — бәрі тәннен өсіп-өнеді. Олар — тәннің асырап өсірген балапаны. Сондықтан тәнді таза ұстау керек, — деп ақжүрек ақсақал әңгімені байлады.

Сұрақтар:

1. **Қарға, көк кептер, бұғы, жылан** ағаш түбінде не құрды?
2. Жамандық туралы қарғаның пікірі қалай?
3. Көк кептердің пікірі ше? Жыланның ойы қалай?
4. Ақжүрек ақсақалдың әңгімесі қалай болды?

НАҚЫЛ СӨЗ

Кісіге деп жақсылық ексең, соны орасың.

ҮШ АҚЫЛ

Бір кісінің үш ұлы болыпты. Ол ұзақ та, мағыналы өмір сүріпті. Бірақ кәрілік келген соң, төсек тартып, ауырып жатыпты. Шал өзінің балаларын шақырып алып:

— Ұлдарым, жақында біздің жақсы күндеріміз, жаман күнге ауысады. Мен мына жарық дүниеден аттанамын. Соның алдында өз міндетімді өтеп, сендерге үш ақыл айтайын деп едім. Алдымен бір-бір шыбық алыңдар да, сындырып көріңдер, — дейді.

Ұлдары әкелерінің тілектерін орындайды. Олар бір-бір шыбық алып, сындырады. Әрине, бір шыбықты сындыру өте оңай еді.

Әкесі:

— Енді үш шыбықты қосып сындырып көріңдер — дейді.

Балалар әрқайсысы үш шыбықты қосып сындырмақшы болып еді, сындыра алмады.

Әкесі тағы да:

— Енді үшеуің қосылып сындырып көріңдер, — деді. Үшеуі қосылып үш шыбықты бірге тез-ақ сындырып тастады.

— Өте жақсы! Енді, менің не айтқым келгенін түсіндіңдер ме? Бұл өмірде ең үлкен байлық — сендердің ауызбіршіліктерің. Сондықтан да менің бірінші ақылым — тату-тәтті тұрыңдар. Екінші ақылым — тамақтарыңды үлкен тәбетпен жеңдер. Менің ақылыммен өмір сүріңдер. Егер менің

ақылымнан түк шығара алмасаңдар, үшінші ақылды шешелеріңнен сұраңдар. Мен сендерге ол ақылды қазір айтпаймын. Ол ақылды шешелерің біледі, — дейді әкелері.

Бірнеше күннен кейін әкелері көз жұмады. Балалары әкелерінің өсиетін екі етпей орындайды. Олар тату-тәтті өмір сүреді. Өз беттерінше тамақ таба алмайды. Әкесі қалдырған бал мен нанды жеп тауысады. Күннен-күнге күнкөрістері қиындай береді. Сондықтан балалар әкесінің үшінші ақылын шешелерінен сұрамақ болады.

— Балаларым менің, әкелерің атбасындай алтынды баққа көміп кетті. Бірақ дәл қай жерге көмгенін айтқан жоқ. Сол себепті қолдарыңа күрек пен кетпен алып, бақты басынан аяғына дейін қазып шығыңдар — дейді шешелері.

Балалары күрек пен кетпен алып ынты-шынтысымен әр ағаштың түбін қаза бастады.

Әбден сілелері қатып шаршаған ұлдарының алдына шешелері қатқан нан мен қайнаған су қояды. Балалары қатқан нан мен қайнаған суды жаңа піскен нан мен балдан артық үлкен тәбетпен жейді.

Шешесі балаларын кешке де солай тамақтандырады. Балалар алтынды кешке дейін іздейді. Сөйтіп, олар барлық бақты қазып шығады. Жері қопарылған бақ бұрын болмаған жеміс береді. Өсіп тұрған жемістен ағаштардың бұтақтары жерге иіледі.

Шешелері көңілді отырған бір күні:

— Балаларым менің, әкелеріңнің дәмді тамақ жеңдер дегені — тамақтарыңды тер төгіп табың-

дар дегені. Еңбекпен тапқан нан қатты болса да тәтті болады. Оны өздерің де көрдіңдер. Әкелерің баққа ешқашан алтын көмген емес. Сендер алтын іздеп, бақтың бәрін қопарып қазып шықтыңдар. Сондықтан біз мол жеміс алдық. Сендердің еңбектеріңнің жемісі — ат басындай алтын дегеніміз осы.

Сұрақтар:

1. Қарт кісі үш ұлына не деді?
2. Ұлдары әкенің тілектерін не істейді?
3. Үшінші ақылды кімнен сұрайды?

ҰЛАФАТТЫ СӨЗ

Аз ғана игі іске көп рақмет айт.

(Ж. Баласағұн)

Серікбай Оспанұлы

ЕШКІ ТУРАЛЫ ЕРТЕГІ

Адамды ауыр қамаған мұң —
Заманында бабалардың.
Болған осы оқиғаны
Айтты бірі ағалардың.

Жоқ екен құс, аңдар да онда,
Салынбапты жонға жол да.
Ертеде, тым ертеде екен,
Үйренбеген мал да қолға.

Жүріпті елдің бәрі жонда,
Түспей шөптің дәні қолға.

Ертеде, тым ертеде екен,
Жоқ бидай мен тары да онда.

Жепті адамдар шөп тамырын,
Басқа амалы жоқ тағының.
Аш-жалаңаш мүлде көп те,
Саны аз екен тоқтарының.

Ашып қарны,
Шөлдеп,
Терлеп,
Ауырыпты бөбектер көп.
Малдың сонда бар атасын
Шақырыпты ел көмек бер деп.

Көріп бәрі жиылғанын,
Бір Тәңірге сиынғанын,
Сиырға ата—Зеңгі баба
Алып кепті сиырларын.

—Жылағанын қойсын Ана,
Аш-жалаңаш тойсын бала,—
Деп түсейін алып кепті
Түйе атасы—Ойсыл қара.

Бір күн сосын жарып көкті,
«Қамықпа, ей, халық!» депті,
Қой атасы—Шопан ата
Барлық қойын алып кепті.

Көріп жерде жұрты барын,
Қандырсын деп бұл құмарын,

Жылқы атасы—Қамбар ата
Алып кепті жылқыларын.

Үсті-басы бөгіп терге,
Малын айдап,
Келіп жерге,
Ешкі иесі—Сексек ата
Ешкілерін беріпті елге.
Малды күндіз-түн бағыпты,
Малдан ет, сүт, жүн алыпты.
Сүт ішіп, ет жегеннен соң,
Адам жүзі нұрланыпты.
Ел бұл іске сүйініпті,
Аталаға иіліпті.
Жүннен түрлі жиһаз жасап,
Барлығы да киініпті.

Түйе маңғаз,
Бір қалыпты,
Жылқы,
Сиыр тілді алыпты.
Жуас қой да айтқанды істеп,
Ешкі шатақ шығарыпты.

Төбелестен тартынбапты,
Мүйіздері сартылдапты.
Ұстайын деп ұмтылса жұрт,
Баж-бұж етіп бақылдапты.

Мал мен малды таластырып,
Бірге жүрсе, адастырып,
Күн көрсетпей,

Жасапты ол
Адам айтса нанбас қылық.

Барлық ісін біліп алып,
Болмас деді ел мұны бағып,
Жатады екен сыздан қашып,
Қой үстіне ол мініп алып.

Баққан атай,
Баққан ағай,
Қойыпты оны мақтай алмай.
Сыртқа шықса, желдепті ешкі,
Беті ауған жаққа қарай.

Қаңғыбас мал жалғанда олар,
Талай әлек салған болар!?
«Ешкі бақтым — еңіредім»,
Деген содан қалған болар!?

Қазір де кім бекер дейді,
Ол семіздік көтермейді.
Ой мен қырға орғып, қарғып,
Ұшып-қонып, секендейді.

Қыста қойлар тебіндейді, —
Қар ашып, шөп теріп жейді.
Ешкі бұған ерінеді.
Қой ешқашан ерінбейді.

Жеңіл өмір тілегені,
Өз-өзінен түнереді.
Қой қар теуіп болған кезде,
Ешкі қағып жібереді.

Оған ашық жер қалады,
Дайын шөпті жеп алады.
Бұл — өктемдік,
Бұл — жалқаулық,
Әйтпесе, қар тебе алады.

Түсіп жұрттың кіл көзіне,
Болсын дейтін бір өзіме,
Ренжіпті бақташылар
Оның жаман мінезіне.

Депті бірі
— Лақ бақтым,
«Лақ бақтым, жылап бақтым».
Тушасының, текесінің
Бір мінезін ұнатпаппын!

Басшы айқайға, бүлікке де,
Қарайды елде күдіктене!
...Тым жеңілтек қоспапты оны
Сондықтан да түлікке де!

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ертегідегі басты кейіпкерлер туралы не айтылған?
2. Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып беріңдер.

Қожагелді Исаев

ТҮЛКІ МЕН ҚАСҚЫР

Бір шаруаның үйінде су құятын үлкен бөшкесі бар екен. Келе-келе құдық қазып алыпты да, әлгіні пайдаланбай қойыпты. Қу түлкі оны сырттай бақылап, қауіп жоқ екенін біліп алады.

Бір күні кешке ақырын келіп, бөшкеге түсіп, жасырынып отырады. Үй-іші ұйқыға батқан кезде, бөшкеден шығып, бар тауықты қапқа салып, түнделетіп ізін жасырады. Олжаға қарық болған түлкі, әкелгенін жеп, інінен шықпай жата береді. Ақыры іші пысқан соң шыдамай орманды аралауға шығады. Жүні жылтылдап, құйрығы күлтеленіп, құлпырып кеткен түлкіні көрген қасқыр аялдап:

—Түке, әдемі болып кетіпсіз, қарныңыз тоқ, көйлегіңіз көк екенін көріп қайран қалып тұрғаным. Сыр бөлісейік,— дейді. Әңгімеге тартып, арсалаңдап. Түлкі болған жағдайдың бәрін түгелімен жасырмай атып береді. Қасқырдың көзі жайнап, сілекейі шұбырып, қуанғанынан «Енді мен барайыншы»,— деп жабысады түлкіге. Сол күні кешке қыстаққа қасқыр келеді. Үй іші ұйқыға батқан кезде, бөшкеден шығып, бір тоқтыны атып ұрады. Қарнының тойғаны сонша, жүруге шамасы келмей, бөшкенің ішіне қайта түсіп, ұйқыға кетеді. Жәй ұйықтаса мейлі ғой, қорылға басады. Бөшкенің ішінен шыққан қорыл, ауланы басына көтереді. Үйдің иесі бөшкеге жақын келіп сығалап қараса, қасқырдың ұйықтап жатқанын көріп, шошып кетеді. Ақырын көршілерді шақырып келіп қасқырды соғып алады.

Ақымақ қасқыр осылай өзі келіп қолға түседі.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шаруаның үйінде не бар еді?
2. Бөшкеге түскен түлкі не істеді?

3. Түлкіге кезіккен қасқыр не деді?
4. Қасқыр қалай қолға түседі?
5. Ертегіні мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып беріңдер.

АЛДАР КӨСЕ МЕН ШЫҚБЕРМЕС ШЫҒАЙБАЙ

Ерте заманда, елдің етек-жеңі келте заманда, Шықбермес Шығайбай дейтін сараң бай болыпты. Мал-мүлкінде есеп болмапты. Бірақ байлығымен аты шықпай, сараңдығымен аты шығыпты... Сол Шықбермес Шығайбай үйіне ешкімді қондырмайды екен, қондырса, дәм беріп оңдырмайды екен. Үйіне кісі келсе: «Жоғары шық» деудің орнына айтатын сөзі: «Шық, әй!» болыпты. Осыдан жұрт оны Шығайбай деп атап кеткен екен.

Шықбермес Шығайбайдың атын естімеген ел болмапты. Оның «Шық, әйін» естімеген жан болмапты.

Тасырлаған «Тас болса да, дәмін татам» деген талайлардың тауы шағылған, құр ауыз қайтқан екен.

Нақ сол тұста «Алдар деген қу бар, Алдардың алдамайтыны, арбамайтыны жоқ» деген атақ та ел-елге жайылған екен. Ел аузындағы мәтелге айналған екен.

— Әй, Алдарың қанша қу болса да, Шықбермес Шығайбайды алдай алмас, — дейді жұрт. Осы сөз Алдарға жетеді. Шықбермес Шығайбайдың атын Алдар да естиді.

— Шықбермес Шығайбайды мырза бай етпесем, Алдар деген атым құрысын, — деп, Алдар

атына мінеді. «Шықбермес Шығайбайдың елі қайдасың?»—деп, іздеп кетеді. Күн-түн жүреді. Ақырында елден іргесін аулақ салған, ен далада жалғыз үй отырған Шығайбайдың үйіне келеді.

«Не істеп отыр екен бұл қу?»—деп, атынан білдірмей түсіп, жабықтан сығалайды. Сығаласа, Шығайбай сап-сары қазыны кесіп отыр екен. Бәйбішесі қамыр илеп, тоқалы бас ұйытып, қызы тырнаның жүнін жұлып жатыр екен.

«Осы астан татпасам, Алдар деген атым құрысын!»—деп, алақанына түкіреді де:

—Кеш жарық!—деп, жылмаң етіп үйге кіріп келеді.

Бұлар да жылдам екен, Алдар «кеш...» дегенді айтып, аузын жиғанша, қолдарындағы астарын тыға қойып, Шығайбай таспаны, бәйбіше ұршықты, қызы тігіліп жатқан көйлекті, тоқалы көсеуді қолдарына алып отырыса қалады. Түк білмегенсіп, істерімен жайбарақат бола қалады.

«Әй, әккі болған неме екенсіңдер, мызғымас қу екенсіңдер»,—дейді Алдар ішінен. Амандасқансып, қол алысқансып, байға сүйкене барып, төр алдына отырып алады.

«Ай, өзің иегіңде бір тал қылшығың жоқ, сақал-мұрттан тұлдырсыз көсеудей көсе екенсің, жұртты құртқан сұм боларсың! Жүрісің жылмаң екен, бойың қылмаң екен, тұзақ үзген қу боларсың! Қу болсаң да, менен дым да тимес»,—дейді бай ішінен.

—Қайдан жүрген қаңғыбассың? Қайда барасың? Не естіген-білгенің бар?—дейді бай Алдарға жақтырмағанын сездіре сөйлеп.

Алдар көтеріле түсіп, күлімдеп, желдірте сөйлей жөнеледі.

— Көрген, білгенім көп. Жолда келе жатып, үлкен сары жылан көрдім. Жуандығы тап өзіңнің астыңдағы сары қазыдай.

Артық-кем қып асырмай.
Шын айтқанды жасырмай.
Таспен ұрдым жіберіп,
Тоқал тыққан басындай.
Былш етті иленіп,
Бәйбіше астындағы қамырдай.
Өтірік болса, сақалым жұлынсын,
Қыз астындағы тырнадай.
Бәрін де осының көріп келдім,
Асыңды пісір, ұрламай!

Осы айтқаннан кейін бай:

— Шоқ түссін тіліңе! — деп, астындағы қазысын лақтырып тастайды.

— Тілің тасқа бітсін! — деп, бәйбіше астындағы қамырын лақтырады.

— Жағың қарыссын! — деп, тоқал етегінің астындағы басын лақтырып жібереді.

— Тілің мерез шықсын! — деп, қыз етегінің астындағы тырнасын алып лақтырып жібереді.

— Қазанды аса бер, бәйбіше, — дейді бай, «амал қанша» деген пішінмен.

Бәйбіше қазанға ас салады да:

— Піс, қазаным, бес ай! — дейді.

— Отырайын он ай! — деп, Алдар етігін шешіп, лақтырып тастайды да, төрге жантая жайласады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ертегі қалай басталды?
2. Ертегіге кімдер қатысып отыр? Олардың іс-әрекетін қалай бағалайсыңдар?
3. Мәтіннің мазмұнын айтыңдар.

Қазан түнімен қайнайды, бірақ түсірілмейді. «Қайнасаң қайна», — деп, бақшиып Алдар да отыра береді. «Мынау кәпір қашан жатады?», — деп, үн жоқ, түн жоқ, сазарып бай да орнынан тапжылмайды. Ақырында бай шыдамай:

— Әй, кемпір сал төсекті! — дейді. Кемпірі төсек салады. Бәрі жатып қалады. «Жатсаң жат!» — деп, Алдар да қисаяды. Байдың көзі ұйқыға барды-ау деген кезде, Алдар орнынан ұшып тұрып, қазандағы етті сүзіп алып, оның орнына тулақты турап-турап, салып қояды.

Бір уақытта бай тұрып, кемпірін оятады.

— Мына ит ұйықтады білем, түсір асыңды тез. Уақытымен асымызды жегізбеді-ау, ит! — дейді.

Бәйбіше қараңғыда асын түсіреді. Бай пышақты қолға алып жіберіп:

— Жат, жігітім, жат! Сазайың осы! — деп, аузына бір кесегін салады, тісі өтпейді. Олай шайнайды, бұлай шайнайды, болмайды.

— Етің не болып кеткен, өңшең шандыр ма, немене? — деп, кемпіріне ұрсады. Қатқан теріні тірідей жұтам деп, түйіліп қалып, май сұрайды.

Кемпір кебежені ашып, аяққа май салады. Әдейі осыны аңдып жатқан Алдар орнынан тұрып барып, майды ала қояды да, оның орнына

іргеден сиырдың жас тезегін алып, табағына салып қояды.

Шығайбай аяқты ала сала, былжырап тұрған жас тезекті май деп, қылғытып жұтып жібереді. Жұтып жібереді де, жүрегі айнып, лақ еткізіп құса салады.

—Қазы орнына шандыр бердің, май орнына саңғақ бердің, алжыған!—деп, кемпірін бір тебеді. Кемпірінің басы жарылып, ойбайлап қалады.

Кемпірдің даусынан оянған болып, Алдар сыртқа шығады. «Бұл сұм бай менен өшін алмай қоймас, атыма бір зиян істеуі мүмкін»,—деп, атына барады. Оның қасында байдың да аты тұр екен. Өз атының маңдайындағы қасқасы болмаса, екеуінің ешбір айырмашылығы жоқ екен. «Менің атыма деп ойлаған қастығы болса, өзіне болсын»,—деп, өз атының қасқасына жас тезек жағып жоғалтады да, бай атының маңдайына бор жағып, қасқа ат қылып қояды. Сөйтеді де, орнына келіп жатып, ұйықтап қалады.

Етті, майды жеп қойған Алдар екенін, оның жұрттан асқан бір қу екенін бай біледі. Біледі де, ішін ыза кернеп: «Тұра тұр, бәлем!»—дейді. Алдар ұйықтады-ау деген кезде, сыртқа шығып, Алдардың аты екен деп өз атын жарып тастайды.

—Міне, жігітім, сазайыңды тартқыздым!—деп қуанып, төсегіне келіп жатып, ұйқыға кетеді.

Таңертең бай орнынан тұрып жатып, Алдарға: —Мына кемпір: «Бір қасқа ат өліп жатыр»,—дейді. Қазыққа оралып, жарылып қалыпты. Сенің

атың болу керек. Жалғыз атыңды бақпай, қазан бағып жүрген не қылған сорлы адамсың? — деп қарқ-қарқ күледі.

Алдар миығынан күліп:

—Қандай қасқа екен? Маңдайы тезек жаққан—боқ қасқа болса, менікі болар, бор қасқа болса, сенікі болар,— дейді.

Бай құдайдың дәл төбесінен қос қолдап ұрғанын сонда бір-ақ біледі де, орнынан тұра жүгіреді. Жүгіріп барса, нақ Алдар айтқанындай, өліп жатқан байдың бор қасқасы екен. Бай күйіп кетіп, Алдарға келіп:

—Жоғалт, қараңды, сұм! Енді мен сені көрсем, көзім ағарсын!—деп, кейіп шығып кетеді. Сыртқа шығысымен, кемпіріне:

—Тез, мені жөнелт!—дейді.

Әйелі ошақта пісіп жатқан нанды оттан суырып бере қояды. Бай қойнына тығып жібереді. Мұны көре сала, Алдар жүгіріп шығады. Жүгіріп шығады да:

—Е, бай-еке! Енді бұдан былай жолығамыз ба, жоқ па? Ақтық рет қазақ дәстүрімен көрісіп айрылысайық,—деп, бара байды қапсыра құшақтайды. Оттан жаңа ғана шыққан нан байдың кеудесін күйдіріп кетеді.

—Оу, жарайды енді!—деген сайын, қыса түседі, ыстық нан байдың төсін күйдіріп барады.

—Ау, мына ит жегіріңді ит жесін! Мә!—деп, қойнынан нанды алып лақтырып жібереді.

—О, бай-еке, ит жегенше, мен жейін,—деп, Алдекең нанды жерге түсірмей қағып алады.

Бай енді кетейін десе, Алдар тағы жібермейді.
— Ау, сұм! Алатын наныңды алдың, енді нең бар менде? — десе:

— Етігім жыртылып, шұлғауым шығып жүр. Бізіңді беріп кет, — дейді. Байдың бергісі келмейді. Алдар аш кенедей жабысып жібермейді. Ақыры, болмаған соң:

— Әй, алсаң алшы, ант ұрған! Ал да, қараңды жоғалтшы, — дейді.

Алдар «алғысын» жаудырмалатып, күліп қала береді. Бай кетісімен, кемпіріне жүгіріп келіп:

— Ал қызыңызды киіндіріңіз, — дейді.

— Е, қызға жол болсын?

— Баймен келісіп, қызыңды алатын болдым.

— Жоғал әрі, жұртты жалмаған қу көсе! Саған бай қызын беретін бе еді? — дейді.

— Сенбесең, өз құлағыңмен естіп қал, — деп сыртқа шығып, көп жерге барып қалған байдың артынан айқайлайды:

— Әй, бай! Қызыңды бермей жатыр кемпірің, — дейді.

— Әй, кемпір! Бер бізді! Жоғалт сол кәпірдің көзін, — деп айқайлайды бай.

— Әне, естідің бе? — дейді Алдар қасында тұрған бәйбішеге.

— Мына көрі ит алжыған ба өзі? Елді құртқан бір қу аяққа қызын беріп құтырған ба? — деп, таң қалады кемпірі.

Қатын-қалашқа бой берген Алдар ма! Анау-мынау дегенге көнбестен, жасауын буып, қызды атқа мінгізеді.

—Алдардың ойыны осылай болады,—деп қызды қосағына алып, еліне тартып отырады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шығайбай қандай қасиетімен елге жеккөрінішті болды?
2. Алдар Кесе не үшін дүниеқоңыз, сараң байды алдап соғады?
3. Алдар көсені не үшін халық ардақтайды?

АҚЫМАҚ ҚАСҚЫР

Өрісте жайылып жүрген көп қойдың ішінен бір арық саулық қой жалғыз бөлініп қала беріпті. Қалың шидің арасынан бір қасқыр шыға келіп:

—Е, жерік асым, қайдан жүрсің? Іздегенде, мұндай кездестіре алмас едім, бұйырған дәмге сөз жоқ. Енді сені жеймін!—дейді.

—Жейтін болсаң, ажалым жеткен екен, бірақ өзің де мал танығыш едің ғой, қарны қампиған, бұты тыртиған, аузыңда ақ тісі жоқ, бір асым еті жоқ, тұла бойы шандыр мені қайтесің? Мені босат, қоралы қойға барайын, қозымды саған әкеп тартайын, жылы-жұмсақты сен жемегенде, кім жейді?—дейді.

«Жылы-жұмсақ» деген сөзге қасқырдың құлығыны құриды. Қойды босатып қоя береді.

Қасқыр жұтынып, қойдың бағланын күтеді. Қой да, бағылан да келмейді. Қасқыр түңіледі. «Қой баласы момын ғой, алдауды білмеуші еді. Сірә, оны ешкі ант ұрған азғырған шығар. Барып көрейін»,—деп жорта жөнеледі.

Бір белеске шығып, төңірекке қараса, алдында қызылшаны күрт-күрт шайнап, бір ешкі тұр екен. Көп қой да, қойшы да алыста екен. «Іздегенім сен едің» — деп қасқыр ешкіні бас салады. «Жанымды алып қалуға себеп болар ма екен?» деп, ешкі мынаны айтады:

— Атаң да, анаң да жақсы еді. Қой тұрғанда олар ешкіні жемеуші еді. Мен қарапайым ешкі де емеспін, тойда билеп, торқа киген ешкімін! — деп судыратады.

— Ешкі билейді дегенді естіген емеспін. Ондай өнерің болса көрсет, — дейді қасқыр.

Ешкі:

— Ендеше, көз аудармай, аяғыма қарап тұр, мен бір билеп көрейін, — дейді де, ешкі олай-бұлай секіре-секіре, жалт беріп, көп қойдың арасына барып кіріп кетеді.

Сол арада қойшы да келіп, ешкі аман құтылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Арық саулық неге кезікті?
2. Қасқыр неліктен қойды босатты?
3. Ешкі қандай «өнер» көрсетті?

Әнуар Абиджан

ҚАСҚЫРДЫҢ ҚАЛАЙ ДӘРІГЕР БОЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ЕРТЕГІ

Өмірде нелер болмайды,
Қисынсыз істер асқынды.
Дәрігер етіп қойған-ды,
Орманға жыртқыш Қасқырды.

Тістерін қайрап енді ерек,
Көз жазбай ауру-сырқаудан,
Аңдарды Қасқыр емдемек,
Осы іске барлық құлқы ауған.
Келді оған Қоян амалсыз
Сырқаты ауыр дендеген.
Қашып тұр құты, шарасыз,
Жақсысы мұнда келмеген.
— Ал, отыр, — деді дәрігер,
— Не болды, айтшы, бауырым?
— Үш күндей болдым әбігер
Сырқырап жота-жауырым.
Қасекең қойды сұрағын,
Ғұлама, білгір емшідей.
Жотасын емес құлағын,
Сипалап көңілі көншімей...
— Амал жоқ бұдан басқаша,
Қолдану керек ем, шара.
Бүлінген сенде асқазан,
Кеселің «тұмау» бейшара.
Дәрігер — біздер о бастан,
Бұл ауру сырын білеміз.
Қысқасы болмас соймасқа
Пышаққа салып, тілеміз.
Тілімді менің алсаң сен,
Операция жасат, айтарым.
Осыдан тірі қалсаң сен,
Белгілі үйге қайтарың...
Қоянның ұшып зәресі,
Зым-зия қашып жоғалды.
Жотаның әлгі бөлесі,

Ауырғанын да доғарды.
Артынша жетті еңіреп,
Бір Шошқа келіп қорс етті.
Ісініп кеткен кеңірдек,
Тамағын ауру көрсетті.
Дәрігер оның аяғын,
Сипалап, мытып ұстап тұр.
— Тамақтың, — деді, — қарағым,
Кеселі осы тұста тұр.
Тамсанды: — Мына қоң етті, —
Дереу тек кесу керек, — деп.
Шошқаңыз сонда жөнеді.
Қасқырдан шошып дедектеп.
— Келді енді маған кезек, — деп,
Түлкі де жетті безектеп.
Қолына шөңге кіріпті.
Ырситып тікен тіліпті.
Түлкі айтты:
— Қиын жағдайым...
— Өткір тіс менде тұрғанда
Түп-тура келген бағдарың,
Түлкіжан, бекер қиналма.
— Кеше естіп үнін шақырған,
Бір кемпірдің қоразын
Түнде ұрлап кетіп қатырғам,
Білдірмей аңдып қорасын.
Сол түні қайтар жолымда.
Қашам деп жылдам жүгіріп,
Бір тікен кіріп қолыма,
Тұрғаным, міне, бүгіліп.
Ойлады Қасқыр ішінен:

«Тұра тұр, бәлем, сені ме?»
Жымыды ол:
—Түлкі, түсінем,
Оңалып қалған өңің де.
Жақында бермен үрпимей,
Мә, саған дәрі,—деп қойды.
Сөйтті де жымын білдірмей,
Түлкіні Қасқыр жеп қойды.
Дәптерін жайып алдына
Келгенді тіркеп қоятын.
Қарынын сипап алды да,
Былай деп жазған болатын.
«Тікенек кірген қолына,
Бере алмадым қол ұшын.
Жағдайы қиын болды да,
Түлкіні жедім сол үшін...»
Кешқұрым оған талтаңдап,
Келіпті сесті Арыстан.
Қарсы алды Қасқыр жалпаңдап,
Қарасын көріп алыстан.
Арыстан демін зорға алып,
Креслоға келіп отырды.
Сызданып сөйлеп, зорланып,
Қасқырға қатқыл жекірді.
—Келмесе өлгің тіл тартпай,
Інішек, қара дұрыстап.
Қашқалы төбет бір апта,
Тұла бойым да құрыстап.
Жағынып Қасқыр айтпады.
—Сеніңіз, тақсыр, бізге,—деп—
Айтпаңыз жайды қайдағы,

Витамин қажет сізге тек.
Тұқымым түгел емші еді,
Білген соң айтқан жайды олар.
Семіз аң еті деуші еді,
Витаминдерге бай болар...
Қасекең басы иіліп,
Емшілік сөзін бітірді.
Қасқырға семіз сүйініп,
Арыстан көз сап жұтынды.
— Бұйырма, досым, айыпқа,
Витамин іздеп не етемін?
Аң патшасына лайық па,
Орманды кезіп кеткенім.
Орманнан табу қиын-ақ.
Өзіңнен семіз аң да жоқ.
Құдайдың тартқан сыйы нақ,
Жемеске сені амал жоқ.
Дәрігерлердің кеңесін,
Тыңдамағандар оңбас-ау.
Витамин дайын, ол — өзің,
Жемесем сені болмас-ау.
Тартыпты Қасқыр сазайын,
Маңдытпаған бір еш ісін,
Арыстаннан алып жазасын,
Витамин болып өзі шын.
Алайда үлкен орманға
Дәрігер қажет, бұл анық.
Барлық аңдар сол маңға
Ақылдасыпты жиналып.
Сайлады орман аңдары,
Кішіпейіл деп қолдады.

Қоянды бәрі таңдады,
Оқуға оны жолдады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Дәрігер Қасқырдың алдына емделу үшін ең алдымен не келді?
2. Қасқырдың қандай сөздері Қоянды тітіркендіріп жіберді?
3. Қорсылдаған Шошқаға Қасқыр не айтты?
4. Шошқадан кейін безектеп келген кім?
5. Түлкіні қасқыр қалай «күтіп» алды?
6. Арыстан неге айбат шекті?
7. Оқуға кім баратын болды?
8. «**Дендеген, құты, қол ұшын беру, тәбет**» деген сөздерді қалай түсінесіңдер?
9. Өлеңнің тармақтары неше бунақтан тұрады?
10. «**Операция, кресло, витамин**» деген сөздер қазақ тіліне қай тілден кірген?

МЫСАЛ

Мысал — хайуанаттар өмірінен алып жазылған астарлы мағынадағы шығарма.

Әлем әдебиетінде мысал жазған қаламгерлер: Эзоп, Федр, Лафонтен, А.И. Крылов, Абай, С. Дөнентаев, Гүлхани, К. Крапива.

Қазақ халқының мысал жазушылары: Асқар Тоқмағамбетов, Шона Смаханұлы, Оспанхан Әубәкіров, Сұлтан Қалиев, Көпен Әмірбеков.

Өзбекстанда да мысал жазатын қазақ ақындары бар. Олар: Совет Жаманғараев, Өмірзақ Қожамұратов, Файзолла Жұмақұлов, Мекембай Омарұлы және Серік Шұқынов.

ӘДЕП ПЕН ӘДЕМІЛІК

Әлішер Науаи

ЖАҚСЫ МІНЕЗ БЕН ЖАМАН ӘДЕТТЕР ТУРАЛЫ

СЫПАЙЫЛЫҚ ПЕН ӘДЕП ЖАЙЛЫ

Сыпайылық халық махаббатына бөлейді және ұлысты сыпайылық жасаған жанмен тонның ішкі бауындай жақындастырады. Сыпайылық достық гүлзарында таза гүл ашып, ол гүлзардан дос және үлпәтшілік жиынына әр түрлі гүлшоқтарын сыйға тартады.

Әдепті жан көптеген кісілерден жақсы және барлық халайықтан ұнамды, бірақ үлкендерге қарағанда мерейі үстем және асығы алшыларға қарағанда сүйкімділеу.

Әдептіні құрбы-құрдастары да мақтаныш етеді. Өйткені, оның үлкен-кіші арасында жақсы құрметі бар. Сақылық жасамай, елін риза етіп, бір нәрсені сыйға тартпай, өзге кісіні қасіреттен арылтады.

Әдеп жас жеткіншектердің ұлы адамдардың батасын алуына жол ашады. Және бұл батадан өмір бойы сүйсіну сезіміне бөленіп жүреді. Әдеп кішілердің мейірін үлкендердің көңіліне салады. Және ол махаббат бар жүректе мәңгілік сақталады...

ӘҢГІМЕ

...бір аң аулауға шыққан кезде тұлпары шапқылаған, садағы атқылаған Хұсрау Парвездің аса қымбат бағалы гауһары мен күн нұрына шағылысып келе жатқан інжуі жерге үзіліп түсті. Аң атумен әлек болып кеткендердің одан хабары да болған жоқ. Аң ауынан соң олар Мадоинге қайта оралды. Болған істен құлағдар болғаннан кейін адамдарды сол ғажайып гауһардың жайын сұрастырып, іздеуге жібереді.

Гауһардың өрнегінің өзі мемлекеттің алым-салығына тең келетіндіктен, шарқ ұрып, іздеп тауып, сүйінші айта келген азаматқа көп бұйым және қымбат сыйлық беруді уәде етті. Бұл кезде халық даладан жоғалған гауһарды іздеп, сыйлық алу дәмесінде жұмысқа кірісіп кетіп еді.

Сол кезде бірінің дөнеңемен ісі жоқ, екіншісі — өте сақ екі адам дала кезіп келе жатты. Қаннен қаперсіздеуі — надандықтың табанын жалап өскен, ал қырағылауы сыпайылық пен әдептіліктің ала жібін аттап баспаған көргенді жан еді. Бұлардың екеуі де қаланы бетке алып келе жатқан болатын. Біреуінің аты — жиһанкез Мудбир, екіншісінің есімі — жігіттердің сұлтаны Муқбил еді. Бұлар інжуді іздеген жұртқа таяп келді де, халықты бастап шыққан кісіге жолықты. Мудбир тәкаппарлық жасап, оған көз қырын тастамай өте шықты. Ал Муқбил адамгершілік аулынан аттап өте алмай, елдің басын біріктіріп келген басшыға әдептілік және сыпайылық бойынша бас иген кез-

де аяғының астында жатқан гауһарды көзі шалып қалды да, оны басшыға ұсынды. Ол кісі—ханның уәдені жүзеге асыратын өкілі еді. Муқбилдің қолынан ұстап, қалаға оралды да, болып өткен оқиғаны шашауын шығармай Хұсрау Парвезге баяндады. Хұсрау керемет қуанып, шаттанып кетті-дағы, Муқбилге айтқанынан артық сыйлықтар беріп, одан кешірім сұрады.

Мудбир көкіректіктің кесірінен қаланың бір шетіндегі моншадан орын алды. Муқбил болса, сыпайылығы мен әдептілігінің нәтижесінде мұрат-мақсатының да гауһарына қол жеткізіп, шаһтың гүл жайнаған төрінен орын алды.

Аударған М. Омарұлы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сыпайылық неге бөлейді?
2. Қандай жан басқалардан сүйкімді болады?
3. Хұсрау Парвездің несі жерге үзіліп түсті?
4. Гауһар өрнегінің бағасы қандай еді?
5. Дала кезгендер кімдер? Олардың аттары кім?
6. Муқбилдің бойынан қандай қасиеттерді байқадыңдар?
7. Мудбир неліктен моншадан орын алды?
8. Муқбил шаһтың қай жерінен орын алды? Себебі не?

Абай

ҚАРА СӨЗДЕР

АЛТЫНШЫ СӨЗ

Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды—бірлік, ырыс алды—тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады—білмейді. Қазақ ойлайды:

бірлік аты—ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік—ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын издеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?

«Ырыс алды—тірлік» дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртың — пысық, ішің — нас,
Артын ойлап ұялмас, —

болып жүріп, тірімін деме, одан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «*Бірлік — ақылға бірлік, малға бірлік емес*» дегенді қалай түсінесіңдер?

2. «*Біреу малыңа дос, біреу жаныңа дос*» деген мәтелді естігендерің бар ма? Бар болса, ол не дегені?

3. Бірін-бірі алдағандар бірлікке жете ме?

4. «*Көкірегі, көңілі тірі болса*» деген сөздің астарында қандай ой жатыр?

5. Жоғарыда оқыған *Науаи бабамыз* бен *Абай бабамыз*-дың туындыларында ұқсастықтар бар ма?

Қалиолла Саматұлы

КІТАП — МӘҢГІ МҰРА

Ибн Сина, Ибн Рушд, Әбу Бәкір сияқты мұсылман ғұламаларының, Сағди, Рудаки, Низами, Науаи сияқты ұлы шайырлардың шығармалары Шығысқа да, Батысқа да танымал болды. Фарабиді бүкіл әлем ұстаз тұтты. Орта ғасырда зиялы қауым ғана емес, феодалдық қоғамның ақсүйектер тобында да кітапқа деген қызығушылық пайда болады. Әсіресе, қаһармандық, фәлсафалық тақырыптағы әдеби шығармаларға сұраныс көбейді.

Сол кездегі бейнелеу өнерінде де миниатюралық суреттерде кітап оқып отырған, кітап ұстаған ханзада, шахзадалар бейнесін көптеп кездестіреміз. Кітап авторлары — ақындар, тарихшылар, ғұламалар көбіне өз шығармаларын пат-

шаларға, хандарға арнап, кітаптарын оларға сыйға тартушы еді. Фердоусидің «Шахнамесі» Махмуд шах Фазневиге, Рашид ад-Диннің «Жами-ат-тауарихы» Фазан ханға, Низамидің «Хамсесі» Ширван шахына, т.с.с. арналған. Осы дәстүрді сақтаған Қадырғали би Жалайыри де кезінде қазақ хандары туралы тарихи шығармасын орыс патшасы Борис Годуновқа сыйға тартқан.

Мұсылман әміршілері, хандары, патшалары өздері де әртүрлі тақырыпқа арналған тарихи, әдеби шығармалар жазған. Солардың ішінде атақты моғол Бабурды, көшпелі өзбектер ханы Шәйбәниді, бас уәзір Жүсіп Баласағұниды, Қашғар билеушісі Мырза Хайдар Дулатиді, Гилан шахы Қайқабұсты, т.б. айтуға болды.

Қарадан ханға дейін мұндай кітапқа деген жаппай ынталылық, әсіресе, үстем тап өкілдерінің кітапқа құмарлығы әдемі безендірілген, ою-өрнекпен әшекейленген көркем кітап үлгілерін тудырды.

Көркем қолжазба кітапты жасап шығару үшін хуснихатшы, суретші, зергер, нақышшы сияқты көптеген өнер мамандары бірігіп жұмыс істеуі тиіс. Және де бағалы шикізат, қымбат материалдар қажет, жұмысқа көп қаражат та керек. Сондықтан көркем кітаптарды жасау жұмысы кітаптың қадірін дұрыс түсіне білген мұсылман әміршілерінің сарайларында ашылған кітапханаларда, шеберханаларда ұйымдастырылатын. Ол кітапханаларда әр жерлерден сатып әкелінген

көптеген көркем кітап үлгілері де жиналып, сақталатын. Хан, патшалар өз сарайларында шеберханалар ашып, қол астындағы елдерден әр түрлі ғалым, ақындарды жинап, оларға еңбектер жаздыртып, суретші, нақышшы шеберлерге безендіртіп көркем кітаптар жасатқан. Осылайша білімге, мәдениетке қолдау жасауды өздеріне дәреже санап, сол арқылы да елінің даңқын көтеруге тырысатын. Мысалы, Әмір Темір өз жорықтарынан кейін Самарқандқа әр елден шеберлерді жинап әкелген, оның немерелері Шахрух, Байсұнқарлар Гератта да сарай кітапханаларын ұстап, онда Науаи сияқты ұлы ақын, Камал әд-Дин Бекзат сияқты ұлы суретші жұмыс істеді. Темір әулеті кезеңі Орта Азияда мұсылман кітап өнерін дамытуға үлкен үлес қосып, оны жаңа деңгейге көтерді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ертеде кітап иелері өз туындыларын кімдерге арнап жазған және сыйға тартқан?
2. Үйлеріңдегі миниатюралық кітаптарда кітап ұстаған ханзада, шахзадаларға көңіл аударғансыңдар ма?
3. *Әмір, хан, патшалар* да кітап жазған ба?
4. *Ұлы бабамыз Әмір Темір* де кітап жазған ба?
5. *Хуснихатшы, суретші, зергер, нақышшылар* кімдер?
6. *Әдеп пен әдептілікті* кітаптан үйрен.

МАҚТАНАДЫ НЕГЕ БАЛФА МЕН ШЕГЕ?

— Мен Шегемін,
Шегемін.
Кірген жерде шөгемін.
Ұстап тұрған мына мен
Тақтайын да төбенің.

Туыс маған мырыш та,
Туыс маған құрыш та.
Мен болмасам,
Бөрігің
Жатар еді бұрышта.

Бәрін іштей білем де,
Қоям кейде күлем де.
Мен болмасам,
Ілінбей
Жерде жатар кілем де!

Шегесіз бір үй ізде!
Ілулі тұс киіз де!
Шегеге ілмей суретті
Ілесің бе мүйізге?!

Болат шеге қақты ма,
Тесіледі қатты да.
Ұстап тұрған мына мен
Хан отырған тақты да!

— Осы ма бір дегенің?
Қайда менің көмегім?! —
Деп Балғаңыз бір қойды
Төбесінен Шегенің.
Мен Балғамын,
— Балғамын.
Үлкен міндет — алғаным.
Менсіз талай белгілі
Көдеге аспай қалғаның.

Қарағайға,
Еменге,
Жоғарыға,
Төменге,
Терезеге,
Есікке,
Қабырғаға,
Еденге
Қаққан сені кім осы?!
Білесің бе?
Білесің!
Білесің.
Соның бәрі де —
Мына менің үлесім!

Міне осымен тоқтадым.
Сен өтірік соқпағын!
Ұстап тұрған әлемді
Балға менен Тоқпағың!

Жоқ, мысқал да салмағы
Түк емессің қалғаның! —

Деген кезде
Былқылдап
Тұрды басы Балғаның.

Жақсы! делік,
Құп делік.
Жөнін жөн деп жіктелік.
Іші ауырған баладай
Жатты Шеге бүктеліп.

Сол Шегені залдағы
Ұста қолға алғаны.
Сына қылып қаққаны
Шекесіне Балғаның.

Өкінішті жандайын
Қағып жиі таңдайын,
Содан бері сол Балға
Төске ұрады маңдайын.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шеге не деп мақтанды?
2. Балға шегеге қарсы қандай әрекет жасады?
3. «Былқылдап тұрды басы Балғаның» деген ақын сөзін қалай түсінесіңдер?
4. Балға мен шегенің әдепсіздікті көрсететін сөздерін өлеңнен табыңдар.
5. Өлеңдегі *бұйрықты, сұраулы* сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.
6. **Қарағайға, еменге, жоғарыға, төменге, терезеге, есікке, қабырғаға, еденге** сөздері сөйлемнің қандай мүшелері?
7. Осы сөздердің ішінен қарсы мағына беретін сөздерді айтыңдар.

НЕ ДЕУ КЕРЕК?

Апаң сенің базардан
Алма сатып әкелді.
Ең үлкенін, жақсысын
Саған таңдап әперді.
Не деп барып жеу керек?

Балалар жүр көшеде,
Естіледі шу-айқай.
Сен де шықтың, көршіңді
Қағып кеттің байқамай,
Мұндайда не деу керек?

Осы келген бетіңде
Допты қудың, жарыстың.
Көшенің сол шетінде
Кезікті бір танысың,
Ұмыттың сен не деуді?

Үй артыңда қоқысты
Жатқан көптен үйіліп,
Тазалайды қарт кісі,
Белі зорға иіліп,
Не дегенің жөн еді?

Әжең сенің түскі асқа
Қанттарды салды мол.
Жұрттан бұрын ыдысқа,
Әй-шәйі жоқ, салдың қол.
Жөн едің не айтқаның?

—Добын апар Назардың!—
Деді ағаң, бармадың.
Тапжылмадың, сазардың,
Аға тілін алмадың.
Сен қай сөзді айтпадың?

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңдегі басты кейіпкер кім?
2. **Рақмет, кешіресіз, ассалаумағалейкум, мың жасаңыз, ақсақал, рұқсат па?, мақұл, жарайды** сөздері нені аңғартады?
3. Әдептілікті қазақ халқы басқаша сөзбен тағы не деп атайды?
4. *Қай жерде болсаң да, әдеп сақта.*

Жәнібек Кәрбозин

ҚОНАҚТА

Досым менің: — «Сен бүгін
Қонақ бол!» — деп өтінді.
Сенбеуші едім мен бұрын,
Шын өтінген секілді.
О, тамаша, жас еттен
Дайындапты пельменді.
Сондай дәмді ас екен,
Кірістім тез мен де енді!
— Жей ғой, — дейді мамасы,
Баласының досы деп.
Мен отырмын: «Шамасы,
Көп жегенім болмас», — деп.
— Он шақтысын жеп қойдым,
Қарным енді тоқ, — дедім.

Досым менің: —Қой, қойғын!
Өтірікті соқ! — деді.
(Досым басын шайқасын!)
—Неге өтірік айтасың?
Он емес сен,—деп қойды,—
Дәл жиырмасын жеп қойдың!
Сен білмесең, мен білем,
Дәл жиырмасын жедің сен.
Жұртқа айтып ал күлем,
Неткен мешкей едің сен!
Болды маған бұл тосын,
(Ойламаппын бөтен ой!)
Жегенімді ал досым
Санап отыр екен ғой.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Кімді кім қонаққа шақырды?
2. Ортаға қандай ас келді? Пельменнің қазақша баламасы бар ма?
3. Қонаққа барғанда, «көп жегенім болмас» дегендерің дұрыс, ал бірақ не бұрыс?
4. Қонақтың ауызға алған дәмін санап отырған әдептілікке жата ма?

ҚОЛҒА СУ ҚҰЮ

Қазақ халқының көне ұғымының қалыптасқан сауабы мол істердің бірі—қолға су құю. Халқымыздың қонақжайлылығы аңызға айналып, әлемге танылған шындық. Бірі келіп, бірі кетіп жататын абыр-сабыр көп қонаққа қажетті сый құрметтің тағы бір түрі—ас алдында және астан

кейін қолдарына су құю, орамал ұсыну. Ол үшін сол үйдің қолы құман мен леген көтеруге жараған баласы қонақ құрметіне қызмет етуге кіріседі. Ол оң қолына қанжылым су толтырылған құманды, сол қолына легенді ұстап, сулық орамалды сол жақ иығына асып алдыға шығады.

Ең алдымен сол үйдегі қонақтың ең үлкен ақсақалынан бастап, дастарқанды алқа-қотан қоралай отырған қонақтарға рет-ретімен су құяды. Иығындағы сулық орамалды қолындағы құман мен легенді жерге қойып тұрып ең алғаш су құйылған ақсақалдың қолына ұсынғаннан кейін, су құюшы бала орамал ұсыну міндетінен босайды. Енді орамал рет-ретімен жылжи береді де, бала су құю қызметін әрі қарай жалғастыра береді. Ең соңғы қонаққа су құйылып болған кезде, орамал иығына қайта қонады, бала алғашқы су құю міндетін ада етеді. Қонақтар асын ішіп, асқа бата қайырып болған соң, су құю қызметі қайта басталады. Бұл жолы су құюшы баланың иығына сулық орамалдың орнына майлық орамал асылады.

Су, құю да, оған үлкендер тарапынан айтылатын алғыс та бұрынғыдай. Дегенмен су құюдың сауапты іс екеніне әбден сенген, оның қаншалық іш пыстырар қиыншылығы болса да, қаймықпай көтеруге балғын жүрегімен көнген бала бұл нәубетті де атқарып шығады. Қонақтардың батасы мен алғыстарын алып қарық болады. Үлкендер су құйған балаға ақ ниеттері мен жүрек жарған батасын, ата-аналық алғысын айтып жатқанда, сол қонақтардың арасына кіріп кеткен кейбір епті жез-

делер су құйған балаға былай бата берерін қайтерсің: «Судай сұлуға жолық, екі көзі қылиға жолық». Осы бір іліп-қақпа сөздің өзі де дастарқан басына өзіндік бір түр беріп, күлкі тудыратын.

«Су құю сауапты істердің бірі», — деп айттық. «Сауапты» деген сөздің мағынасына келсек, ол — сол адамның өзіне де, өзгеге де пайдалы деген мағынаға саяды екен. Ондай сауапты істер бүгінгі таңда да мәнін жоя қоймаған, керісінше, енді-енді қайта түсіне бастаған істер бар. Мәселен, бітеліп қалған бастаудың көзін ашу, жанбай жатқан оттың көзін ашу, адасқанға жол көрсету, судан қамалған адамға өткел көрсету немесе қолынан келсе көпір салып беру, ғылым мен өнерге құштар адамдарға қол ұшын беру, көмектесу, жарлы жақыбайларға болысу, т.б.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сауабы мол істерге не жатады?
2. Құрметтің бірі не?
3. Қолға су құю кімнен басталады?
4. Қолға қай уақытта су құю керек?
5. Қолға ұсынылатын орамалды не деп атайды?
6. «*Майлық*» деген не?
7. Мәтінді оқып, түсініп алыңдар?

С. Кенжеахметұлы

ҮШ САНЫ

Үш жұрт. 1. Ағайын жұрт. 2. Нағашы жұрт. 3. Қайын жұрт.

Үш байлық. Бірінші байлық — денсаулық. Екінші байлық — ақ жаулық. Үшінші байлық — он саулық.

Үш қат. Жоғары қат (аспан). 2. Орта қат (жер үсті). 3. Төменгі қат (жер асты).

Үш қуат. 1. Ақыл қуат. 2. Жүрек қуат. 3. Тіл қуат.

Үш ғайып. 1. Ажал ғайып. 2. Қонақ ғайып. 3. Несібе ғайып.

Үш арсыз. 1. Ұйқы арсыз. 2. Тамақ арсыз. 3. Күлкі арсыз.

Үш даусыз. 1. Мінез. 2. Кәрілік. 3. Ажал.

Үш қадірлі. 1. Ырыс. 2. Бақ. 3. Дәулет.

Үш қадірсіз. Адам жастық шақтың, денсаулықтың, жақсы жардың қадірін білмейді.

Үш жамандық. 1. Нақақ қан төгу. 2. Кісі малын нақақ алу. 3. Ата-бабаның көзі — ескі жұртты бұзу.

Үш тәтті. 1. Жан тәтті. 2. Бала тәтті. 3. Жар тәтті.

Үш қуаныш. 1. Алғыс алу. 2. Өзіңді көптің іздеуі. 3. Ісіңнің өшпеуі.

Үш билік. 1. Билік. 2. Дәулет. 3. Даналық.

Үш асыл. 1. Көз. 2. Тіл. 3. Көңіл.

Үш артық. 1. Адалдық. 2. Еңбексүйгіштік. 3. Өнерпаздық.

Үш ынтық. 1. Еркін өмір. 2. Құрметке бөлену. 3. Пайдалы еңбек ету.

Үш тұл. 1. Қайратсыз ашу — тұл. 2. Тұрлаусыз ұл — тұл. 3. Шәкіртсіз ғалым — тұл (Абай).

Үш апат. 1. Ғалымдар мен қарттарды сыйламау. 2. Үкіметті сыйламау. 3. Асты ысырап ету.

Үш кедейлік. 1. Кежірлік. 2. Еріншектік. 3. Ұйқы.

Үш кемдік. 1. Надандық. 2. Еріншектік. 3. Зұлымдық (Абай).

Үш көз. 1. Су анасы—бұлақ. 2. Жол анасы—тұяқ. 3. Сөз анасы—құлақ.

Үш қасиет. 1. Өліде—аруақ. 2. Малда—кие. 3. Аста—кепиет.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. *Ағайын жұрт*—қай жұрт, қай ел?
2. *Нағашы жұрт*— қай жұрт, қай ел?
3. *Қайын жұрт*—қай жұрт, қай ел? Осы 3 жұртқа да қабыл перзент бол.
4. *Адалдық* не? *Еңбексүйгіштік* не? *Өнерпаздық* не? Осы 3 қасиет те бойыңда, ойыңда болсын.

ЖЕТІ ҚАЗЫНА

Ер жігіт,
Сұлу әйел,
Ақыл-білім,
Жүйрік ат,
Қыран бүркіт,
Берен мылтық,
Жүйрік тазы.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Қазына» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
2. «Ер жігіт—бір қазына» дегенді қалай ұғасыңдар?

АЛҒАШҚЫ АЛҒЫС

— Алақай!
Алақай! —
Деп қуанды балақай.

— Балақай,
Балақай,
Дейсің неге: «Алақай?»

— Бір апай,
Тұр екен
Әрең алып әр демін,
Заттарын
Көтеріп
Тиіп еді жәрдемім.

«Көп жаса!
Көп жаса!
Айналайын, балақай!»
Деп сонда,
Тек сонда
Алғыс айтты ал, апай.

Мен міне,
Мен міне,
Ересекпін, естімін.

Алғашқы,
Алғашқы
Алғысты да естідім.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Балақай» дегенді қалай ұғасыңдар? Осы сөздің «бала» деген сөзден өрбігенін аңғарыңдар.
2. Не үшін апай алғыс айтты?
3. «Алғыс» деген сөздің екінші баламасы не?

ӨТКЕН КҮНДЕР

Қорқыт ата—түркі халқына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы. Бұл бабамыз—7-8-9-10-ғасырлар аралығында өмір сүрген тарихи тұлға.

Ел аузындағы аңыз бойынша, ең алғаш қобыз жасап, оның қол ішегінен жаратылыстың үнін күй қылып сөйлеткен адам Қорқыт бабамыз болып табылады. Қорқыт қобызын сарнатқанда, табиғат тына қалып, жер-жиһан, ұшқан құс, жүгірген аң—барлық тіршілік иесі үн-түнсіз тыңдайды екен.

Қорқыт күйлері мәңгі өшпейтін күйлер болғандықтан, талай ғасырлардан асып, біздің заманымызға жетті.

ҚОРҚЫТ АТА ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Қорқыт жұрттан асқан ақылды, алдағыны болжағыш адам екен.

Ол бір жерде отырмай, үнемі дүние кезіп, тіршіліктегі жақсы-жаманды көріп, салмақтап, байыбына жетіп, біліп жүріпті. Біреу көрі, біреу жас, біреу бақытты, біреу бақытсыз, біреу қыршын жас күйінде, біреу қартайып өледі. Жас туып, дүниеге келеді, қария өліп дүниемен қош айтысады. Неліктен бұлай? Бірақ, қанша ойланып, толғанса да, мұның жауабын таба алмайды.

Жасы ұлғайған сайын Қорқыт өлім жайын көбірек ойлайтын болыпты. Өлім түсіне де кіре береді. Бір күні түсінде Қорқыт жапан даланы кезіп келе жатса, көр қазып жатқан бір топ адамға кездесіп, олардан:

— Мұны кімге қазып жатырсыңдар? — деп сұрайды. Көр қазушылар:

— Қорқыт әулиені қоюға қазып жатырмыз, — дейді. Осыдан сескенеді де, Қорқыт келер күні көр қазылып жатқан жерден басқа дүниенің екінші бір шетіне сапар шегеді. Бетбақтың шөлінде, Сарыарқаны да түгел кезеді. Қайда жүрсе де, қайда барса да, ұйықтаса-ақ болғаны, түсіне өзіне қазылып жатқан көрді көреді. Қайда барса да, жанына тыныштық таба алмаған соң, жер ортасын іздейді. Жер ортасы Сырдарияның жағасы екен: «Жерұйық» осы деп, қазіргі Қорқыт моласы тұрған Сырдарияның жағасына келіп тұрақтайды. «Елімнің қайғысына мыңда бір дауа осы болар» деп, Сырдың суына кілемін төсеп, қобызын тартып тұрады...

Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында «Қорқыт ата» кесенесі бар.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қорқыт ата кім?
2. Қорқыт қартайғанда нені ойлайтын болды?
3. Ол қайда келіп тұрақтайды?
4. Әңгімені оқып мазмұнын айтып беріңдер.

ЖАЛАҢТӨС БАҒАДҮР СЕЙІТҚҰЛҰЛЫ

(1576—1656)

Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлы жас кезінің өзінен-ақ өзінің ақылдылығымен, тапқырлығымен, батырлығымен көзге түскен. Сол дәуірдегі жоғары атақ—аталық лауазымына ие болған. 1640 жылы қазақ пен өзбек жеріне шабуыл жасаған қалмақ ханы Батырды (Батур) күйрете жеңген. 1643 жылы Жетісу өлкесіне басып кірген қалмақ-жоңғар қолдарына қарсы шайқасып жатқан 20 мың әскерді көмекке жіберіп, басқыншыларды қазақ жерінен шегінуге мәжбүр етті.

Дүниежүзінің ең көне қалаларының бірі—Самарқант қаласы. 1970 жылы Самарқанның 2500 жылдығы атап өтілді. Самарқанда жыл сайын «Шығыс әуендері» атты халықаралық музыка-ән байқауы өтіп тұрады.

Бұл қалада Бибі ханым, Гөр Әмір, Ақсарай, Рухабат, Ұлықбектің обсерваториясы сияқты, тарихи жәдігерліктердің қатарында Шердор медресесі де бар. Жалаңтөс баһадүр Самарқандағы Регистан алаңындағы Шердор мен Тілләқары медресесін салдырған.

Бүкіл Шығыс сәулет өнері тарихында көрнекті орын алатын бұл ғимарат өз әсемдігімен, шебер сәулетшілігімен Самарқанның көркіне көрік қосып, әлі де ажарландырып тұр.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жалаңтөс қай жылы әскерге қолбасшылық жасады?
2. Ол қандай зәулім ғимарат салдырды?
3. Сен Шердор медресесін көргенсің бе?
4. Самарқан қаласында көрген жәдігерліктер жайлы жолдастарыңа әңгімелеп бер.

Амантай Сатаев

ҚАНЖЫҒАЛЫ БӨГЕНБАЙ

Осыдан үш ғасыр бұрын Бөген өзенінің бойында қанжығалы руының батыры, әрі ақын Ақша деген кісінің үйінде бір нәресте дүниеге келеді. Ол Бөгенбай еді. Бөгенбай өжет болып өседі.

Бөгенбай ержете келе, тек батыр ғана емес, үлкен ақыл-ой иесі атанып, елшілік жұмысына да қатысады. Екі ортадағы бітім туралы Бөгенбай Қытайға елшілікпен барған дейді. Осы жолы Абылайдың Әділ деген баласын аманатқа береді. Сол қысылшаң уақытта Қаракесек бидің Абылай ханға айтқаны:

Сүйеуге арқа жарайды
Мынау көрші орысың.
Сәтсіздеу боп тынып тұр
Богда ханмен соғысың.

Тұрпанды шапқан — Бөгенбай,
Жаратамын сол ісін!
Батыр аңғырт десек те,
Көрсеткендей ел күшін!.

Торғай өңірі, Сарыкөл маңында туып-өскен Тәтіқара жыраудың Бөгенбай жайлы мінездемесі тіпті ерекше:

Ағашта биікті айтсаң, қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң, Бөгенбайды айт!

— дейді.

Қазақ тарихында өзіндік орны бар Қанжығалы Бөгенбай туралы өз заманында ондаған дастан, жырлар шығарылған. Батыр дүниеден көшкенде Бұқар жырау: «Құлағанға ұқсайды, Қазақтың қамал қорғаны», — деп, жан-жүректі шымырлата жоқтау айтқан.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бөгенбай батыр кімнің үйінде (отбасында) дүниеге келді?
2. Оның әкесінің аты кім?
3. Бөгенбай батыр елдің ісіне қалай араласты?
4. Тәтіқара ақын Бөгенбай батыр жайлы не деген?
5. «**Жігіттік, ерлікті айтсаң, Бөгенбайды айт!**» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
6. Мәнерлеп оқып, мазмұнын түсініп алыңдар.

Қ. Толыбаев

ҚАРАКЕРЕЙ ҚАБАНБАЙ

Қабанбай жастайынан жаудың жауыздығын көзімен көреді. Жеті жасқа толғанда әкесі Қожағұл батыр жау қолынан қаза табады. Он бес жасқа келгенде ағасы Есенбайды да қалмақтар далада

өлтіріп кетеді. Осы екі қатыгездік қайсар баланың жүрегіне кек боп қатты. Соған шыдай алмай, жауға аттанбақ болғанда, қасына ешкім ермейді. Еліне өкпелеп, ызаланған жас батыр жалғыз жортып барып, тұтқында түйе бағып жүрген қырғыз баласының көмегімен қалмақтың ел шапқыш батырлары Олжа Жырғыл мен Арсланды ебін тауып өлтіріп, кегін қайтарады. Одан керей еліндегі жездесіне кетеді де, онда жылқыға тиген шапқыншыларға қарсы айқаста көзге түседі.

Бала кезінде бітімі кесек, тұлғалы ер асылды жеңгелері «Нар бала» атаса, жездесі қайрат-күші, батылдығына сүйсініп, «Қабан» атап кетеді. Ер жете келе, жойқын күшімен, алғырлығымен, қайтпас қайсарлығымен танылған батырға Қабанбай есімі беріледі...

Сол заманның асқан ақылгөйі Бұқар жыраудың жырларына Абылаймен қатар көбіне арқау болған батыр Қабанбай болды. Көпті көрген қарт жырау батырдың сипатын айрықша ашады:

Айналайын, Қабанбай,
Жау тигенде жарағым.
Алыстан асып дау келсе,
Түрулі тұрған құлағым.
Жақыннан жарып жау шықса,
Белдеудегі пырағым.
Мың жылқыны суарған
Төскейден аққан бұлағым.
Кеше түсте естідім,
Қабанбай ауру дегенде,

Жетімсіреп жыладым,
Бір құдайдан сұрадым.
Арғыннан айттым жүз кісі,
Найманнан айттым жүз кісі,
Үйсіннен айттым жүз кісі, —
Үш жүз кісі болар ма,
Айналайын, Қабанбай,
Қайда болар тұрағың?!

Міне, бұл жырдан батырдың бүкіл қазақ қауымына аса сыйлы, қадірлі болғанын аңғарамыз. Іргесі ажырамаған елдің ортақ баласы болғанын білеміз.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Жауыздық», «қатыгездік» деген сөзді қалай ұғасыңдар?
2. Қабанбай жас кезінен жаудың несін көріп өтті?
3. Қабанбай батырды жас кезінде жеңгелері еркелетіп не деп атады?
4. Ол неліктен «Қабан» атанды?
5. Бұқар жырау *Қабанбайды* өлең жолдарында қалай сипаттады?
6. *Қаракерей* — қазақтың үлкен руларының бірі.
7. Бұқар жыраудың Қабанбай туралы айтқан өлеңін жаттап алыңдар.

Мұхтар Мағауин

ШАНЫШҚЫЛЫ БЕРДІҚОЖА БАТЫР

Алаштың атақты Бердіқожа батыры бірте-бірте Алатаудан алыстап, Сарыарқаға ойысады. 1783 жылы көктемде Шыңғыстауға ілінеді. Бұл, сірә,

қазір күмбезі тұрған Дағанделдің терістік беті, Ақбастау—Құсмұрын маңы болар...

Бердіқожа батыр өзінің етегінен ұстаған қауымды бай, бағлан жұртын жайлы қонысқа қондырғысы келеді... Оқтың-оқтың Жетісу тарабына қайтып оралып, етекке жайыла бастаған, тіпті, Іле Алатауын көбелеп, Жоңғар жотасына қарай аяқ басқан жау жасақтарын қиратып кетіп отырғанын көреміз. Бұл тарапта, бірде, тіпті Іленің басын алып болған қытайлармен де мәміле тауыпты.

Бердіқожа өзі соңынан ерген Абылай хан сияқты, үзеңгілес ағалары Қаракерей Қабанбай, Мүйізді Өтеген, Ер Жәнібек сияқты, ең алдымен Қазақ еді, Алаш мұратын бәрінен де биік қойған, сол жолға барын салған.

Бердіқожа батыр Сарыарқаның төсінде, бір кезде Абылай ханның туының түбінде, басқа да арыстармен бірге, көпе-кернеу ажалдан қаймықпай, қазақ жерінің шегіне енген шүршіт—жер қайысқан қытайға қарсы серпіле аттанған құтты мекен—Дағандел өзенінің бастауында, самалды қырқа басында тыным тауыпты.

Қайран Бердекем!

Сенде мұң бар. Басында тұрғанда жүйке-жүрегіммен сезіндім. Еліме ақырына дейін қорған бола алмадым дейсің. Болдың. Арманыма жетпедім деп өзің де айтпассың. Менің жар құшып, бала сүйіп, кісі болуым—сенің арқаң. Қазақтың Ел болып сақталуы, бүгін жаңа заманға қадам басуы—Сенің арқаң. Сен—жаужүрек, жанкешті Бердіқожа—жеке батыр емессің. Сен—Абылай,

Сен—Қабанбай, Сен—Алаш деген жұрттың өзегісің. Бір анадан тудың, бар қазаққа қызмет еттің. Сол жолда жаныңды қидың, қаныңды төктің. Бірақ өлген жоқсың. Сен—мәңгі жасар Алаштың Өзісің...

Ақ сирақ қара тұлпарға мінген, жауына қырғидай тиген қайран Бердекем! Ардақ тұтқан жұрттың сол жылы жазда жұмыла кірісіп, басына осы өңірде болмаған үлкен күмбез тұрғызыпты. Қазақпен қатарлас талай жұрттың елесі де қалмаған ұзақ екі ғасыр—жүз он төрт жылда тозып, мүжілсе, уақа емес.

Бердекемді тағы бір айналып, қимай қоштастым. Атаулы өткелін кесіп, Дағандел өзенін құлай жүрдік. Әжептәуір ұзап, қырқаға шыққан кезде оң қапталда, төбе басында қалған көне күмбезге көзім түсіп еді. Бұрынғыдан да аумақтанып, зорайып көрінді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. *Алаш—халық, ел* деген сөздің баламасы.
2. Алатау, Сарыарқа, Шыңғыстау деген жерлер қайда орналасқан?
3. Бердіқожа батыр кімді жеңіп кетіп отырды?
4. Ол қай халықпен мәміле жасай білді?
5. Бердіқожа не үшін жауға қарсы күресті?
6. Мәтіндегі «Қазақтың *Ел болып сақталуы, бүгін жаңа заманға қадам басуы—Сенің арқаң*» дегенді қалай түсінесіңдер?

СЫРЫМ БАТЫР

Сырым батыр Датұлы—әрі батырлығымен, әрі шешендігімен де елдің назарына іліккен айтұлы бабамыз.

ЕР НАМЫСЫНА ҚАРАЙ ШАБАДЫ

Сырым бір жылы орта жүзге барғанда, Балаби шешенге кез келеді. Сырым мен Балаби екеуі көп әңгімелеседі.

Балаби:

—Сіз ағайынды нешеу едіңіз?—дейді.

Сырым:

—Мен ағайынды екеумін, —дейді.

Балаби:

—Сізді Даттан ағайынды он бір деп естуші едік, —дейді.

Сырым:

—Сіз түсінбедіңіз, Даттан он бір екеніміз рас, бірақ та олардың маған далада қанша керегі бар, менің ағайынды екеумін дегенім:—біреуі—өзім, екіншісі—көпшілік—халқым еді, —дейді.

Балаби:

—Үгітті, ақылды қандай адамға айту керек?—дейді.

Сырым:

—Үгітті ұққанға, ақылды жұққанға айту керек, —дейді.

Балаби:

—Ат пен ер қандай жерде, не үшін шабады?—дейді.

Сырым:

—Ат шабысына қарай, ер намысына қарай шабады, — дейді.

Балаби:

—Дүниеде не тәтті? — дейді.

Сырым:

—Аста тұз тәтті, адамда дос тәтті, — дейді.

ТАСЫП ЖҮРГЕНІМ ЖОҚ...

Сырым Нұралыға наразы болып жүргенде: «Аз бен көпті, ақ пен қараны, нашар мен мықтыны теңгере алмадың, біреу біреуді шауып жеп жатыр, оны басқара алмадың», — деп өкпелепті. Нұралыға бір кез келгенде Сырым амандаспай жүре береді. Сонда Нұралы:

—Батыр, қайырылып сәлем бергің келмейді, тасып жүрсің-ау! — депті. Сонда Сырым:

—Хан, тасып жүргенім жоқ, қазақ баласының басын қоса алмай, сасып жүрмін, — депті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Балабидің сұрағына Сырым қалай жауап берді?
2. «Ат шабысына қарай, ер намысына қарай шабады» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Мәтіннен Сырым бабамыздың дау бойынша айтқан тапқырлық сөзін табыңдар да, көшіріп жазыңдар.
4. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.
5. Ауыл арасынан шешендік сөздерді жинаңдар.

ТАЙМАННЫҢ ҰЛЫ — ИСАТАЙ

...Исатай тобы көз қаратпайтын төтеген қарлы боранда Сағыз өзені бойындағы Барлыбай мола-сына жетіп, паналамақ болды. Бұлар жақындаған кезде, алдарынан адам тақылеттес бірдеңе сора-йып көрінді де, шұбатылған түтінге ұқсап, қайтадан жерге шөгіп кетті. Біреулер «обыр» деп қауіптен-генімен, Исатай мен Махамбет сыр берместен жетіп келді де, үңгірді қарап өтіп, жолдастарына: «Қорықпай-ақ қойыңдар, осында қайтсек те түнеп шығамыз, басқа амал жоқ» — деп, сендірді. Ал Махамбет болса, ер-тұрманын жастанып, сол үңгірдің тура аузына жатып алды. Ертесіне оянса, суық сорған аттары қалтырап, бауырына мұз қатып, дірілдеп тұр екен, түсі қашқан адамдардың сұрық-сыз қалпын көргенде Махамбет: «Ереуіл атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай...» деп, қаһарлана толғап жіберді. Сонда әлгі шаршап-шалдыққан жолаушылар көздеріне жас алып, сергіп, серпіліп жүре берген деседі...

Бірде батырлар бастаған шағын топ Ағатай зиратының тұсынан өтіп бара жатқанда, әлгілердің бірі: «Аруаққа дұға қылып кетейік» десе, Исатай онсыз да көңілсіз, ренжіп келе жатқандықтан: «Енді тірі былай қалып, қу сүйектен жәрдем сұрауымыз қалып па?!» — деп, кідірместен тарта беріпті. Батырдың бір қисайса бұрылмайтын мінезін жақсы білетін Махамбет ат үстінде тұрып-ақ қолын жайып, бетін сипайды. Сөйтсе де, оның бас шайқағанын

соңында келе жатқандар аңдап қалады. Ұзай бере Махамбетті оң жағына ымдап шақырған: «Бауырым, менің ажалым осы төңіректен болуы мүмкін, себебі өткен түнде қойнымда жылан болып жылытып жүретін аруағым сытылып қашып кетті де, бураша күркілдеп тұратын бойдағы қуатым боздаған күйінде белден асып кетті, сірә, жолымыз бола қоймас. Мен өлсем де сен құтылуға тырыс!» — деген екен дейді. «Нақ осы жолы мінгені Жолдыкүрең емес, Сорлыкүрең дейтін аты батырдың ажалына көрініпті» — деп, Досмағанбет ұрпағы Бақмұқан Садықов деген ақсақал айтады екен.

Әңгіме ат төңірегіне ойысқан соң Исатай батырдың Ақтабан атты атына байланыста да сөз қыла кетейік.

Нарын құмының теңіз жақ жиегінде Тайман қауымы бар. Ертерек кезде осы арамен Аштарханнан Үйшікке, одан Сарайшық қамалына қарай үлкен керуендер өтетін болған. Бірде осы жолмен келе жатып, жетегінде көтерем жабағысы бар бір адам Тайман үйіне түсіпті. Жас Исатай сол жабағыны қайта-қайта айналдырып, әр жерін сипап, қарап, қызыға берсе керек. Ертесіне әлгі жолаушыдан қызметін сұраса, ол кісі Тайманның құрметіне разы болғанын білдіріп, рақмет айтыпты. Сонда қасында тұрған Исатай: «Көкесі, менің сізде жұмысым бар, мына жетегіңіздегі жабағыны маған сыйлаңыз, ал орнына ту бие керек пе, ат керек пе, қалағаныңызды алыңыз!» — депті. Көптеп-көмектеп дегендей, ақыры жолаушыны көндіреді де, жабағыны алып қалады. Махамбет ақынның:

Мінгені Исатайдың Ақтабаны-ай,
Сүт беріп, сұлы беріп баптағаны-ай.
Зеңбірек үш атқанда дарымады,
Құдайдың, міне қара, сақтағаны-ай—

деп келетін жолдарына қарап, сол бір көтерем жабағының күндердің күнінде батырдың жауға мінетін аты болғанын және қашса құтылған, құса жеткен ер қанаты ақ бөкендей ойнақтаған арғымақтарды жүрекпен сезгендей боламыз.

Исатайдың екі жүйрік аты болыпты. Олар ұшқан құсқа да жеткізбейді екен, әрі Исатай аттарының жүйріктігін біреу-міреу біліп қалмасын деп аса сақтанады екен. Атының бірі—Ақтабан болса, бірі—Жолдыкүрең аталады екен.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әңгімеде қандай оқиға баяндалып отыр?
2. Бұл шығармада кімдер жайлы айтылып, олардың қандай істері көрсетіледі?
3. Исатай өз қатесін сезіп, Махамбетке не айтты?
4. Ақтабан ат жайлы кім өлең айтты?
5. Оқыған кітаптарыңның ішінде ат жайлы жазылғандары бар ма?
6. Әңгімені оқып мазмұнын айтып беріңдер.

ҮШ БІРЛІКТІ ҰШТАСТЫРҒАНДАР

Оңтүстік Қазақстандағы Ордабасы тауында Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің есімін мәңгі есте қалдыру үшін құрылған «Бірлік» монументі бар. Бұл монументтің биіктігі — 27 метр. Үш бұрышындағы үш ұстын Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің асқақ тұлғаларын білдіреді. Билердің ұлағатты сөздері ескерткіштің әр бетінен орын алған. Ортаға бекітілген қазақтың қасиетті шаңырағы ескерткіштің барлық жағынан бірдей ортақ көрініс тапқан.

Нұрлан Оразалин

ҮШ БИ

Ойдың қозғап жасынын,
Қайта туған ғасырым.
Төле би мен Қазыбек,
Әйтеке би — асылым.
Айбын болған еліме,
Айдын болғам көліме.
Айналайын үш биім,
Пана болған жеріме.
Елдік туын ұстаған,
Ел намысын ұштаған.
Қалың қазақ пір тұтар
Қасиетті үш бабам.

Отанын, елін, жерін жанындай сүйетіндігіне, халқы үшін жанын да пидә етуге әзір екендігіне қарап, ел-жұрт ерекше құрмет тұтқан бабалары-

мыздың бірі—Төле би Әлібекұлы, Қазыбек би Келдібекұлы және Әйтеке би Байбекұлы. Бұл данышпан бабалардың елге еткен ересен еңбегін алаш жұрты аңызға айналдырып жіберген.

Халық қамын ойлаған Төле би мен Әйтеке бидің кесенелері гүл жайнаған еліміздің астанасы Ташкент қаласы мен Науаи облысының Нұрата ауданында.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. *Төле, Қазыбек, Әйтеке* бабаларды неге *би* деп атаймыз?
2. «Айбын болған еліме,
Айдын болған көліме».
деген өлең жолдарынан не түсіндіңдер?
3. Елге пана болған кімдер?
4. Үш би туралы аңыз-әңгімелерді жинап жүр.
5. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңдар.

КӘСІПТІҢ БӘРІ ЖАҚСЫ

Джанни Родари
Итальян ақыны

КӘСІПТЕР ИІСІ

Бақсаң, әрбір кәсіптің
Иісі ерекше, әр қилы.
Нан дүкеннен
Ашытқы,
Нанның иісі аңқиды.

Өтсең,
Ағаш шебері
Сарайының жанынан,
Тақтай иісі келеді
Жаңа ғана жонылған.

Сыршылардан аңқиды
Скипидар, сыр иісі.
Әйнекшінің аңқиды
Сырға ұқсас бір иісі.

Шоферлардан аңқиды
Бензин сіңген шаң иісі.
Жұмысшыдан аңқиды
Машинаның майы иісі.

Кондитерден аңқиды
Мускат, жаңғақ дәні иісі
Дәрігерден аңқиды
Кермек иісті дәрі иісі.

Шаруадан аңқиды
Шалғын иісі, жер иісі.
Балықшыдан аңқиды
Балық иісі, көл иісі.

Аңқып жүрсе үнемі
Жұмыскердің күллісі,
Ылғи борсып жүреді
Жұмыссыздың бір иісі.

Кер жалқаулар
Үстіне
Қаншама өтір себілсін,
Септігі жоқ иісіне,
Жоя алмайды ол иісін.

Аударған С. Телғозиев

КӘСІПТЕР ТҮСІ

Айдан анық бір қараған кісіге,
Әр кәсіптің әр басқа ғой түсі де.

Наубайшыға назар салып,
Қарап бақ:
Басы-көзі,
Кірпік-қасы — бәрі әппақ.

От жағушы тұрады пеш жанында,
Қап-қара боп, оранып от-жалынға.

Құбылады алуан бояу түстері
Бояушының киімінде үстегі.

Киім киген аспан түстес көкпеңбек,
Жұмысшылар маңдай терін төккен көп.
Жүреді олар алып завод ішінде,
Мұржалары тұратұғын көкке өрлеп.

Жұмысшының шымыр қолы үнемі
Май-май болып, күс-күс болып жүреді.
Байлар қолы үлбіреген жұп-жұмсақ,
Кір шалмаған ақша қардай білегі.

Саусақтары қылдай нәзік жіңішке,
Тырнақтары малынғандай күміске.
Май жұқпаған, шаң жұқпаған қолының
Икемі жоқ игілікті бір іске.

Білемісің: тоғышардың терісі аппақ
болса да,
Ал, істеген қылықтары қап-қара ғой
соншама!

Аударған Н. Айтөв

Мәдіхат Төрежанов

МАЛДЫҢ ТІЛІН БАҚҚАН БІЛЕДІ

Ыдырыстың құлағына қозының маңыраған дау-
сы есітілді. Шешесінің жанына жүгіріп барады.
—Апа, ана қара қозы неге маңырап тұр?
—Қарны ашқан шығар.
Ыдырыс қозыға емізікпен сүт берді.
Бірақ қозы маңырауын қоймайды. Ыдырыс апа-
сына келді.

—Апа, ана қозыға не болды?

—Аяғына шөгір кірген шығар.

Ыдырыс қозының аяғын қарап, қадалған шөгірді жұлып тастады. Қозы көп ұзамай тынши бастады.

Арада бірер күн өткеннен кейін, қара қозының маңыраған даусы естілді.

—Апа, қара қозы тағы да маңырап тұр.

—Ойнағысы келген ғой.

Ыдырыс қара қозыны шарбақтан шығарып алып, онымен жарысып ойнады.

Бірақ бәрібір қара қозының даусы сөнбеді.

—Апа, қозым жылай береді. —Ыдырыс шынымен мазасызданды.

—Енесін сағынған болар.

Ыдырыс дереу оны енесіне қосты. Расында да қара қозы тиыла қалды.

Анасының қозының тілегін тап басып білгеніне Ыдырыс таңданып-ақ қалды.

Бірде ол ауладағы балаларға: «Менің апам қойдың тілін біледі»,—деп мақтанды.

Бұл сөзге балалар да едәуір таңданысып-ақ қалды.

—Бұзаудың тілін біле ме?

—Лақтың тілін біле ме?—деп сұраумен болды. Ыдырыстың бекерге өтірік айтқысы келмеді.

Шындығын апасынан сұрап білмек болды.

—Апа, сіз барлық малдың тілін білесіз бе?—деді ол.

—Білемін,—деп жауап берді анасы.

—Қалай білесіз?

— «Малдың тілін баққан біледі. Оттың тілін жаққан біледі» деген сөз бар. Мен көп жыл мал бақтым. Зер салып қарап жүрсең, сен де түсінетін боласың, — деді ол байыппен.

Содан бері Ыдырыс үйдегі малды жайғауға ата-анасына ұдайы көмектесетін болды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Халқымыздың ертеден бері шұғылданып келген шаруашылығының аты не?
2. Мөлдір бұлақ басында кімдер жоқ?
3. Көк кілемге шашылған «Ақ моншақтай қой мұнда» дегенді қалай түсінесіңдер?
4. «Қожа» деген сөз нені аңғартады?
5. Қандай атақты шопандарды білесіңдер?
6. Әңгімені мәнерлеп оқыңдар.

ҰЛЫЛАРДАН ҰЛАҒАТ

БАЙ БАЛАСЫ МЕН ЖАРЛЫ БАЛАСЫ

Асан деген — бай баласы. Үсен — жарлы баласы, екеуі құрдас екен. Бір күні ел көшкенде, қыр басында ойнап жүріп, ескерілмей екеуі жұртта қалыпты. Бір мезгілде үйге барайық деп келсе, ауыл жоқ, құр жұрты жатыр. Асан айқай салып жылай бастады. Үсен ойланып тұрды да айтты:

— Жылағанмен еш нәрсе өнбес. Көшкен ауылды іздеп табалық.

— Елді қайдан табамыз, қай жаққа кеткенін де көргеніміз жоқ, — деді Асан.

Үсен үндемеді, Асанды ертіп көшкен жұртқа келді. Жұртта көзі сынған бір ине жатыр екен, оны алды және бір пышақтың сынығын, бір-екі уыстай қыл тауып, оны да алды. Сонан соң ауылдың жұртынан айналып жүгіріп жүріп, көштің кеткен сүрлеуін¹ тауып, сол сүрлеуге түсіп жүре берді.

Біраз жер өткен соң сүрлеу екі айрылды. Мұны көріп Асан жылай бастады.

— Енді қайсысына түсеміз, — деп, Үсен қарап тұрып, біреуіне түсті:

— Мынау сүрлеу, бүгін жүрген көштің сүрлеуі екен — малдың жас тезегі бар, — деді.

Біраз жер жүрген соң, Асан: «Қарным ашты», — деп жылады. Үсен үндемей келе жатса, екеуінің

¹сүрлеу — көптен бері жүрмеген ескі жол.

алдынан бір үйрек ұшып, ұзамай қасына қонды. Асанның онымен ісі болмай жүре берді. Үсен жүгіріп барып сипалап жүріп, үйректің орнынан алты жұмыртқа тапты. Асан қуанып, жұмыртқаны алайын деп еді, Үсен алдырмай:

—Жолдан адасып көп күн жүрсек, бізге тамақ керек болар, үйректі де ұстап алайық,— деді.

Асан айтты:

—Қалай ұстаймыз?

—Мен әкемнің ұстағандарын көріп едім,— деп манағы жұрттан тауып алған қылдан есіп тұзақ істеді де, оны апарып үйректің ұясына құрды. Мұнан соң Асанды шақырып алып, екеуі бір таса жерге, қалың шөптің арасына барып жатты. Көп ұзамай-ақ үйрек қайта ұшып, жан-жағында адам көрінбеген соң, ұясына келіп қонды. Аздан соң Үсен түрегеліп, жүгіріп ұяға барып еді, үйрек ұша алмай далбырлады да қалды; қараса, үйрек мойнынан тұзаққа ілініп қалған екен.

Үйректі Асан:

—Тірі алып, ойнап барайық,— деді.

Үсен айтты:

—Жоқ, әкем: «Үйрек-қаз— адал құстар, мұқтаждықта құдай-тағала бұларды адамға ұстап алып, тамақ етуге бұйырды, бірақ тірілей байлап-матап өуре ету обал»,— деп айтушы еді,— өуре етпей бауыздап алалық,— деп, манағы жұрттан тауып алған пышақтың сынығымен бауыздап алды.

Мұнан соң келе-келе жатып, түс уақытта, екеуі бір өзен судың бойына жетті. Су ішіп, сусындарын қандырған соң, Үсен айтты:

—Енді бір тамақ пісіріп желік.

Асан:

—От жоқ, қалай пісіріп жейміз?— дейді.

Үсен үндемей, су жағалап жүгіріп кетіп, бір шақпақ тас тауып әкелді және шапанының бір кішкентай жыртылған жерінен аз ғана мақта суырып алып, оны тастың үстіне қойып, бәрін бармағымен ғана қатты қысып тұрып, манағы пышақтың сыртымен тасқа қатты ұрып еді, от шығып, мақта тұтанды. Сонан соң айналасына азғана тезек үгіп салып, Үсен өзі отты үріп тұтандырып жатып, Асанды қу тал жинап алып кел деп жіберді. Тал келтірілген соң, от жағып, әуелі жұмыртқаны отқа салып пісірді; онан соң үйректің жүнін жұлып бір талдан істік істеп, үйректі отқа қақтады. Піскен соң екеуі де жеп, тойып алысты.

Тамағы тойған соң, көңілінен уайым шығып, Асан су жағалап жүгіріп кетті, бір мезгілде дауыстады:

—Үсен, Үсен! Мынау тайыз жердегі балықтарды қарашы!— деп.

Үсен оған қарамай, баяғы жұрттан тапқан инені отқа салды. Ине біраздан соң оттың күшімен еріп, қызарды, сол уақытта пышақпен инені алып, ептеп иді, қармақ істеді.

Сонан соң Асанды шақырып:

—Сен шегіртке тере бер,— деді де, өзі манағы қылдан есіп қармаққа бау істеп, байлап, талдан кесіп оған сап істеді. Сөйтіп, қармағы әбзелімен даяр болған соң, Үсен суға барып,

Асанның жиған шегірткесін жемге шаншып, қармағын суға салды. Үсен бірталай алабұға алды...

Күн сәскеге шейін жүріп отырып, сәскеде сүрлеу бір қатаң шақаттау¹ жерге түсіп көрінбей кетті. Балалар енді қай жаққа жүрерін білмей дағдарып тұрды. Сөйтіп жан-жағына қарап тұрса, ілгері алдында бір биік қыр үстінде үлкен мола көрінді. Сонда Үсеннің ойына әкесінің сөзі түсті. «Далада жүріп адассаң, молалы жерде су болады, сулы жерде ел болады»,— дейді екен. Сол ақыл бойынша Үсен Асанды ертіп, молаға қарай жүрді. Молаға жақындап келгенде, қаңқылдаған қаздың даусы шықты; Үсен жақын жерде көл бар екенін енді білді, өйткені, қаз сусыз жерді мекен етпейді. Келіп екеуі енді молалы қырға шықты, қараса, қырдың жығылар асты үлкен көл екен, көлдің айналасы да, іші де— құжынаған мал; жағасындағы жібектей жапырылған көкорай шалғынында қора-қора қой мен жылқының бір парасы көл ішіне түсіп, белінен құраққа кіріп тұр, енді бір жақ жағасындағы сортаңда бір топ түйе жатыр. Бұларды көріп, балалар қырдан түсіп, жүгіріп малға келді. Келсе, өз ауылдарының малы екен. Малшылар Асан, Үсенді көріп, олар да қуанып, біреуі әке-шешелерінен сүйінші сұраймыз деп шауып кетті. Өзгелері балаларды атқа мінгізіп, ауылға алып жүрді. Жолда келе жатып малшылар айтты:

¹Шақатты — қағы кепкен сортаң жер.

— Сендердің жұртта қалғандарыңды біліп, кешеден ауылдың жан біткені іздеуге кетіп еді, — деп. Нақ бесін мезгілінде балалар аман-есен үйлеріне келіп, әке-шешелеріне қосылыпты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Көшкен ауылды кімдер іздеуге түсті?
2. Асан не деді? Үсен ше?
3. Үсеннің тапқырлығын қалай бағалайсыңдар?
4. Асан неге жылады?
5. Балалардың қайсысы өмірдің қиындығына дайын?
6. Малшылар неге көңілденді?
7. Әңгіменің мазмұнын айтып беріңдер.

Сәбит Дөнентаев

КӨРКЕМТАЙ

Көркемтайдың шын аты — Көркемәлі, кішкене кезінде балалармен ойнағанда тілі келмеген балалар Көркемтай деуші еді.

Шешесі де еркелетіп сүйгенде: «Көркемтайым — Көркемтайым» — деп әдеттеніп, содан Көркемтай атанып кеткен. Үлкен-кіші — бәрі де Көркемтай дейді. Кейбіреулер шын аты Көркемәлі екенін де білмейді. Бөтен жұрт түгіл, Көркемтайдың өзі де шын аты Көркемәлі екендігін бері келе білген.

Көркемтайдың әкесі ерте өлген. Оны асырап-тәрбиелеп отырған — шешесі.

Жалғыз баласы болған соң, Көркемтайды шешесі жақсы тәрбиелеп, қатарынан кем қылмай өсірді. Шешесінің арқасында Көркемтай жетімдіктің не екенін де білген жоқ. Бірақ бері келе бұрынғы малы тапшылана бастады. Ағайыны —

Ысқақ мейірімсіз, қатты адам еді. Ол: «Мен сені асырап күтіп отырмын», — деп, азғана малын оған, бұған жұмсаумен құртуға айналды. Тіпті берірек келген соң, тайынан мініп, Көркемтайдың үйреткен көк бестісі мен бір-екі бұзаулы сиыры ғана қалды. Сөйтсе де шешесі Көркемтайды жетімсіретпеді. Ысқақпен ұрысса да, таласса да, әйтеуір, баласын жақтап қорғаумен болды. Өзін қазақша оқуға берді.

Көркемтайдың өзіне де ақыл кіре бастап, жасы 11—12-ге жеткен кезде, бір түрлі жақсы қалыппен өсті. Қасындағы ағайын көршілерінің балалары Көркемтайдың жақсы жүргендігін күндеп, көре алмайтын. Көркемтай болса, Ысқақтың үйінің іші жабыла ұрсып, әлденемелер айтып, баланың тауын шағып¹ жіберетін:

— Сен, жалмауыз обыр, әкеңді жұтып, енді қарайған малыңды жұттың. Бүкіл бір үйдің малы сенің киімің мен тамағыңнан артылмайды. Шешең мен екеуің әкеңнің дүниесін құрттыңдар, — деп балағаттап, Көркемтайды жылатып жіберетін. Оны шешесі естігенде, Ысқақтың үйімен ұрысып:

— Менің жалғызымда нелерің бар? — деп, баласы үшін әлденеше рет таяқ жеп, басы жарылған күндері де болған.

Бір күні Көркемтай Ысқақтың үйінен тағы да жылап келді. Бұрынғысындай да емес, көрген жәбірін айтып жылағанда, шешесі орнында отыра алмады. Баласымен қосыла жылады. Баласын алдандырып отырып, шешесі неше түрлі ойға кетті.

—Қарағым... Жалғызым!.. Менің арқамда жетімдіктің не екенін білмеуші ең. Ешкімнің баласынан кем қылғаным жоқ еді. Жетім бала, жесір қатын болып, ешкімге міндетімізді артқанымыз жоқ, қайдан білейін, тек сенің бақытыңа мен тірі болсам жарар еді. Қарағым... жаным, жалғызым... — деп, сөзінің аяғын бітіре алмай, өксіп-өксіп жіберді.

Бұрын Ысқақтың үйіне қандай ашуланса да, шешесінің мұндай ренішті сөздер айтып жылағанын Көркемтай көрген жоқ еді. Соның үшін де ол өзін бақытты санап, жетімдікті білмеуші еді. Нақ осы сағатта Көркемтайға туғалы білінбеген үлкен қайғының шеті көрініп қалғандай болды. Келешекте өзіне кездесетін үлкен ауыртпалықтарды сезінгендей, шешесінің тізесіне басын салып, еңкілдеп құлай кетті.

II

Күздігүні уақыт. Ел қыстаудың қасына көшіп келіп, қораларын түзеп жатыр. Өткен қыс жұтқа ұрынып шыққандықтан, шаруаның малдары шағындалған. Биылғы жылы да жылдың ыңғайы тым тәуір емес. Астық тұқымы аз. Тек әр үйдің ауласында үйілген шөптің қарасыны болмаса, егін қарасыны көрінбейді. Бірен-саран шыққан астықтарын жұрт әлдеқашан жинап алған. Маңайын-

¹Тауын шағу — бетін қайтару, көңілін қалдырып жабырқату.

да қара-құралар аз болған соң, ауыл бір түрлі көңілсіз. Жым-жырт...

Ысқақтың үйі де бүгін ерте тұрып, жұмысқа кіріскелі жатыр? «Таңертең ертерек қамданыңдар, жұмыс көп», — деп түнде Ысқақ үй ішінің адамдарына айтып қойған. Сол сөзбен бәрі де күндегіден ерте оянып, қыбырласып жатты. Олардың бүгінгі істейтін жұмысы Көркемтайдың азбар¹ қораларының ағашын бұзып, үйіне тасып алу еді. Шайларын ішіп, жайланбай-ақ, Ысқақ асықтырып, үйінің ішіндегі жұмысқа жарайтын адамдарының бәрі кетті. Ысқақтың үйінде биыл түскен келіні Нағима мен төрт-бес кішкентай балалары ғана қалды.

Ысқақтың шешесі жататын кереуеттің аяқ жағында ескі көрпеге оранған, басын бүркеген, домаланып қана біреу жатыр. Онымен ешкімнің жұмысы жоқ. Оны шайға да оятқан жоқ. Нағима қасына жақындап оятқысы келсе де, Ысқақтардан бата алмай қойып еді. Енді әлгілердің қарасы үзілді-ау деген шамада, Нағима:

—Тысқа шығып кел, атамдар кетті, — деп оята бастады. Бала басын көтеріп алды да, әрі-бері қипақтап отырды. Басындағы жаман бешпетін алып, қалтасына қолын салып қарауы-ақ мұң екен, жылап жіберді. Нағима аң-таң қалып: «Неге жылайсың, Шырақжан?» — деп сұрап еді, айтпады, жалынып сұраса да, айтпады. Онан жаман өксіп-өксіп жылай берді.

¹Азбар — мал қора.

Бұл — біздің Көркемтай еді. Шешесі өлгелі жылға жақындаған. Сонан бері Ысқақтың қолына кірген соң, жетімдік көріп, балаларынан қаққы жеп, бұрынғы тәрбие, бұрынғы тұрмыстарын өгейсіп, шешесін уайымдап жылай беретін еді. Өзін-өзі кем тұтып, уайымдаумен өте жүдеп кетті. Күндіз-түні ойлайтыны — шешесі.

Бүкіл бір үйлі жанның ішінде Көркемтайдың бауыр басып, жақын көретіні жалғыз-ақ Нағима болды. Тек онда да әлдеқалай шешесін ойынан шығарып жібергенде, анда-санда ғана көңілін жұбатып, Нағиманың қасына еріп жүретін. Шешесі ойына түсіп я бір нәрсеге ренжігенде, ешкімге де көңіл бөлмей, күні бойы жылаған күндері болатын.

Көркемтайдың Нағимаға бауыр басушылығының себебі: Нағиманың өзі бір түрлі жұмсақ жүректі, жылы жүзді, кісіге жақындығы бар әйел еді. Біреудің зорлауымен Ысқақтың баласына тиген. Келгеннен-ақ Көркемтайды өзіне тартып, аяушылыққа алып еді. Оңашада бетінен сүйіп: «Жылама, әжеңді көп уайымдай берме, жүдеп кетесің»,—деп ақыл айтып қоятын. Бүгін де Көркемтайды оятып, жұбатып отырғаны сол еді.

Бірақ Көркемтайдың қайғысы бұрынғысының үстіне жамалып, күштірек болған себепті ол жұбанбады. Оның қайғысының күшеюіне үлкен бір себеп бар еді: «Көркемтайдың шешесі тірі кезде тайынан мініп үйреткен көк бестісі әлі бар. Сол көк бестісін Ысқақтың үйі жұмысқа жегіп, балаларына мінгізіп, дамыл бермей жүде-

тетін болған. Шешесінен қалған, көзіне көрінген аты болған соң, Көркемтай оны қорғаштап, шамасы келгенше мінгізбеуге тырысып, соңғы кездерде аяғын кісендеп, кілтін өзі қалтасына салып алатын болған. Бүгін өзі ұйықтап жатқанда қалтасынан кілтін ұрлап алыпты. Балаға бұл іс тағы да маңдайына соққан таяқтай болып тиген соң, ықтиярсыз жыламас еркіне болмады. Манағы тұра салысымен, қалтасына қолын салып жыланнан өзін-өзі тоқтата алмай отырған себебі де осы еді.

Нағима баланы қанша жұбатқысы келсе де, оның қатқан жүрегі жібімеді. Жылап-жылап әбден қаны тасып долданған соң, шыдай алмай киініп далаға шықты. Нағима да артынан ере шығып, шынымен жалынып, көзіне жас алып:

— Шырақжан-ау, жыламашы, — деп үйге қарай жетектеп еді, бала көнбеді, онан жаман өршелене берді. Бүкіл тұла бойы түгелдей қалтырап, дірілдеп, ашуланғандай болып, баланың ықтиярын алып кетті. Өзін-өзі нендей қалыпта екенін де білмеді.

Нақ сол сағатта қораларының төбесін бұзып жатқан Ысқақ көзіне түсіп, бала не болғанын білмеді. Есалаң адамша отыра кетті.

Нағима шыдай алмай, өте аяғандығынан, баланың даусын естімейін деген кісіше кетіп қалды. Әрі-беріден соң бала түрегеліп жан-жағына қарады да, кешегі кісендегі көк бестісі орнында тұрғандай көрініп, қырқаның астындағы шоқ шырпыға қарай жүре берді. Манағы кілтін жоғалт-

қаны есінен шығып кетті. Барса, кісендеген жерінде көк бестісі жоқ. Ысқақтың әкеткенін білді. Шырпының арасындағы көдеге бауырын төсеп жата қалып, тағы жылады. Әбден шаршаған соң, жылауды қойып, түрегелді де, ауылдан шақырым жердегі шешесін көмген көк молаға қарай, көзі-басы көкпеңбек болып, тәлтіректеп жүріп кетті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтіннен анасының Көркемтайға көрсеткен қамқорлығын бейнелейтін жолдарды тауып оқыңдар.

2. Көркемтайдың жүрегін езіп, жігерін құм еткен көршілердің де сөзін тауып оқыңдар.

3. Жазушы ауыл көрінісін қалай суреттеген?

4. Көк бесті—қандай жануар? Оның көтерген жүгі ауырма еді, жеңіл ме еді?

Бұдан бұрын да Ысқақтың үйіне ашуланғанда, жылап молаға қарай жүгіретін әдеті еді. Бала-рақ кезінде мола дегенді бір түрлі қорқынышты нәрсе көріп жүретін Көркемтай енді басына мынадай іс түскен соң, қорықпақ түгіл тіпті сескенбей, молаға барса, алдынан шешесі шыққандай көріп, ентелеп жетіп баратын болды. Бұрын еті үйреніп алған соң, бұл жолы да тоқтамастан кіріп барып, қалың зираттың ішіндегі шешесінің қабірін тауып алып:

—Мен мынадай болып келдім. Жетімдік көрдім,—деп құшақтай жығылды. Көзінің жастары моншақтап домалана берді. Көркемтайдың мұндай бақытсыздыққа ұшырап келгендігін біліп, шешесі

қарсы алғандай көрінді. Тірі кезіндегі «Қарағым, Көркемтай», — деген аянышты дауыстары Көркемтайдың құлағына естілгендей болды. Көркемтай құлағын қабірге таяңқырап, не айтар екен деп тыңдай берді. Көзінің алдында шешесінің бауырында жатқандай болып, манағы көріп келген қорлығының бәрін де есінен шығарып жіберді.

Шешесі барындағы көрген қызықтары, ойнаған ойындары, шешесінің бауырына қысып-қысып сүйгендері Көркемтайдың көзінің алдынан бір-бірлеп өтіп жатты.

Әрі-бері отырып, тағы түрегелді. Бір күйді, бір жанды ақырында, болмас деген оймен сандалақтап, зираттың сыртына қарай аяңдады. Тағы да баяғы көк бестісін кісендеген қырқаның астына қарай жүрді.

Күн кешке жақын. Біріндеп ауылға қайтқан малдың арасымен сиырдың соқпағына түсіп келе жатты.

Қарсы алдынан бір адам қараң ете қалды. Малдың арасынан еңкейіп қараса, қолында тезек терген қабы бар бір әйел. Көркемтай тұра қалды. Бұл — Нағима еді.

Көркемтай кешігіп келмеген соң, айдалаға қонып қалып, жазым болар ма екен деген оймен Нағима тезек терген болып, Көркемтайдың кеткен ізімен келе жатыр еді. Баланы көре сала танып, қабын тастай жүгірді. Нағиманы таныған Көркемтай да шыдай алмады. Манағы таңертеңгі тілін алмай, ренжіп кеткенін есіне алып, қарсы

жүрді. Нағиманы көрісімен жылап жіберді. Ойна тағы әлденелер түсіп кетті.

Нағиманың да көңілі бұзылып:

—Жылама, қарағым, көзіңнің жасы ағайыныңа болсын. Айдалаға сені тентіретіп қойғандығы үшін жазасын тартар,—деп баланы алдандырып, көңілін басып жұбатты.

Күн орнына қонып, қара көлеңке түсе бергенде, Нағима Көркемтайды қолынан жетектеп, тасатаса жермен ауылға алып келді.



Май жұлдызының бас кезі, жердің беті кілемнің түріндей жап-жасыл, таң атып, күн шашырап шығып келе жатыр. Таңертеңгі түскен шықтың тамшысымен қызарып шығып келе жатқан күннің сәулесіне шағылысып, өсімдіктердің басы күмістей жылт-жылт етеді. Қалың тоғайдың арасынан ирек-ирек болып аққан жіңішке өзеннің үстінен көтерілген аппақ тұмандар, шықпен буланып маңдайы терлеп, төмен қарап тұрған талдар, талдың арасынан сылдырап аққан өзеннің суы, анадайдан қарайып көрінген жар-жардың жағасында жағалай елдің қыстауы, көктің жүзі көкпеңбек теңіз секілді. Шөптің басы қимылдарлық жел жоқ. Тып-тыныш. Табиғаттың барлық нәрсеге ықылас көзбен күліп тұрған күні еді. Тоғайдың арасында—созып-созып шақырған көкек құсының мұңды даусы. Шырылдап ұшқан боз торғайлар, көкте жүріп, анда-санда тррууу...

деп айқайлаған ұзын сирақ тырналар, басқа құстардың да сайрағандары, тоғайдың іші ың-жың...

Осының бәрі көлденең қараушыға үлкен ой түсіріп, жаратылыстың көркемдігі әр нәрсеге байлаулы екендігін көрсеткендей еді.

Сәске түс болды. Жан-жануардың бәрі орнынан тұрып, күндегі қызметтеріне тарай бастады. Қыстан қалған халықтың азғана малы бет-бетімен бытырап, әр жерден бөлек-бөлек болып қырға қарай аяқ басты. Жүдеп шыққан көтерем арық-тұрақтар да шұбатылып мал соңынан ере алмаған соң, қыстаудың арасынан ұзай алмай жүр. Аузына көк тиген соң, көтеріліп кететіндей ойлары бар. Жан-жануар, адамзат—бәрі де жаратылыстың жақсылығына зар.

Қыбырлаған жанның бәрі жаратылыс теңізіне жүзіп жүргенде, біздің Көркемтай бүк түсіп көк моланың бір бұрышында жата берді. Оның барып халін біліп, көңілін жұбататын адам жоқ. Ол жалғыз, ол бақытсыз, ол қорғансыз, оған ешкімнің де жаны ашымайды. Аянышпен бе әлде қуанышпен бе, білмеймін, Көркемтайдың қасында үймелеп жүрген күзетшілері де бар еді. Олар—жауыр аттың арқасын шоқып, жарасын қанатып дәндеген, қойдың жабағысын жұлып ұяға салған, моланың ішіндегі қарғалар, құзғындар. Әбден ықтиярына көнген соң, олар Көркемтайдың маңайынан кетпей қойды.

Көркемтайдың мұндай халге ұшырап жатқандығының ең зор себебі—жетімдік.

Көркемтайдың бауыр басқаны жалғыз-ақ Нағима еді. Мұның сорына о да болса, ол үйде тұра алмады. Ысқақтың баласы жаман, оның үстіне Ысқақтікі күн көрсетпейтін болған соң кетіп қалды.

Нағима кеткеннен кейін Көркемтайдың қайғысы бұрынғысының үстіне екі есе болып жамалды, бұрынғыдан да жаман қияли болды. Күн-түн демей, беті ауған жаққа кетіп қалған күндері болды. Қыстың қақап тұрған аязды кештерінде талай рет ауыл адамдары далада қаңғып жүргенінен алып келіп, үйіне қондырып жіберіп жүрді. Кейде жұмсақ көңілді біреулері Ысқақтың үйіне ұрысып тапсырып кетуші еді.

Сондағы Көркемтайдың көз алдынан елестеп шықпайтыны шешесі, көк моланың іші. Осындай ауыртпалықтар басынан кешкен соң, осы қыстан Көркемтайдың құр сүлдесі ғана шықты. Әрі, бір жағынан, қайғы үстіне қайғы жамалып, екінші жағынан, талай суықтарға ұрынғанынан ауруға шалынып, ішінен жеген құрт аурудай құр сүйегі қалған, сондықтан ол өзінің жаратылыстың бір мүшесі екендігін де ұмытып, дүниеден қол көтерген¹. Бүгінгі атқан май айының ақ таңының оған әсер бермей, табиғаттың жылы суреттерінің онымен араз болып тұрғаны да— осы.

Көкмоланың бұрышына Көркемтай келіп жатқалы бір күнге жақындап келеді. Артынан іздеп

¹Дүниеден қол көтерген— бұл жерде тіршіліктен түңілген, безген, көңілі қалған деген мағынада.

келген жан жоқ. Іші, бауыры қатып, әбден әлі бітіп, қалжыраған соң, бүк түсіп қана жатыр еді. Бүгінгі атқан таң, Көркемтайдың ақтық таңы екендігін, бүгінгі күн ақтық өмірінің тиянағы екендігін оның қасындағы өлімтігін аңдып отырған құстар дәлелдейді. Ал Көркемтайдың өзі де жақындағы ақтық өмірінің белгісін көзімен көріп, ақырғы дем алысын ғана күтіп жата берді. Көз алдында елестеген өлім: «Келе ғой, қарағым», — деп шақырған шешесінің даусы, «Қош, қарағым, Шырақжан», — деген Нағиманың даусы тағы-тағылар — осының бәрі Көркемтайдың көз алдында.

Күн түстен ауып, кешке жақындады. Көркемтайдың халі тіптен төмендеп кетті. Ең ақырғы тынысы жақындаған кезде, шаршаған нұрсыз көздерінің шарасын ақырын ғана әлсіз түрмен ашып алды да, жарыққа бір қарады. Үймелеп маңайында жүрген қарғалар, қақ маңдайының алдында тұрған ай, қызарып батып жатқан күн — осының бәрі Көркемтайға қаһарлы жүзбен қарап тұрғандай болды. Жер дүниенің бәрі қап-қараңғы болып кетіп, оны жаратпағандай болды. Жаратылыстан көңілі қайтып, Көркемтай басын бұрып, көзін жұма берді...

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шешесі Көркемтайға не үшін қорлық көрсетпеді?
2. Көркемтай шешесінің жылағанын көрген бе еді?
3. Нағима қандай адам?
4. Табиғат көріністері қалай суреттелген?
5. Көркемтайдың ауыр халге ұшырауына не себептер бар?
6. Мәнерлеп оқып, мазмұнын әңгімелеп беріңдер.

ӘЖЕМНІҢ ӘҢГІМЕСІ

(Абайдың жастық шағы туралы)

Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық кейіпте. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бірақ әлі сол мүсінде, үлкендік жоқ. Толық балғын емес. Сидиып арықтап, құр созылған сияқты. Күн көрмей өскен, реңі солғын, бойшаң ғана өсімдік бейнелес.

Бұрын қара болушы еді, бетінің қызылы да бар еді. Қазірде қаладан қайтқандық және ауру қосылғандық бар ма, әйтеуір бозғылданған. Сұйықтау қоңыр шашының арасынан бас күйқасы да қылаңданып көрінеді.

О да— ауырғандық пен күн көзінде болмағандық белгісі.

Абайдың осы сияқты қалпына ендігі мінез машығы да бір алуан боп, өзінше үйлесті.

Ол атқа мініп жүруге жарағанымен, үйден көп шықпайды. Өзге баладан гөрі, басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты. Онысы— әсіресе әжесі. Одан қала берсе, шешесі.

Абай биыл ғана анық бағалады. Бұның әжесі бір түрлі шебер әңгімеші екен. Қызық сөйлейді. Әңгімесінің барлық жерін дәмді қып, қызықтырып айтады. Әуелі Абай ауыра бастағанда, бір күні кешке ұйықтай алмай жатып, әжесінен әңгіме айтуды сұраған. Сонда ол ойланып отырып:

—Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен...—деп, кішкене тақпақтап бастап еді. Абай соны ұғып қапты, келесі жолы әңгіме сұрағанда әжесінің тізесінен ақырын қағып:

—Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен...—деп, тағы да әңгіме тілегенін білдіруші еді.

Әжесі әуелде көп-көп ертектер айтқан. «Еділ-Жайық», «Жұпар қорығы», “Құламерген»—бәрі де айтылып еді. Әңгімелерін түсте де, кешке де, тіпті көш бойы да айтқыза беретін болды.

Бертін келе, тәуір болып алған соң, әжесінен тағы бір әңгімелер тапты. Ол—осы ел ішінде Зеренің¹ жасынан бері көргені, естігені жайындағы әңгімелер. Ел мен елдің шабысы, таласы жайында бірталай күндер айтты. Осыдан жиырма-отыз жыл бұрын Найманның осы елді, осы ауылды шапқанын, сонда Бостанбек қолынан осы ауылға тұтқынға түсіп, жыл жарымдай кісенде жатқан Қожаберді деген ақын жайын айтады. Соның көп өлеңін шұбыртады. Басқа да, «Қара шор шапқан» сияқты, шабысты, жортуылды айтады.

Тағы бір күндер Қалқаман—Мамыр, Еңлік—Кебектің қайғыларын да айтып беріп еді, Абай қажымай, жалықпай, ылғи ғана ынтыға тыңдайтын. Кейде әжесі шаршап, айтпай қойса, өз шешесіне жабысатын. Ұлжан да көп әңгіме білуші еді және ол, көбінесе, өлеңді сөзді жиі айтады. Оқымаған шешесінің әлі күнге ұмытпай,

¹Зере — Абайдың әжесі.

білдірмей сақтап жүрген зейініне таң қалады. Күдері қожа, Шортанбай, Шөже¹ жырларын, айтыс, өсиет, әзілдерін де көп айтып береді. Екі анасын көңілдендіріп, тағы айтқызу үшін кейде өзі қаладан әкелген кітаптарының ішінен «Жүсіп—Зылиқа» сияқты қиссаларды оқып береді. Әнде-тіп, мақамдап қояды. Шешелеріне ұғымсыз бол-ған түрік тілінің жеке сөздерін жолшыбай қазақ-шалап отырады. Осымен қайта көңілдендіріп алып, ескі әңгімелерді тағы айтқызады.

Сондай шеше әңгімелеріне бар пейілін беріп жүрген күндердің бірінде бұл үйге екі бөгде қонақ кеп қонды: бірі—қартаң, бірі—жас қонақ. Жасын Абай біледі. Таныған жерде қуанып кетті. Ол былтыр жайлауға келіп, осы үйде үш күндей жатып, «Қозы Көрпеш—Баянды» жырлап берген Байкөкше деген жыршы еді. Қасындағы қартаң кісіні Абай өзі білмегенмен, шешесі әбден та-ниды екен.

Қонақтармен жай сұрасып, амандасып бол-ған соң, Ұлжан Абайға қарап жымыып:

—Ал, балам, әжеңмен екеумізді қажай беруші едің, әңгіме, жырдың дүкені, міне, жаңа келді. Мына кісі Барлас деген ақын,—деді.

Шоқшалау ғана ақ сақалы бар, келбетті кел-ген зор дауысты ақ сары кісі—Барлас Абайға салғаннан ұнады. Білгенін ішіне бүгіп, тығылып, үндемей отырған өзге үлкендердей емес.

¹Күдері, Шортанбай, Шөже — өткен ғасырдың (XIX) белгілі ақындары.

Барлас іле сөйлеп кететін жарқылдақ, ашық. Осы үйде талай күннен жатып жүрген, ауыл адамы сияқты.

—Е, балам: «Шешенің судай төгілген, тыңдаушың бордай егілген»,—дегендей сөйлеуді де, тыңдауды да сүйген ел—ел дағы. Тыңдауға өзің жалықпасаң, айтуға Байкөкше жалықпас,—деп, жас жолдасына қарап күліп қойды.

Үй іші тегіс қош алған соң, екі ақын да оңай шешілді. Осы түнде ас піскенге шейін Барлас «Қобыланды батыр» жырын жырлады. Абайдың қазақ аузынан да, кітап ішінен де өмірі естіп білмеген ең бір сұлу, ең бір әсерлі, күшті жыры осы еді. Барлас жырын бітіріп, қол жуғалы қамданған уақытта Абай:

—Мұны айтқан кім? Осы өлеңді шығарған кім екен?—деп, бағанадан бері өзін сүйсіндірген ақынның атын білмек еді.

—Әріден келе жатқан деседі-ау, балам, бұның түбін.

Қобыландының қоштасқаны, Тайбурылдың шабысы, Қазан мен Қобыландының жекпе-жегі Абайды әсіресе еліткендей болатын. Жатқанда көпке дейін қызып ұйықтай алмады. Ертеңінде Ұлжан Барлас пен Байкөкшені жібермеді.

—Жүрмеңдер, асықпай, әлі біраз күн қонақ боп, жатып кетіңдер,—деді. Бұл Абайдың тілегі еді.

Тілі ұғымды, өмірі таныс болғаннан ба немесе Барлас пен Байкөкшенің кезектеп айтқан жырларының кейде шырқаған, кейде қалқып баюлаған, кейде лекітіп соқтырып, ескектете жел-

ген әнінен бе? Бебеу қаққан қоңыр майда домбырадан ба? Қалай да болса, Абай бұл күнге шейін өмірінде дәл осы Барлас, Байкөкше баян еткен дастан, жырларға барабар еш нәрсе есітпеген сияқты болды.

Күндіз де, түнде де Барластардың қасынан шықпайды. Екі ақын Ұлжан үйін барлық осы үлкен ауылға қан базардай қалың жиын үй қып жіберді.

Осы жолы Абай әрі өзі асылып, әрі шешесі арқылы салмақ салып, Барлас пен Байкөкшені дәл бір айдай жібермей ұстап еді. Бұл уақыттарда жас бала Барлас, Байкөкшемен біржолата дос, жақын боп алды. Бертін келе, түнде Барластың қойнына кіріп те жатады. Күндіз барынша күтеді. Мұның ұғымтал, зеректігіне қатты риза боп, шын сүйінген Барлас бір оңашада, жай ғана тақпақтап:

— Шырағым, ер жетерсің,
Ер жетсең, сірә, не етерсің.
Алысқа шырқап кетерсің,
Шындасаң, шыңға жетерсің... —

деп еді.

Ертеңінде ақындар аттарын ерттеп, жүрерге қамданғанда, Абай шешесін тысқа шығарып алып:

— Апа, екеуіне де жақсы қып тұрып сый беріп аттандыршы, — деді. Ұлжан үндеген жоқ.

Қонақтар қымыз ішіп болып, енді қоштасарға келгенде, Ұлжан Барласқа қарап бір сөз айтатындай пішін білдірді. Қонақтар іркіліп қалған еді.

— Мынау балам оқудан қайтқалы сүле науқас боп, арыла алмай қойып еді. Сендер келгелі

жақсы сөздеріңмен ем әкелгендей болдыңдар. Қадамы құтты қонақ болдыңдар, — деді.

Абай, шынында да, дәл осы кезде өзін-өзі бар сырқаттан құлан таза болып алғандай, нық бір қайрат жиып алғандай сезініп еді. Шешесі үнде-месе де, ашып айтпаса да «білгіш, танығыш, сыншы» сияқты көрінді. Ол бөгелсе де, сөзін бітірген жоқ еді.

— ...Тағы да келе жүріңдер. Анау кәрі әжесі мен бізді де көп сейілттіңдер. Жолдарың болсын. Келген сапарларыңа тыста бір азырақ ырым байлаттым. Ала кетіңдер... Риза, қош боп аттаныңдар, — деді.

Абай тысқа шығып, Барластарды аттандырып салды...

Абай шешесіне риза боп қуанып кеп, бұрынғы бір кішкентай күніндегі еркелігіне салып, оның мол денесін қапсыра құшақтап, қатты қысып, жыға жаздап шалқайтып кеп, бетінен, мұрнынан, көзінен қайта-қайта сүйді.

Сұрақтар

1. Абай неше жаста? Оның дене бітімі қандай?
2. Әжесінің бойынан қандай ерекшелікті байқады?
3. Абайдың әжесі—Зере әңгіменің басын қандай сөзбен бастайтын еді?
4. Абайдың шешесі—Ұлжан қайсы ақындардың *жырларын, айтыс, өсиет, әзілдерін* көп айтушы еді?
5. Абайдың үйіне қандай қонақтар келді? Олар кім?
6. Барлас пен Байкөкше қандай дастан, жырларды айтып берді?
7. Абайдың ауруынан айығып, көңілі сергуіне не себеп болды?

КҮЛІМДЕ, КҮН, КҮЛІМДЕ

Зулфия

КӨКТЕМ



Аспаным ашық
Мөп-мөлдір,
Бұлттар да өсем,
Көк теңбіл,
Асыға күткен аймаққа
Айналып келген көктем бұл.

Қызғалдақ жаңа, жел жаңа,
Жаңғырып кетті кең дала
Әр алуан гүлдер аспаннан
Төгіліп кеткен белге ана.

Азайып шыңның ақ қары,
Оянды аймақ мақталы.
Оятты барлық бағбанды
Бұлбұлдың таңғы тәтті өні.

Жолаушы біткен
Тамсанар,
Өспекші қанша бақшалар.
Еңбекке шыққан диқанның
Сүйеді бетін ақ самал.

Далаға ғажап өң берген,
Қайраты қатар ерлермен,
Тетігін темір тұлпардың
Қара көз қыздар меңгерген.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Көктем айларын атаңдар.
2. Көктем кезіндегі қауырт еңбек маусымы суреттелген өлең жолдарын табыңдар.
3. «Тетігін темір тұлпардың
Қара көз қыздар меңгерген»
дегенде ақын нені, кімді айтып отыр?
4. Өлеңді жаттап алыңдар.

Құрманбай Толыбаев

КҮЛІМДЕ, КҮН, КҮЛІМДЕ!

Әлем қалғып, мүлгіп тұр. Маңай жым-жырт, сыбдырсыз тып-тыныш. Қылт еткен қараң-құраң да байқалмайды. Аң да, құс та ұйқыға батқан. Бір де бір сыбыр-күбір естімейді. Жер үсті түгел тәтті ұйқы құшағына шомған. Түн қараңғылығы бүркеген аспан да тұңғиық түбіндей тұнған. Жон-жотаның етегі дөңгелене жайылып, үлкейіп кеткен. Көктің төрі шалғай, төбесі тым биік. Көз ұшындағы жылтылдаған мың-миллион жұлдыздар әлсіз шырақтай елегізе жылтылдайды. Шыңырау шұңқырға түсіп кеткен ұшқын секілді, бір орыннан ұзай алмай, бұлқына өрепкіп, құж-құж қайнағандай жылтылдайды. Осы бір шытырман құбылысты серпіп, әлден уақытта жер бетін желпіп самал есті. Ұйқыдан оянған алыптай дөңкиген таудың қарауытқан жон-жотасы қыбырлады. Сай ішіндегі күбір-сыбыр көбейді. Күншығыс жақтағы көкжиектің алыс түкпірімен, жер шегімен қабысқан тұсы ақ таңдақтана бозарды.

Таң сәулесі құлан иектене аспан төсіне құлашын кере жайылды. Осы құбылыстың өзі мүлгіген әлемге қуаныш нұрын себелегендей әсер етеді.

—Таң атты, таң атты!..—деп, төменгі қыр етегі жақтан, астық егілген жалпақ алқап арасынан бөдененің абдырай шақырған сабырсыз бықылы естілді. Оған арғы ойпатта айнадай жарқырап көл маңынан тырна үн қосты:

—Тұр-рыңдар, тұр-рыңдар!..

—Шыр-қаңдар, шыр-қаңдар!..—деп шырылдады сол замат шөже торғайлар.

Демнің арасында жер үсті жарқырап сала берді. Тіршілік ұйқыдан оянды. Таулардың төбесін алтын шапақ аймалады. Жалпақ даланың төсіне таң шапағы шашырады. Айналада ызыңшу көбейді, андыздаған мал тұс-тұстан өрді. Күжірейген ағаштар ұйқысын ашқысы келгендей жапырақтарын судырлата сілкінді.

Қып-қызыл қою шұғыласын ағыл-тегіл ақтарып, шырадай жайнаған күн шығып келеді. Жер бетіндегі қыбыр-қимылдың, күбірлеген, дүрілдеген үндердің сарынынан қуаныш лебінің шаттық толқынының сазы еседі. Күллі әлем:

—Күлімде, күн, күлімде!..—деген ізгі тілектерін шалқардай ақтарады. Осы ұлы ниет пен асқар сезімді әнге қосып жырлаған құстардың әуені қандай әсерлі десеңізші! Жүрегіңді әлдилей тербетіп, арманыңды әуелетеді.

Күннің қызғылт шұғыласына шыбын-шіркей секілді ұсақ жәндіктер де жоталарын тосады.

Сәулеге қанып алғысы келгендей құжынай ұшып жүр. Шегірткелер әлденеге мәз, шаттана шырылдайды, өздерінің үйреншікті әндеріне басты. Тас бұлақтың сылқылдай аққан ерке сыбдырына сол шырыл қосылып, жер бетінің дыбысы кеудені жарып шыққан таза күлкінің үніне ұқсайды. Құлақ тоссаң, осының бәрі жарық дүниенің үні екенін сезесің. Осы бір ұлан-асыр ызың-шу адам жүрегіне балдай тәтті сезім шырынын құйып жатқан жоқ па!

Алыстан қарауытқан таудың арғы түкпірінен төбеге өрлеп, нарттай жайнап күн шықты. Жер бетін алтындай қызғылт нұрға малындырып, мейлінше аймалап тұр. Соған сүйсінгендей табиғат түгел балбырап, құшырлана еміренеді:

—Күлімде, күн, күлімде!..—деген ұлы тілектің дарқан сарыны естіледі. Шөп басында, шық төсінде, тау-тас құшағында ізгі үміт ұшқыны жарқырайды.

Жаңа күннің тіршілік әрекеті, қимыл-қозғалысы осылайша басталды. Бұл—өмірдің басы емес пе!

Тапсырма

Әңгімені төмендегі жоспар бойынша мазмұндаңдар:

1. Түн.
2. Таң атты.
3. Құстар әуені.
4. Ұлы тілек.

КІМ ОЙЛАП ТАПҚАН?

Сөздерді ең аяулы
Жақсы көріп, жаттадым,
Енді білдім
Оларды
Кімнің ойлап тапқанын.

«Ана» деген сөзді де,
«Аға» деген сөзді де,
«Әке» деген сөзді де,
«Тәте» деген сөзді де,
«Ата» деген сөзді де,
«Апа» деген сөзді де —
Ойлап тапқан — балалар!

«Күнім»,
«Жаным» дегенді,
«Құлыншағым» дегенді,
«Ботақаным» дегенді,
«Қошақаным» дегенді,
«Айналайын» дегенді,
«Толған айым» дегенді —
Ойлап тапқан — аналар!

Мұны біле бермейді
Бізде кейбір балалар.

Тапсырмалар

1. Қазақ тіліндегі туыстық атауларды атаңдар.
2. Төрт түлік төлдерінің атауларын атаңдар.
3. Өлеңді жаттап алыңдар.

ЖАҢБЫР

Жасырынды бұлтқа күн,
Жел әкелген тақымдап.
Жібек перде тұтқалы
Жаңбыр қалды жақындап.

Жарқыл ойнап алыста,
Жыбырлады көл үсті.
Жағада өскен қамыстар,
Жамыраса өбісті.

Түнеріп күн лезде,
Тына қалды жел ептеп.
Тасырлатып бір кезде,
Төкті жаңбыр шелектеп.

Жайлау нұрды сіңіріп,
Жайнайды енді шөп шығып.
Жаңбыр суын сіміріп,
Жасайды бір көк шыбық.

Бұлттар бірақ тұрмады,
Бұл жауысым жетед деп.
Кетті егінге қырдағы,
Көк тұманын жетектеп.

Түтіліп бұлт түбіттей,
Аспан әбден сейілді.
Жаңбыр алды үміт те,
Жаңбырдан соң көңілді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңде жаңбыр жауар алдындағы мезет қалай суреттелген?

2. Осы өлеңнің атын басқаша айтуға болғанда, қалай атар едіңдер?

3. Жаңбыр суын сіміріп,
«Жасайды бір көк шыбық»

— деген өлең жолдардан нені ұқтыңдар?

4. «Жаңбыр» деген тақырыпта сурет салыңдар.

ҚАСҚЫР МЕН ЛАҚТАР

(Орыс халық ертегісі)

Бір ешкі болыпты, оның бірнеше лағы бар екен. Шүйгін шөпке тойып, мұздай су ішу үшін орманға кетеді екен. Ешкі кетісімен, лақтар есікті тарс бекітіп алып, ешқайда шықпай, үйде отырады екен. Ал ешкі орманнан оралысымен есікті қағып, ән салады:

— Лақтарым, шырақтарым!
Есікті ашшы, қарақтарым!
Келді орманнан аналарың,
Сүтке толы мамаларым.
Желінімді сыздатты,
Тұяғымнан сауылдап,
Сүтім менің сызға ақты!

Лақтары есікті ашып, оны ішке кіргізеді. Ешкі оларды сүтке тойдырады да, қайтадан орманға кетеді. Лақтар есікті бекітіп, үйде қалады.

Бір күні мұны қасқыр естіп қалады да, ешкінің орманға кеткенін аңдып тұрып, есікке жетіп келеді. Жуан дауысымен барылдай бастайды:

— Әй, лақтар, шырақтар!
Есікті ашшы, қарақтар!
Келіп тұрған анаңыз,
Сүтке толы мамамыз.
Тұяғымда су да бар,
Есікті ашып қараңыз!

Лақтар жауап береді:

— Естіп тұрмыз, бірақ бұл анамыздың дауысы емес. Оның дауысы жіп-жіңішке, сен ұқсап барылдамайды.

Амалы құрыған қасқыр ұстаға барып, жіңішке дауыс жасатып алады. Ол қайтадан үйдің қасына келіп, жасырынып тұра қалады.

Міне, үйге ешкі келіп, есікті қақты:

— Лақтарым, шырақтарым!
Есікті ашшы, қарақтарым!
Келді орманнан аналарың,
Сүтке толы мамаларым.
Желінімді сыздатты,
Тұяғымнан сауылдап,
Сүтім менің сызға ақты!

Лақтар оны ішке кіргізіп, қасқыр келгенін, бұларды алдамақ болғанын айтады.

Ешкі оларға шөп беріп, сүт ішкізіп болады да, қатаң ескертеді:

—Үйге біреу келіп, жуан дауыспен барылдап, жалынатын болса және менің айтатынымды түгел қайталай алмаса, есікті ашпаңдар, ешкімді кіргізбеңдер.

Ешкі орманға кеткен бойда, қасқыр есікке жетіп келіп, жіңішке дауыспен шіңкілдей жөнеледі:

—Лақтарым, шырақтарым!
Есікті ашшы, қарақтарым!
Келді орманнан аналарың,
Сүтке толы мамаларым.
Желінімді сыздатты,
Тұяғымнан сауылдап,
Сүтім менің сызға ақты!

Лақтар есікті ашқан бойда, қасқыр кіріп келіп тап береді де, бәрін жеп қояды. Тек бір лақ пеш ішіне тығылып үлгереді.

Ешкі есікке жақындап, қанша маңыраса да, ешкім жауап қатпайды. Қараса, есік ашық тұр, үй ішінде тірі жан жоқ. Пеш ішіне үңілсе, бір лақ тығылып жатыр екен.

Ол анасына болған оқиғаны баяндайды. Ешкі қайғырып, еңіреп жоқтау айтады:

—Айналайын лақтарым,
Қарақтарым, шырақтарым!
Неге есікті аштыңдар?
Неге сене қойдыңдар?
Жалаңдаған қасқырға
Қалайша жем болдыңдар?

Мұны естіп тұрған қасқыр үйге кіріп, ешкіге өкпе айтады.

— Көршім, мені бостан-босқа неге кіналайсың? Лақтарыңды мен жеген жоқпын. Қайғыруыңды қой, одан да орманға барып серуендейік.

Олар орманға келеді. Орманда бір шұңқыр кездеседі, онда от жанып тұр екен.

Ешкі қасқырға тіл қатады:

— Кел, қасқыр, байқайық, шұңқырдан кім секіріп өте алар екен?

Алдымен ешкі секіріп өтеді. Қасқыр қарғи алмай, шұңқырға құлап түседі.

Қасқырдың қарны отқа күйіп, жарылып кетеді де, ішінен лақтар шығады. Бәрі тірі екен, аналарына қарай жамырай жүгіріседі.

Сөйтіп, олар бұрынғысынша өмір сүре бастайды.

Аударған І. Мәмбетов

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Лақтар ешкіні орманнан оралғанда қалай күтіп алады екен?
2. Бір күні лақтардың есігіне кім жетіп келді?
3. Лақтардан нешеуі тірі қалады? Ол болған оқиғаны кімге баяндайды?
4. Қасқыр кімді алдамақ болады?
5. Ешкі Қасқырға не деп тіл қатты?
6. Ертегіні мәнерлеп оқып, мазмұнын әңгімелеп беріңдер.

Ақан Рахманұлы

ӘН ЖҰЛДЫЗЫ

Ән дегенде елең етпейтін, ішіп отырған тамағын да қоя салып, тұла бойды шымырлата

отырып, алпыс екі тамырды түгел иітетін тәтті сиқырға тамсана берілмейтін жан жоқ шығар-ау, сірә. Әсіресе халық әндерін, ауыздан түспейтін термелерді нәшіне келтіріп орындайтын Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Жамал Омарова, Құтбай Дүрбаев, Орал Қалдыбаев, Наурызбай, Қалдаш жыраулар сынды жез таңдай әншілер мен жыршылардың құлақтан кіріп, бойды алатын елден ерек әуезін естіген адамның жаны жай тауып, арман қанатына мінгендей әрі-сәрі күй кешетіндігі ақиқат.

Жоғарыда аталғандардың көпшілігі Өзбекстаннан түлеп ұшқан өз жерлестеріміз екендігі көңілге айрықша қуаныш ұялатады. Осы орайда есімі алты алаш қазақтың алты жасар баласынан алпыстағы қартына дейін танымал анамыз Жамал Омарова жөнінде ерекше толғануға тура келеді.

Жамал апай 1912 жылдың 8 наурызы күні Ташкент облысының Жаңажол ауданында дүниеге келген. Жастайынан-ақ өнерді сүйіп, талантымен талайды таңырқатқан Жамал апай 1925 жылы Орта Азия жас таланттарының олимпиадасында әншілік өнерімен жүлделі болды.

Ол 1925—1927 жылдары Ташкенттегі, қазақ, қырғыз, өзбек жастары білім алатын педагогикалық училищеде үздік оқыды. 1934 жылдан бастап қазақтың Абай атындағы опера театрында әр түрлі рөлдерде ойнап, актёрлік талантын да жетілдірді.

Қарапайым ауылдан шыққан қазақтың қара қызының өз халқына, өзінің Отанынан деген сүйіс-

пеншілігі шексіз еді. Туған жерге деген осынау махаббат, осынау ыстық сезім оны 1941—1945 жылғы Ұлы Отан соғысының өмір мен өлім белдескен қанды майдандарына да жетелеп апарды. Сол кезде Қазақтың күміс көмей бұлбұлы атанып үлгерген Жамал Омарова туысқан өзбек халқының Тамара ханым, Халима Насырова рәуіштес өзі құралпы өнер қайраткерлерімен бірге Орта Азия республикаларында жасақталып, фашист жендеттеріне ойсырата соққы беріп жүрген қазақ, өзбек, қырғыз әскери бөлімдерінің жауынгерлеріне концерт қойып, олардың елге, жерге, туған халқына сүйіспеншіліктерін нығайтуға, жауыз дұшпанға өшпенділіктерін арттыруға сүбелі үлесін қосты. Сол үшін болар, Жамал апайға 1943 жылдың өзінде-ақ «Халық әртісі» деген құрметті атақ берілді.

Жерлес әнші апамыздың соғыс жылдарындағы, бертін келе бейбіт кезеңдегі жанқиярлығы, қазақ ән өнерінің дамуына сіңірген елеулі еңбегі жөнінде газет-журналдарда өте көп жазылды. Сондай даңқты әншінің біздің жерлесіміз екендігін заңды түрде мақтан етеміз.

Айсыз түнде көк күмбезіне көз салсақ, жыпылық ата жымыңдаған сансыз жұлдыздарды көресің. Солардың ішінде әркімнің жүрегіне жақын санайтын өз жарық жұлдызы бар. Біз әңгімелеп отырған Жамал Омарова да—ән әлемінде өзіндік орны, өзіндік қолтаңбасы бар жұлдыздардың бірі. Жұлдыз болғанда жарқын әрі жарық жұлдыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтінде аттары аталған әнші-жыршылардың қайсысын білесің?
2. Жамал апай қай жерде туылып-өскен?
3. Ол «Халық әртісі» атағын қашан алды?
4. Жамал апайдың өзбекстандық құрбыларының есімдерін ата.
5. Дәптерлеріңе өздерің білетін әншілер мен жыршылардың аты-жөндерін жазып қойыңдар.

Темірхан Момбекұлы

СҮТ

Гуляның бұл мінезінің қалай пайда болғанын өзге түгіл, өзі де дәл білмейді. «Осыным дұрыс па, бұрыс па?»—деп ой жүгіртіп жатқан ол жоқ. Әйтеуір, ересектеу көрінуге бейім. Өз қатарларының ісінен де, сөзінен де шалағайлық тауып тұрады. Әлде есеюге асыға ма екен? Қалай болғанда да, үлкендеу. Қай жерден түсуді Хұсайынның өзі көрсетті.

—Мына жерден жібер...

Жазық түү-түү алыста жатыр. Гуля жүрексінген. Бірақ алған беттен қайтуға болмайды. «Қорықсаң, түспе. Бұдан ұлдардың өзі де көп түсе бермейді. Елдос екеуміз ғана жақсы түсеміз»,—деп қояды Хұсайын.

«Тәуекел». Гуля тартты да кетті. Жақсы басталды. Төмен қарай зулап аққан велосипедтің тежегішін абдырамай, сабырмен басады. Болмашы бұрылыстарда да сақтығынан жаңылған жоқ.

Еркін. Бірақ, бұл еркіндік ұзаққа бармады: жолдың жартысын өтті ме, өтпеді ме, велосипеді бұрынғыдан бетер зырлай жөнелді. Гуляның зәресі қалмады. Қорыққаны соншалық, жан-жағына да қараған жоқ. Айқайламады да. Рульден тасқып ұстап, қатып қалған. «Тұлпар» шіркіннің «шабысы» бара-бара үдей түскен секілді... Қай жерге тастап кетерін кім білсін?! Екпіні жаман! Тежегішті басқаннан пайда жоқ. Тоқтау да, жүрісін жайлату да мүмкін емес. Тежегішті сәл басыңқыраса болғаны, омақаса құлайды. Гуля қорыққаннан ес жия алмай қалды. Қазір құлайды!.. Мойны астына қайрылып... Міне, ұшты! Құрыды деген осы! Осындай дүлей қорқыныш қыздың есін алды. Мың-миллион құмырсқа таллап жатқандай жотасы шымырлап барады.

Бір жақсысы, әйтеуір, қаншалық қорықса да, рульден айырылған жоқ.

Сол жүрегі жарыла жаздап қорыққан қалпы, етекке бір-ақ түскен. Абырой болғанда, құлаған жоқ. Етектегі балалар шуылдап кеп ұстай-ұстай алды.

Түсейін десе... қолы қарысып қалыпты. Ұлы да, қызы да тартып жатыр, ажырап емес.

Елдос айқай салды:

—Тартпаңдар! Одан түк шықпайды. Мен қазір келем! Тез келем!—деді де, ауылға қарай жүгіре жөнелді.

Ауыл тиіп тұрған, демде-ақ қайта оралды. Қолында шөңкесі бар. Гуля оның не істегелі жүр-

генін білмей, әуелгіде таңырқап қалып еді. Сөйтсе, сүт әкеліпті. Сүтті саусақтардың үстінен аз-аздап құйды да, жайлап сипай бастады. Сүт құяды да, сипайды.

Сөйтіп, екі қолды да рульден ажыратып алды.

Гуля бұл кезде бір жола сабасына түскен. Ол таңырқаумен болды. Сүттің осындай керемет қасиетіне, аяқ астынан сол есіне түсе кеткен Елдостың тапқырлығына есі шыға таңырқаған.

...Сөйтіп, бұл жолы қыдырысында сүттің осындай қасиетін біліп қайтты. Көзімен көрді ғой... Енді ылғи айта жүреді. Сенбейтіндер табылса, көзбен көргенін айтады да. Сенбей көрсін!

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Адамның екінші жұрты қай жұрт?
2. Нағашы жұртта ерегіс неге ушығып кетті?
3. Қыздың бойын неге қорқыныш биледі?
4. Әңгіменің «Сүт» деп аталуы неліктен?
5. Әңгімені өз сөздеріңмен айтыңдар.

Байбота Серікбаев

ТӨЛДЕР ДАУЫ

Тай, Лақ, Тайлақ дос еді,
Кетпей үйден ұзап тым,
Шаңдатып кең көшені,
Шапқылайтын ұзақ күн.

Тайлақ бірде Тай, Лақты
Менсінбейді кіші деп.

Лақ маңырап,
Аймақты жаңғыртты Тай кісінеп.

—Лақсың ба сен, Тайсың ба,
Жүргенменен дандайсып,
Жеке-жеке қайсың да
Тайлақ бола алмайсың!..
Тай, Лақ (хормен) Тайлаққа
Былай деді:
—Сары қыз,
Жөніңді біл,
Әй, лақпа!..
Төлміз біздің бәріміз!..

Т а й :

—Лаққа ұқсап тау, таста
Жүре алмайсың секіріп.
Сендей епсіз маубасқа
Сөйлеу де ұят лепіріп!..

Л а қ :

—Тайға ұқсап, сірә да,
Айтшы, қашан шабасың?
Секірем деп жырадан,
Кілт мертігіп қаласың!

...Тайлақ сұрап кешірім,
Төлдерге кеп қосылды.
Тай, Лақ, Тайлақ досының
Қателігін кешірді...

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Көшеде шапқылайтындар кімдер?
2. Лақ неге маңырады, тай неге кісінеді?
3. Тай, Лақ, Тайлақ кімнің қателігін кешірді?
4. «Кешірімді бол» деп үйіңде кім айтады?

Тиісті сөздерді көп нүктенің орнына қойып, дайын ұйқастарға өлең жазыңдар.

..., ... төгерсің,
... көгерсін.
... ... қалықтап,
... ... көгершін.

Тиісті сөздер: кең аспанда, биік ұшсын, жаңбыр, тамшы, бәйшешектер.

Танаш Дәуренбеков

АҚ ҚАЙЫҢ

Сыртта машина дауысы гүр ете түсуі мұң екен, Саттар үйден ата шықты. Жүк машинасы жылжып келіп, есік алдына тоқтай қалды. Кабинадан әкесі шықты.

—Кешіктім бе, Саттаржан?— деді, дауыстап.

Саттар үндемеді. Әкелдің бе дегендей машинаның қорабына көз салған.

—Мұнда кел,— деді әкесі. —Машинаның үстіне шық та, ана ағаштарды маған әперіп жібер.

Жүгіріп келген Саттарды әкесі қолтығынан демеп жіберді. Сол маңда ойнап жүрген көршінің балалары да жиналып қалды. Балық үлесіп жатқандай у-шу болып кетті.

Әкесінің әкелгені кілең ақ қайың екен. Таңдап алған болу керек, бәрі де оқтай тұзу, балапан ағаштар. Ақ қайың — ағаштың сұлуы ғой. Арықты бойлата егілсе, күш алып, бой түзеген кезде, көр де тұр, көше бет, терезе алды гүлденіп кетеді.

— Балалар, — деп, айқайлады әкесі, — не қызық бар мұнда? Ағашты бастыңдар. Ана жаққа ой-насаңдаршы.

Шуылдаған бір топ бала дүрліге жүгіріп, ұзай берді.

Күлпаш қипақтап, сол төңіректен шықпай қойды. Ол Саттардан екі-үш жас кіші. Мектепке әлі бара қойған жоқ. Көрші үйде тұрады. Басқа балалардан көрі Саттарға үйір. Ойнаса да, үйіріліп, кіл соның төңірегінен шықпайды. Сондықтан, Саттар да оған үнемі қамқорлық жасап отырады.

Ағаш түсіріп болған соң, машина кетіп қалды.

— Ал, Саттар, мен шешініп шығайын. Сонан соң тамыры кеппей тұрғанда мына қайыңдарды отырғызып тастайық.

— Мен де жәрдемдесейін, — деді Күлпаш Саттарға.

— Өзіміз-ақ егеміз ғой. Шұңқырлары дайын.

— Су құймайсыңдар ма?

— Құямыз, егіп болған соң.

— Ендеше мен кішкене шелегімді әкелейін.

— Мейлің.

Күлпаш үйіне қарай томпаңдай жөнелді.

Үш түп қайың артылып қалды.

— Оларды мына жерге отырғызайық, — деді әкесі. — Ертең мынаның біреуі өнбей қалса, ауыстыра салармыз.

Күлпаш Саттардың қасына келді:

— Біреуін берші.

— Оны қайтесің?

— Терезенің алдына отырғызайын.

Саттар әкесіне қарады.

— Ала ғой, — деді әкесі.

Күлпаш бір түп ақ қайыңды көтеріп үйіне беттегені сол еді, кенет бақырған дауысы шықты.

— Саттар-р!

Сөйтсе, бір бала қолындағысына жармасыпты. Екеуі тартысып тұр екен. Саттардың әкесі айқай салып еді, анау зыта жөнелді. Көп ұзамай Күлпаштың да терезесі алдына ақ қайың отырғызылды.

Оған Күлпаштың өзі кішкене шелегімен су тасып құйды.

Түскі тамақтан кейін қақпа алдына шыққан Саттар жылап тұрған Күлпашты көрді.

— Кім тиді? — деді ол қасына келіп. Сөйтсе жаңа ғана отырғызылған балапан қайың ортасынан қақ бөлініпті. Саттар аяп кетті. Шынын айтса, Күлпаштан гөрі тамыр жайып үлгермеген жас өскін қайыңға жаны ашыды.

— Қалай ғана көзі қиып... — деп өкінді ол. — Обал-ай! Дәу де болса бағанағы бала болар. Күлпашпен ерегіссе, қайыңның жазығы не?

Саттар үйіне қарай жүгірді.

—Әке, әке! Жаңағы Күлпашқа берген қайыңды сындырып кетіпті.

—Кім сындырыпты?

—Кім сындырғанын білмедім. Мүмкін, бағанағы тартып алмақ болған бала шығар?

—Қап, әй баламысың деген. Ағаш қадірін білмейді ғой. Күннен сая, желден пана екенін қайдан білсін олар. Сен былай істе: Күлпаш жыламасын, тағы бір қайың бер.

—Өзім де солай ойлап едім,— деді Саттар қуанышы қойнына сыймай. —Енді сындыра алмайтындай етіп шеңгелмен қоршап тастаймын. Осыдан біздің ағашты сындырып көрсін!

Саттар үйден жүгіре шықты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтіннен ақ қайың суреттелген тұсты табыңдар.
2. Саттар қандай бала? Оның бойында қандай қасиет бар?
3. Күлпаш неге жылады?
4. Әңгіме кейіпкерлерінің тізімін жасаңдар.

Шығармаға қатысушы адамдарды, жан-жануарларды шығарманың кейіпкерлері дейміз.

Кейіпкерлер атқарған істерінің өзгешеліктеріне қарай ұнамды кейіпкер, ұнамсыз кейіпкер болып бөлінеді.

ӘЗІЛІМІЗ ЖАРАССА

Оспанхан Әубәкіров

СҮТ ҚАЛАЙ ҰЙЫҚТАДЫ?

Сүт бір күні ұйықтапты.
Қатты ұйықтапты.
Ұйықтағаны соншалық,
Ұйып қапты.
«Қарап отырып айран бопты», —
Деп ел-жұрт қайран бопты.
Сүт ұйқысын қоя алмапты.
Айқайлап жатса да, оянбапты.
Мүлде берекесі қашыпты,
Шірене шертіп ашыпты.
Бұрқырапты.
Ашыған айран быжынап,
Жүдө, қатты құтырыпты.
Сүт ұйқысын қоя алмапты,
Айқайлап жатса да оянбапты.
«Ұйқы — дұшпан» деген ғой,
Сүт тіпті іріп қапты.
Сүттің мұндай қылығын
Әжем ғана біліп қапты.
Не дерін білмей тұрып қапты.
«Бұ сүтке ұйқы ұя салыпты», —
Депті де, әжем айранды
Бір дорбаға құя салыпты.

Сүт сонда ғана оянып,
Еңіреп тұрып жылапты.
Көзінің жасын бұлапты.
...Бәлкім, жұрттың өсегі,
Дорбадан аққан сары су
Сүттің көз жасы деседі.
«Мұныңыз өтірік», — десе де,
Ертегіге сияды-ау.

* * *

Әй, дегенмен, балалар,
Көп ұйықтаған зиян-ау.

Тапсырма

Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Сейтен Сауытбеков

ЖІБЕК ҚҰРТЫ МЕН ӨРМЕКШІ

Жібек құртына өрмекші:

— Жұмысты өте ақырын істейтін сылбырсың. Соңына қарамастан халықтың сені несіне асырайтынын түсінбеймін. Мен жұмысты сенен әлденеше есе жылдам істеймін. Менің соншалық еңбегімді ешкім бағаламайды, — депті. Сонда жібек құрты:

— Сапасыз жылдам істеген еңбегің кімге керек?! Өмір бойы тоқыған өрмегіңнің құны бір тиынға татымайды. Ал менің жібегім дүниедегі асыл заттың бірі, — депті.

ТІЛ АЛҒАНДАР

Төшен мен Төлеу ойнап жүріп, тарғақтың балапанын ұстап әкеп, Есбай дейтін аталарына көрсетіпті. Балапанды жаны аяған Есбай:

— Шырағы жанған сөнбей ме? Анасыз сорлы өлмей ме? — депті.

Қателерін мойындаған балалар балапанды ұясына қайта апарып салыпты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жібек құртының екінші аты не?
2. Жібек құртына мақтанған өрмекшінің сөзі дұрыс па, бұрыс па?
3. Төшен мен Төлеу ғой қатесін түсініпті, ал өрмекші өз қатесін мойындай ма екен?
4. Әңгімені оқып, мазмұндап беріңдер.

И. А. Крылов

АҚҚУ, ШОРТАН, ШАЯН

Аққу, Шортан, Шаян бір күн жұптасып,
Арбаға үйе жүк басып,
Үшеуі қатар жегілді,
Жүгі де жеңіл көрінді.
Жансебіл жанын жалдайды,
Арбаны қозғай алмайды:
Аспанға аққу самғайды,
Сүйрейді шортан көл жаққа,
Тарбаңдап Шаян кербәкпа
Тартады кейін құрғаққа.
Жөнсіз қайсы, жөн қайсы

Мен емес қазы оларға:
Бірақта,
Әлі орнынан қозғалған жоқ сол арба.

* * *

Бірліксіз достарға бас қайғы,
Ісі де оңға баспайды,
Бейнеттен көзін ашпайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бұл мысалдан нені ұқтыңдар?
2. Бұл өлең қай мақалды еске түсіреді?
3. «Бірлік, ынтымақ» дейтін асыл қасиеттерді ұғыныңдар.
4. Өлеңді жаттап алыңдр.

ҚОЖАНЫҢ ҚЫЗЫҚ ӘҢГІМЕЛЕРІ

Қожаның теңізшілерге айтқан ақылы

Қожа бір желкенді кемеге мініп келе жатса керек. Жол-жөнекей дауыл соғып, желкенді жұлып кетеді. Теңізшілер діңгекке көтеріліп, арпалысып желкенді қайтадан байлап жатқанын көрген қожа:
— Өңкей есуас. Кеменің түбі шайқалып тұрса, бұлар діңгекті шандып жүр. Кеме шайқалмасын десеңдер, іргесін мықтап байлап-матап тастаңдар, — депті.

Не болғанын үйдің төбесінен құлап көрген біледі

Бір күні Қожа үйдің төбесіне шыққанда, аяғы тайып кетіп, жерге құлап түседі. Жора-жолдастары келіп, қаумалап тұрып:

— Не болды? Неге жатырсың? — деп сұраса керек.

Сонда Қожа ойланбастан:

— Не болушы еді? Үйдің төбесінен құлап көргендерің болса, не болғанын сол біледі, — депті.

«Кейінгі ұрпақ жейді»

Қожа бір күні жүзім бағында жас шыбықтар отырғызып жүреді. Мұны көрген бір досы келіп:

— Бұл шыбықтар қашан өсіп, қашан жеміс бермек. Сірә, жуыр маңда жүзімнің дәмін тата алмассың, — дейді. Сонда Қожа:

— Біз өзіміз еккен ағаштың жемісін жеп жүрген жоқпыз, бізден бұрынғылардың еккен ағашының жемісін жеп жүрміз. Сондай-ақ, бұл шыбықтардың да жемісін кейінгі ұрпақ жейді, — депті.

«Алдымен бағасына келісейік, құйрық ешқайда қашпайды»

Бір күні Қожа есегін базарға апарады. Апарса, есегінің құйрығы былғанып қалған екен. Жолма-жол құйрықты кесіп, қоржынына салып алады. Сатып алушы да теп-тез табылып, есегінің алды-артына шығып, қарайды да:

— Сатып-ақ алар едім, бірақ есегің шолақ екен, — дейді.

Сонда қожа:

— Алдымен бағасына келісейік, құйрық ешқайда қашпайды, табылады, — депті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Алдар, Қожа, Өмірбек, Иван, Афанди сияқты әр халық аңыз-әңгімелерінің басты кейіпкерлерін білесіңдер ме?
2. Қожаның бойында қандай ерекшеліктер бар?
3. Қожа сөздерінен шешендік, ақыл сөздерді табыңдар.

Қадыр Мырзалиев

ХАЙУАНАТТАР ӘЛЕМІ

КҮН ТӘРТІБІ НЕМЕСЕ ПРОЛОГ

Аңдар жиын өткізіп,
Айтты ойларын жеткізіп.
Іштерінде олардың
Жатыр екен көп қызық.

Ас толтырып тегенге,
Ақымақтар мәз жегенге.
Жауап берді ақылды
«Кім боламын?» дегенге.
Жамау салып жабуға,
Болмайды артта қалуға.
Бар мәселе өмірде
Өз орныңды табуда!

Тоқылдақ:

Жапырақты құртатын,
Бүтіндерді жыртатын
Бір пәле бар,
Залым бар
Біле бермес жұрт атын.

Құртатұғын қауымын
Паразиттің жауымын.
Болған емес кедергі
Маған дауыл,
Жауының!
Қай кезде де жәдігер
Өмір үшін әбігер.
Өзім орман емдейтін
Болам мықты дәрігер!

Құндыз:

Оқуда көп сынастым,
Озығымын кластың.
Көбірек мен білемін
Жерден гөрі су астын.
Ұрпағына алаңдар
Ата-ана бар,
Қоғам бар.
Керек міне соларға
Канал,
Шлюз,
Тоғандар!

Құндыздың ең жаманы
Біледі әсте шаманы.
Мен өзіме лайық
Боламын су маманы

Піл:

Ну орманды орғанда
Керек оған қорған да!

Бізден күшті паровоз
Табылмайды орманда.

Кернейші еді нағашым,
Менің үнім — тамаша үн.
Жеткізейін жеріне
Жунглидің ағашын.

Бойымызда күш толық.
Үш мезгілді үш бөліп,
Жуынсаңдар,
Тұмсығым
Су құяды душ болып.

Жираф:

Көп ішінде, қарағым,
Мен о бастан дарамын.
Қабат-қабат үй салар
Құрылыстарға барамын.

Бойы жетпес бір аңның,
Биік қарап тұрармын.
Жұмысын мен істеймін
Жүрмей тұрған кранның!

Менен биік жоқ, тегі,
Биікте ой көктеді:
Жердегі ұлын әперем
Шешесіне көктегі!

Маймыл:

Басқа туса егер күн,
Керек бірі өнердің.
Ал мен өзім
Ағашқа
Өрмелеуге шебермін.

Алақаным көн тері,
Шаршамаймын мен тегі.
Маған болу лайық
Қараңғы орман монтері.

Сияқты алтын шоғайна
Жұлдыздары жоқ айда
Әр бұтаққа шам жағып,
Жарық берем тоғайға!

Аю:

Талай жеңгем тіресте.
Тірестер сол жүр есте.
Құмармын мен боксқа,
Құмармын мен күреске.

Кілемге көп шыққанмын:
Жығылғанмын,
Жыққанмын.
Бұл өмірдің қызығын
Күш сына деп ұққанмын.

Спортың да — бір өнер,
Оңай емес — біле бер...
Күресуді үйреткен
Болсам деймін тренер.

Кенгуру:

Еңбек шіркін еш пе еді?!
Апам тонын шешпеді.
Болатын ол кәдімгі
Бала бақша көшпелі.

Міне, осындай ананың
Сүтін емген баламын.
Мен де бала бақшаны
Өз қолыма аламын.

Сол өлеңім,
Сол әнім.
Мен бақшада қонамын.
Қайткенде де
Өз басым
Тәрбиеші боламын!

Қарға:

Мен кәдімгі қарғамын,
Өмірде жоқ арманым.
Жасамайды менен көп
Сауысқан мен тарғағың.

Күлме! Күлме, қарағым!
Құс ішінде дарамын.
Асып ширек ғасырдан
Одан да әрі барамын!

Тұғырыма қонамын,
Тіршілікті шоламын.

Бәрін жазып отырап
Шежіреші боламын!

ҚАУЛЫ НЕМЕСЕ ЭПИЛОГ


Дарын бастап жол басын,
Дұрыстықты қолдасын!
Почтальон болам деп,
Тасбақа әуре болмасын!

Ақыл сөзді тыңдасын,
Ашудан шарт сынбасын.
Әтеш әнші болам деп,
Өзін күлкі қылмасын!
Арыстан боп аң басы
Айтқан сөзді тыңдасын:
Мамандықты
Кім кім де
Өзіне сай таңдасын!

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Төрт аяқты хайуанаттардың пайдасын білесіңдер ме? Олардың қасиеттерін атаңдар.
2. Хайуанаттар жайындағы бұл өлеңде күлкілі жағдайлар бар ма? Өлеңнің оқиға-әңгімесі өздерің күн сайын көріп жүрген нәрселер ме?
3. Өлең оқиғасының қызықты екенін неден, қай өлең жолдарынан байқадыңдар?
4. Бұл өлеңді ертегі-өлең қатарына жатқызуға бола ма?
5. Автор-ақын үй хайуанаттарының бәрін де сүйкімді етіп суреттеген бе, жоқ па?
6. Хайуанаттардың да табиғат мүшесі екенін ұмытпаңдар, оларға сүйіспеншілікті арттырыңдар.

ТАБИФАТ — АНАМЫЗ



Сырбай Мәуленов

ДАЛА

Дала — бала,
Шөліккейді су тілеп.
Көк өседі дүркіреп.

Дала — бала,
Сүйеді күн шуақты.
Күн нұрына шомылса,
Болады алып қуатты.

Дала — ана,
Көргің келсе жолға шық.
Дала — егін дария
Дала асы молшылық.

Дала — ана,
Сол даламен жаның шат.
Ақ бұршақтай шашады
Балаларға бауырсақ.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Дала көрінісі қалай суреттелген?
2. «Дала-бала, дала-ана» деп неге айтылады?
3. «Дала» деген тақырыпта сурет салыңдар.
4. Өлеңді жаттап алыңдар.

НӘЗІК СЫЛДЫР

Қиыршық қызыл құм жолаушының бетіне тисе, теріс айналдырады. Керуеннің шыққанына бір-неше күн болған. Ұзақ керуеншінің бірі ояу, бірі мүлгіп, түйе үстінде тербеліп келеді. Қанша күн жүргенін де есептемейді. Бір күні аштықтан, шөлден әбден қалжыраған адам кездеседі, естүссіз жатыр екен. Бірақ керуеннің алды бұл адамға назар аудармай өте береді. Сонда керуеннің соңындағы бір шал түйесінен түсіп, ессіз жатқан адамның қасына барады. Жатқан адам: «Су?» — дейді. Аспан айналып жерге түскендей ыстық, аңызақ желмен сапырылған қиыршық құм сексеуіл түбіне ұйлығады.

Шал торсығын алып, жатқан адамның беті-қолын жуып, су ішкізеді. Әлгі адам есін жиған соң, шал оның алақанына қарап: «Сен менің жауым екенсің. Бірақ шөлде бәріміз туыспыз. Мен қартайдым. Сен жассың, суды іш те, өмір сүр», — дейді де, түйесіне мінгізіп, керуеннің соңынан жіберіпті. «Өзіңіз қайтесіз?» — десе, «Менің өмірім санаулы қалды» — дейді шал. Жолаушы керуенді қуып жетуге ентелейді. Ұясына батып бара жатқан күн де адамның жасаған жақсылығы зая кетпесе екен дегендей, ұзақ аялдайды. Бұл кезде жолаушы керуенді қуып жетеді.

Шал ақ матаға оранып, құмға жата кетеді.

Күндер, айлар өтіп, керуен кері қайтады. Жолаушыларға шексіз құмның арасынан шалқыған

су көрінеді. Таяп келсе, көл жиегі көкорай шалғын, қамыс екен. Керуеншілер шал оранған ақ жамылғыны ғана байқайды. Бұлақтың нәзік сылдыры жүректі сипағандай сезіледі. Бұлақ адамға адамның жақсылық жасаған жерінен пайда болыпты. Нәзік сылдыры жақсылықтың өшпес үні тәрізді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жатқан адам не деді?
2. Кім керуенді қуып жетті?
3. Мәтіннің тақырыбын өзгертсек, не деп қояр едіңдер?
4. Бұлақ неден пайда болыпты?

Өтепберген Ақыпбеков

ҚАРЛЫҒАШ

Білгенің жөн сенің де
Қарлығаштай құс жайлы.
Ол қажетті жемін де
Ұшып жүріп ұстайды.

Қалай жетер батылы,
Демер қандай күш оны?
Ол да суды ақыры,
Ұшып жүріп ішеді.

Үп-үшкір де,
Ұп-ұзын,
Жайып тастап қанатын.
Көрсең самғап ұшуын,
Сүйсініп-ақ қаласың.

Өлеңді жаттап алыңдар.

АҚБӨКЕН

Түс кезі еді.

«Атып алдым».

«Бұл кім? Атып алғаны не екен?» деп сыртқа шықтым.

Мылтық асынған сом денелі қара жігіт артқы санын оқ жұлып кеткен Ақбөкенді киіз үйдің көлеңкесіне тастап, мәз болып тұр.

Бөкен мойнындағы ақ лента көзіме оттай басылып, ішім удай ашыды.

—Немене, даланың жабайы аңы болғасын атым. Сенің асыранды құралайың екенін қайдан білейін.

—Менің асыранды құралайым емес. Өткен жылы ажалдан арашалап, емдеп, мына ақ лентаны мойнына байлап жібергем.

—Жаман неме, қозы баққанша, жақсы оқып, мал дәрігерлік оқуын бітір.

Оның келемежін тыңдағым келмеді. Бұл—өзім мәпелеген құралай еді-ау!..

Жусан исі аңқыған, түрлі-түсті шөптері гүл жарып, басын көтере алмай майысқан жазық дала—Бетпақ дала қойшы ауылдың қонысы еді.

Май айында кілемдей құлпырып, самал желмен теңіздей толқып, адамның ойын тербейді.

Малшы ауылдар үдере көшіп барып, қоныс теуіп жайғасқанына бір апта болып қалған.

Ауыл сыртындағы Әлібай жазығынан жалғыз құралайы бар бөкен көрдім. Жолым солай түскен соң, жақын жүруге тура келді. Құралайын ертіп қашқанымен, ұзап кетпеді. Сол маңайда жайылып

жүрді. Оның ар жағынан оншақты бөкен жортып өтіп кетті. Ол қалып қойды, ермеді. Екінші күні оның құралайы екеу екенін көрдім. Жақындап барғанымда, құралайдың біреуі бір ұмтылды да, шөгіп қалды. Екінші құралай енесімен бірге шамалы жер барып, артына қайырылып қарап тұрды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Кімдер ақбөкенге қатыгездік жасады?
2. Кімнің жазығында құралайы бар бөкен көрінді?
3. Баланы мұқатып сөйлеген кісінің сөздерін табыңдар.
4. Әңгіменің жалғасын, қанеки, өздерің жазыңдаршы.

Нұрсұлтан Әлімқұлов

ТЕРЕК

Қатар-қатар көк терек
Көкке бойлап өседі.
Жапырағы көкпеңбек
Сөнге бөлер көшені.

Көркіменен жарасар,
Сәнденеді қалалар.
Қаулап өскен ағаштар
Саясында паналар.

Көктем шыға тал, шыбық
Көк жапырақ киінген.
Биік тұрар шаншылып,
Кейбір зәулім үйіңнен.

Ызғар суық бүркісе,
Ерте түссе тауға қар.
Теректердің күз түссе,
Жапырағы сарғаяр.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Терек — сән бе?
2. Теректің, талдың саясы туралы не дейсіңдер?
3. Еліміз адамдары неге терек егуге кірісіп кетті?
4. Терек ек, тым болмаса саясында отырасың. Терек ек, ғимаратқа жарайды.
5. Өлеңді жаттап алыңдар.

ДАЛА АЙШЫҚТАРЫ

Өркешті құмдар, шұңғылдар...
Құмдарда ғажап сыңғыр бар.
Бойжеткен қыздай бұралып,
Көрсетер бойын жыңғылдар.

Таңдашы нені көксеуін
Қамығып дала төксе уіл?
Өткенді оймен өлшеген
Қарттарым сынды сексеуіл.

Күдерін көптен үзген бе?
Таптырмай кетті-ау түзден де.
Түңілген қара кемпірдей
Бүк түсіп жатыр жүзгендер.

Сағынышыңмен аралай,
Сағымды қусаң жағалай.
Есерсоқ құйын қарсы алар,
Сақ-сақ күлген баладай.

...Жалдарды жақын жанама,
Таппасаң төуір балама.
Адамға тартып тұратын
Ұқсастық бар-ау далада.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңде еліміздің қай өлкесі суреттелген деп ойлайсыңдар?
2. Өлеңді жаттап алыңдар.

ОРМАНШЫ

Күзде төзіп дауылға,
Қыста бірге мұздады.
Ормандағы қайыңдар—
Орманшының қыздары.

Ормандағы теректер—
Орманшының ұлдары.
Тұла бойын жел өпкен,
Көкті тіреп тұр бәрі.

Орман басын күн шалар,
Ашық болса аспаны.
Қарағайлар, шыршалар—
Орманшының достары.

Соңымызда жол қалсын,
Дегендей-ақ үнемі
Достарына орманшы
Бақыт тілеп жүреді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Орман ненің байлығы?
2. Қайыңды, теректі ақын кімге балап отыр?
3. «Көкті тіреп тұр бәрі» дегенді қалай ұқтыңдар?
4. Орманшының тілегі қандай?
5. Республикамыздың қай облыстарында орман бар?
6. Орманға өрт түсірме.
7. Біреу де болса, ағаш ек.

ЖАЗ ЖАЙНАТЫП



Таңжарық Жолдыұлы

ЖАЗ МЫСАЛЫ

Жаз шығып, жердің жүзі жайнағанда,
Жағалай жал-жотаны жайлағанда;
Самалды сары дөңге желі тартып,
Иректеп құлын-тайды байлағанда;
Сары қымыз саба-саба сапырылып,
Самауыр тыста тұрып қайнағанда;
Қызарып қымызбенен екі көзің,
Езілтіп бағлан етін шайнағанда;
Ел көшсе екі-екіден ән салысып,
Көш жанып, жастар жылқы айдағанда;

Алма, өрік, таңқурайлар сайда пісіп,
Мұңданып, бұлбұл, торғай сайрағанда;
Тоқылдақ тыным таппай ағаш қашап,
Тұмсығын оңды-солды қайрағанда;
Жүн сабап, өлең айтып, ән шырқатып,
Жиылып қыз-бозбала ойнағанда;
Айта алмай ішкі сырын іштен тынып,
Тесіліп көз қараудан тоймағанда;
Сандалып сағым-қиял сансыз түрге,
Қыздырып өз еркіне қоймағанда;
Саяткер бозбаланың уақыты сол
Ат шауып, көкпар тартып тоймағанда;
Бас қосып екі кісі келсе үйге,
«Бір малды несі бар, — деп, — соймағанда».
Жалғанның жарым бейіш жаннаты екен
Қызығын жазды күннің ойлағанда.
Ел көшер таң қылаңдай дыбырласып,
Түнімен жатқан жандар қыбырласып.
Бозбала жылдам-жылпаң қызуланып,
Шешініп, жүк артысып, қимылдасып.
Шуласа қорада қой, сыртта сиыр,
Желіде айғыр-бие қыңылдасып.
Қалың көш үздік-создық жөнелгенде,
Қақтығып байлау-бақан дыңылдасып.
Ит үріп, бала жылап, өгіз тулап,
Жүк ауып, оны басып, сиыр қашып.
Бұрын кеп ақсақалдар қоныс шалып,
«Болсын — деп, — жайлау жайлы» ырымдасып.
Бастыра көк шалғынды жүк түсіріп,
Дем алып, сусын жұтып, тынымдасып,
Көтертіп бір жігітке шаңырақты,
Қыз, қатын уық шаншып, қымыңдасып.

Бұзаудай жетелеген қырылдасып.
Құлпырып жердің жүзі оңалғанда,
Салқынмен шырылдатып шөп орғанда;
Тал гүлдеп, гүлдер өсіп, бұлбұл сайрап
Жер жүзі жасыл кілем боп алғанда.

Тапсырма

Жаз маусымындағы тіршілік иелерінің әрқайсысының қимыл-әрекеттерін өлең жолдарынан табыңдар.

Мәдіхат Төрежанов

ЖАСАНДЫ ЖАҢБЫР

Шаймерденнің атасы ұжымшардың бау-бақшасын күтеді. Бірде қаладан келген немересін бақшаға алып келді. Жаз шыққалы бір тамшы жаңбыр жаумай, үлкендер:

—Жаңбыр жоқ, жер құрап барады. Биыл құрғақшылық болмаса, жарар еді?!—деген қауіптерін жиі айтып жүр.

Тал түс. Күннің көзі шақырайып, күйдіріп тұр. Атасы Шаймерденді көлеңкеге отырғызды да, бақшаны аралап кетті. Бір кезде жаңбыр жауды. Шаймерден қараса, жаңбыр аспаннан жаумай, жеміс-жидектердің бойымен тартылған трубалардың бойынан себелеп тұр.

Шаймерден екі қолын шапалақтап:

—Ата, ата, алақай, алақай! Жерден жаңбыр жауды!—деп, атасының жанына жетіп келді.

—Мен күн сайын жаңбыр жауғызып жүрмін. Мұндағы жаңбырдың жауу-жаумасы менің қолымда.

—Қалай сіздің қолыңызда? Бұлтсыз жаңбырды қалай жауғызасыз?

Атасы кранды бұрап еді, барлық құбырлардан кәдімгі жаңбыр секілді су себеледі. Шаймерден рахаттана қарап, жаңбырдың астында біраз тұрды.

—Ата, неге егінге жаңбыр жауғызбайсыз?

—Егінжайға қолдан жаңбыр жауғызып, мол астық алу үшін көп жұмыс керек,—деді атасы.— Мүмкін, ержеткен соң сен сүйтерсің! Шаймерден ойланып қалды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жасанды жаңбыр не?
2. Бұл әдіс елімізде пайдаланылып жатыр ма?
3. Шаймерден неге ойланып қалды?

Мұқағали Мақатаев

КҮН ҰЯЛАП...

Күн — көзіне ұялап көк көлдердің,
Тамшысында диқандар төккен тердің.
Бар тіршілік бойына қан жіберіп,
Өз міндетін қалтқысыз өткерген күн.

Күн көзінен төгіліп, тамған нұрдан,
Бүкіл тірлік оянып, арман құған.
Күннің шипа шуағы сипап өтсе,
Көрі еменді, қуарған, жандандырған.

Көктемде қарсы алып шуақ күнді,
Көк пен жерге керемет қуат кірді.
Жасыл шапан жамылып мауытыдан,
Ескі тонын ер өлкем лақтырды.

Оятуда барлығын күн шуағы,
Ойға түсті, қыр асты, тыншымады.

Күзден бергі ұйықтаған көк егіннің,
Кіп-кішкентай құлағын шымшылады.

Шағылысып бастаудың тұнығымен,
Бірдей ойнайды құлынның тұлымымен.
Жасантқалы жайлауды бара жатыр,
Бірде ілесіп жылқышы құрығымен.

Өлеңді жаттап алыңдар.

Мұхтар Шаханов

ДОСТЫҚ ӨЛКЕСІНІҢ ЗАҢЫ

Алдымызға қанша сауал тосылды,
Өмір бізде ерте үйірді биіне.

Сәби кезім.

Бірге ойнайтын досымды
Ертіп бардым нағашымның үйіне.

Сәбилік шақ!

Сүттей аппақ кезең бұл,
Аңғал, бейқам, бал бұлақтай сыңғырлы.
Досым «Киіп көремін» деп әжемнің
Аңдаусызда көзәйнегін сындырды.

Енді қайттік?

Амал-айла азайып,
Құтылуға өткел іздеп тарықтық.
Досым менің ұяң еді ғажайып,
Әжем өте қатал еді, жарықтық.

— Бала мұнша бола ма екен мазасыз,
Қане, қайсың көзәйнекті сындырған? —
Деді әжеміз, — қалдырмаймын жазасыз,
Сындырған кім?! Алдыма кеп тұр жылдам!

Енді қайттік?
Кім ұсынбақ көмегін?
Бұл қырсықтан құтқармақ боп досымды:
— Мен сындырдым, кешіріңіз... мен едім... —
Дедім үнсіз төмен салып басымды.
Бір ерекше дүлей мінез тосып ек,
Шіркін, адам табиғаты-ай сан қырлы.
Қанша ашулы болғанымен, осы рет
Әжем мені жазалаусыз қалдырды.

Лезде қайта көтеріліп еңсеміз,
Көңіліміздің айдынында күн жүзді.
Сол сәтте інім сыбыр етті:
«Сенбеңіз,
Көзәйнекті қонақ бала сындырды».

Әжем кенет ашу буып күйгелек,
Ашу буып, аң-таң болып қалды да:
— Жүр бері, — деп құлағымнан сүйрелеп,
Ертіп барды нағашымның алдына.
— Қой, бәйбіше, дау тудырма бекерге, —
Деп нағашым әңгімесін жалғады, —
Айып па екен, өзін беріп қатерге,
Ер жігіттің досын қорғап қалғаны.

Достық деген ізгіліктің алаңы,
Оған куә ғасырлар мен замандар.
Отанын да сатып кете алады
Қиын шақта досын сатқан адамдар!

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңде не туралы айтылған?
2. Қонақ баланы досы қалай қорғап алды?
3. Өлеңнің ең соңғы шумағын жаттап алыңдар.

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|---|
| Өзбекстан Республикасының мемлекеттік әнұраны | 3 |
|---|---|

Дәулетті елім — сәулетті елім

| | |
|--|----|
| Өзбекстан Республикасының мемлекеттік рәміздері. <i>А. Рахманұлы</i> | 4 |
| Отан туы. <i>М. Омарұлы</i> | 7 |
| Мерейің үстем болғай, туған ел. <i>М. Мұратұлы</i> | 9 |
| Отан. <i>М. Омарұлы</i> | 12 |

Таңғажайып алтын күз

| | |
|---|----|
| Қыркүйектің таңы атты. <i>Н. Карбозин</i> | 14 |
| Ауыл күзі. <i>Т. Жароков</i> | 16 |
| Жолы болсын. <i>Т. Молдағалиев</i> | 18 |
| Күз көріністері. <i>Ә. Күз көріністері</i> | 19 |
| Оқымысты шал. <i>Ұ. Доспанбетов</i> | 21 |
| Қауын. Қарбыз. <i>Өлеңдер</i> | 24 |
| Нағыз байлық. <i>Әңгіме</i> | 25 |
| Жолбарыс пен қасқыр және түлкі. <i>Ертегі</i> | 27 |
| Нан. <i>Ө. Қожамұратов</i> | 33 |
| Төрт түлік туралы түсінік. <i>Өлең</i> | 35 |

Туған жер аясында

| | |
|--|----|
| Алтын ұрпақ. <i>М. Омарұлы</i> | 39 |
| Туған жер. <i>Ө. Қожамұратов</i> | 41 |
| Тәуелсіздік балалары. <i>Қ. Рақмет</i> | 44 |
| Туған жер. <i>Қ. Мырза Әли</i> | 48 |
| Әке ақылы. <i>Құл-Керім Елемес</i> | 49 |
| Жер. <i>Ө. Қожамұратов</i> | 51 |

Еңбек түбі — береке

| | |
|---|----|
| Еңбектің бәрі мамандық. <i>Н. Айтов</i> | 52 |
| Еңбек жемісі. <i>Б. Әділов</i> | 53 |
| Ботинка, шұжық, балқаймақ. <i>Ә. Дүйсенбиев</i> | 55 |
| Жалбыздының жағасында. <i>М. Байғұтов</i> | 60 |
| Бір уыс мақта. <i>Қ. Рақмет</i> | 63 |
| Жасанды жерсерігі | 65 |

Әлемге мәшһүр бабалар

| | |
|--|----|
| Әбу Насыр әл-Фараби | 67 |
| Даналық | 68 |
| Махмұд Қашқари | 70 |
| «Диуани лұғат ат-түрк» жинағынан үзінділер | 71 |
| Жүсіп Баласағұн | 72 |
| «Құтты білім» дастанынан үзінділер | 72 |
| Мір Әлішер Фиёсиддинұлы Науаи. <i>М. Омарұлы</i> | 73 |
| Көңілдердің сүйгені. <i>Ә. Науаи</i> | 77 |

Халық ауыз әдебиеті

| | |
|--|----|
| Әй, әй, бөпем | 80 |
| Бесікке бөлеу | 81 |
| Тілек | 81 |
| Айналайын баладан | 82 |
| Кім күшті | 84 |
| Жыл құсын көргенде | 85 |
| Жығылғанда | 86 |
| Әр нәрсенің пірі бар, қолдаушысын біліп ал | 87 |
| Мақалдар | 88 |
| Нақыл сөздер | 91 |
| Жұмбақтар | 92 |
| Жаңылтпаштар | 94 |

Қызыққа толы қыс айы

| | |
|----------------------------------|-----|
| Қыс. <i>Ә. Қожамұратов</i> | 95 |
| Қар. <i>С. Шаймерденов</i> | 96 |
| Қыс. <i>Ә. Асылбеков</i> | 98 |
| Боран. <i>М. Әуезов</i> | 98 |
| Сең. <i>Н. Қазыбеков</i> | 100 |
| Қызыққа толы қыс айы | 102 |

Ерте, ерте, ертеде

| | |
|---|-----|
| Дүниеде жамандық неден? <i>Ы. Алтынсарин</i> | 104 |
| Үш ақыл. <i>С. Сарай</i> | 108 |
| Ешкі туралы ертегі. <i>С. Оспанұлы</i> | 110 |
| Түлкі мен қасқыр. <i>Қ. Исаев</i> | 114 |
| Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай | 116 |
| Ақымақ қасқыр | 123 |
| Қасқыр қалай дәрігер болғаны туралы ертегі. <i>Ә. Абиджан</i> | 124 |
| Мысал | 129 |

Әдеп пен әдемілік

| | |
|--|-----|
| Жақсы мінез бен жаман әдеттер туралы <i>Ә. Науаи</i> | 130 |
| Сыпайылық пен әдеп жайлы | 130 |
| Әңгіме | 131 |
| Қара сөздер. Алтыншы сөз. <i>Абай</i> | 132 |
| Кітап — мәңгі мұра. <i>Қ. Саматұлы</i> | 134 |
| Мақтанады неге балға мен шеге? <i>Қ. Мырзалиев</i> | 137 |
| Не деу керек? <i>Ә. Дүйсенбиев</i> | 140 |
| Қонақта. <i>Ж. Кәрбозин</i> | 141 |
| Қолға су құю | 142 |
| Үш саны. <i>С. Кенжеахметұлы</i> | 144 |
| Жеті қазына | 146 |
| Алғашқы алғыс. <i>К. Әмірбеков</i> | 147 |

Өткен күндер

| | |
|---|-----|
| Қорқыт ата туралы аңыз | 148 |
| Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлы. <i>М. Омарұлы</i> | 150 |
| Қанжығалы Бөгенбай. <i>А. Сатаев</i> | 151 |
| Қаракерей Қабанбай. <i>Қ. Толыбаев</i> | 152 |
| Шанышқылы Бердіқожа батыр. <i>М. Мағауин</i> | 154 |
| Сырым батыр | 157 |
| Ер намысына қарай шабады | 157 |
| Тасып жүргенім жоқ | 158 |
| Тайманның ұлы — Исатай. <i>М. Неталиев</i> | 159 |
| Үш бірлікті ұштастырғандар. <i>Н. Оразалин</i> | 162 |
| Үш би. | 162 |

Кәсіптің бәрі жақсы

| | |
|---|-----|
| Кәсіптер иісі. <i>Ж. Родари</i> | 164 |
| Кәсіптер түсі | 165 |
| Малдың тілін баққан біледі. <i>М. Төрежанов</i> | 166 |

Ұлылардан ұлағат

| | |
|--|-----|
| Бай баласы мен жарлы баласы | 169 |
| Көркемтай. <i>С. Дөнентаев</i> | 173 |
| Әжемнің әңгімесі. <i>М. Әуезов</i> | 185 |

Күлімде, күн, күлімде

| | |
|---|-----|
| Көктем. <i>Зульфия</i> | 191 |
| Күлімде, күн, күлімде. <i>Қ. Толыбаев</i> | 192 |

| | |
|--|-----|
| Кім ойлап тапқан? Қ.Жұмағалиев | 195 |
| Жаңбыр. Мұса Жәлел | 196 |
| Қасқыр мен лақтар. Орыс ертегісі | 197 |
| Ән жұлдызы. А.Рахманұлы | 200 |
| Сүт. Т.Момбекұлы | 203 |
| Төлдер дауы. Б.Серікбаев | 205 |
| Ақ қайың. Т.Дәуренбеков | 207 |

Әзіліміз жарасса

| | |
|--|-----|
| Сүт қалай ұйықтады? О.Әубәкіров | 211 |
| Жібек құрты мен өрмекші С.Сауытбеков | 212 |
| Тіл алғандар | 213 |
| Аққу, шортан, шаян. И.А.Крылов | 213 |
| Қожаның қызық әңгімелері | 214 |
| Қожаның теңізшілерге айтқан ақылы | 214 |
| Не болғанын— үйдің төбесінен құлап көрген біледі | 214 |
| «Кейінгі ұрпақ жейді» | 215 |
| «Алдымен бағасына келісейік, құйрық ешқайда қашпайды» | 215 |
| Хайуанаттар әлемі | 216 |
| Күн тәртібі немесе пролог | 216 |

Табиғат — анамыз

| | |
|-------------------------------------|-----|
| Дала. О.Мәуленов | 222 |
| Нәзік сылдыр. М.Көккөзов | 223 |
| Қарлығаш. Ө.Ақылбеков | 224 |
| Ақбөкен | 225 |
| Терек. Н.Әлімқұлов | 226 |
| Дала айшықтары. Н.Жарбосынұлы | 227 |
| Орманшы. Т.Молдағалиев | 228 |

Жаз жайнатып

| | |
|--|-----|
| Жаз мысалы. Т.Жолдыұлы | 229 |
| Жасанды жаңбыр. М.Төрежанов | 231 |
| Күн ұялап... М.Мақатаев | 232 |
| Достық өлкесінің заңы. М.Шаханов | 233 |

О-52 **Оқу кітабы:** Жалпы орта білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық (Авторлар: М. Омарұлы (және басқ). Төртінші басылымы. –Т.: «O‘zbekiston», 2013. –240 б.

І. Омарұлы М. және басқ.

ISBN 978-9943-01-085-7

УЎК: 811.512.133(075)

КБК 81.2 Қаз-93

O‘quv nashri

Маҳкамбой О‘маро‘ғ‘ли, Abduraxmon Isaboyev,
Turdiboy Qaldiboyev, Ergash Abduvalitov

O‘QISH KITOB

Umumiy o‘rta ta‘lim maktablarining 4-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

To‘rtinchi nashr

Original-maket «O‘zbekiston» nashriyot-matbaa ijodiy uyida tayyorlangan.
100129, Toshkent, Navoiy ko‘chasi, 30

Редакторы *Г. Нишанова*
Керкемдеуші редакторы *Х. Мехмонов*
Мұқаба суретшісі *Ш. Мирфаёзов*
Техникалық редакторы *Л. Хижова*
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АІ № 158, 14.08.09.
Басуға 2013 жыл 6 июнда рұқсат етілді.
Пішімі 70×90^{1/16}. Кеглі 14, 12 шпонды.
Офсеттік қағаз. «Pragmatica Kazakh» гарнитурасы.
Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 17,55.
Есепті баспа табағы 19,82. Таралымы 5297 дана.
Тапсырыс №

«Yangio‘l Poligraf Servis» ЖШҚ баспаханасында басылды.
112001, Ташкент облысы, Янгийул ауданы, Самарқан көшесі, 44.

Тел./факс: (8 370 60) 3-23-61
www.yps.uz. e-mail info@yps.uz

**Пайдалануға берілген оқулықтың
жағдайын көрсететін кесте**

| № | Оқушының аты, фамилиясы | Оқу жылы | Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы | Сынып жетекшісінің қолы | Оқулықты тапсырғандағы жағдайы | Сынып жетекшісінің қолы |
|---|-------------------------|----------|--|-------------------------|--------------------------------|-------------------------|
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| 3 | | | | | | |
| 4 | | | | | | |
| 5 | | | | | | |
| 6 | | | | | | |

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау критеріі негізінде толтырады.

| | |
|--------|---|
| Жаңа | Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай |
| Жақсы | Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған. |
| Орташа | Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жыртылған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған. |
| Нашар | Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды. |